

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
JOURNALISM Series
Серия ЖУРНАЛИСТИКА

№2(151)/ 2025

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2025
Astana, 2025

Бас редакторы: Қайрат Сақ, *филол.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары: Амангелді Шурентаев, *PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары: Татьяна Лебедева, *филол.ғ.д., профессор Еуропа PR институтының атқарушы директоры, Франция, Париж*

Редакция алқасы:

Авшар Закир	PhD, профессор, Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Алиев Вугар	PhD, профессор, Баку мемлекеттік университеті, Әзербайжан
Асанов Камашке	филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан
Әбішева Вера	филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан
Әуесбай Қанат	филол.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Әшірбекова Гүлмира	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Байғожина Дана	PhD, қауымд. профессор м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Гавра Дмитрий	ә.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей
Есдәулетов Айтмұханбет	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Есенбекова Ұлбосын	филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Зор Локман	PhD, қауымдастырылған профессор, Нийде Өмер Халисдемир университеті, Түркия
Кендірбай Гүлнар	PhD, профессор, Колумбия университеті, Нью-Йорк, АҚШ
Қуантаев Нұржан	филол.ғ.к., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ниязғұлова Айгүл	PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
Окай Айдемир	PhD, профессор, Абант Иззет Байсал ат. Болу университеті, Түркия
Омаров Бауыржан	филол.ғ.д., профессор, ҚР Президентінің кеңесшісі, Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры, Астана, Қазақстан
Пронин Александр	филол.ғ.д., профессор, Гранада университеті, Испания
Сайлауқызы Алма	PhD, Adjunct Assistant профессоры, MNU, Астана, Қазақстан
Сердәлі Бекжігіт	филол.ғ.к., профессор, Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
Тахан Серік	филол.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тоқтағазин Мұратбек	филол.ғ.к., проф. м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тұржан Оңайгүл	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Халилов Әбдігани	PhD, профессор, Ж.Баласағұн ат. Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан
Шестеркина Людмила	филол.ғ.д., профессор, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Челябин, Ресей
Шиндалиева Меңдігүл	филол.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Техникалық хатшы: Рима Шакуова

IT-маман: Нұржан Көшкенов

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6, 304 каб.
Тел.: +7(7172) 709-534, (ішкі: 35 301). **Сайт:** buljourn.enu.kz. **E-mail:** vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.

15.02.2021 ж. № KZ07VPY00032398 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 17 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі 31-413)

Editor-in-Chief: Kairat Sak, *Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief: Amangeldy Shurentayev, *PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief: Lebedeva Tatiana, *Doctor of Philology, Prof., European PR Institute, Paris, France*

Editorial board:

Avshar Zakir	PhD, Professor, Hadji Bayram Veli University, Ankara, Türkiye
Aliev Vugar	PhD, Professor, Baku State University, Azerbaijan
Asanov Kamashke	Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan
Auesbay Kanat	Candidate of Philology, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Baigozhina Dana	PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Gavra Dmitry	Doctor of Sociological Sciences, Professor, Saint Petersburg State University, Russia
Yesdauletov	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aitmukhanbet	
Yessenbekova Ulbossyn	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zor Lockman	PhD, Associate Professor, Nigde Omer Halisdemir University, Türkiye
Kendirbai Gulnar	PhD, Professor, Columbia University, New York, USA
Kuantayev Nurzhan	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Niyazgulova Aigul	PhD, Professor, International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan
Okay Aydemir	PhD, Professor, Abant Izzet Baysal University, Bolu, Türkiye
Omarov Bauyrzhan	Doctor of Philology, Professor, Advisor to the President of the Republic of Kazakhstan, Professor, Department of TV, Radio and Public Relations, Astana, Kazakhstan
Pronin Alexander	Doctor of Philology, Professor, University of Granada, Spain
Sailaukyzy Alma	PhD, Adjunct Assistant Professor, Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan
Serdali Bekzhigit	Candidate of Philology, Professor, A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan
Takhan Serik	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Turzhan Ongaigul	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Khalilov Abdigani	PhD, Professor J. Balasagun Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof., South Ural State University, Chelyabinsk, Russia
Shindaliyeva Menlikul	Doctor of Philology, Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan

Executive Secretary: **Gulzhazira Yertasova**

Technical Secretary: **Rima Shakuova**

IT Specialist: **Nurzhan Koshkenov**

Editorial office address: 6, Yanushkevicha str., Astana, Kazakhstan, office 304, 010008.

Tel: +7(7172) 709- 534, (internal: 35 301). Website: buljourn.enu.kz. E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.

Rediscount certificate

№KZ07VPY00032398 dated 15.02.2021.

Periodicity: 4 times a year. Circulation: 17 copies.

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор: Кайрат Сак, к.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам. главного редактора: Шурентаев Амангельды, PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам. главного редактора: Лебедева Татьяна, д.филол.н., проф., Европейский институт PR,
Париж, Франция

Редакционная коллегия:

Авшар Закир	PhD, профессор, Университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция
Алиев Вугар	PhD, профессор, Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Асанов Камашке	д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
Абишева Вера	д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
Ауесбай Канат	к.филол.н., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Аширбекова Гулмира	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Байгожина Дана	PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Гавра Дмитрий	д.соц.н., профессор, Санкт-Петербургский государственный университет, Россия
Есдаулетов Айтмуханбет	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Есенбекова Улбосын	к.филол.н., ассоциированный профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зор Локман	PhD, ассоциированный профессор, Университет Нийде Омер Халисдемир, Турция
Кендирбай Гульнар	PhD, профессор, Колумбийский университет, Нью-Йорк, США
Куантаев Нуржан	к.филол.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Ниязгулова Айгуль	PhD, профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан
Окай Айдемир	PhD, профессор, Университет Абант Иззет Байсал, Болу, Турция
Омаров Бауыржан	к.филол.н., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан д. филол. н., профессор, советник Президента РК, профессор кафедры телерадио и связей с общественностью, Астана, Казахстан
Пронин Александр	д.филол.н., профессор, Университет Гранады, Испания
Сайлауқызы Алма	PhD, Adjunct Assistant профессор, MNU, Астана, Казахстан
Сердали Бекжигит	к.филол.н., профессор, Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан
Тахан Серик	д.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Токтагазин Муратбек	к.филол.н., и.о. профессора, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Туржан Онайгул	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Халилов Абдигани	PhD, профессор, Кыргызский гос. университет им. Ж. Баласагуна, Бишкек, Кыргызстан
Шестеркина Людмила	д.филол.н., профессор, Южно-Уральский государственный университет, Челябинск, Россия
Шиндалиева Менликул	д.филол.н., профессор, Университет «Туран», Алматы, Казахстан

Ответственный секретарь: **Гульжазира Ертасова**

Технический секретарь: **Рима Шакуова**

IT-специалист: **Нуржан Кошкенов**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Янушкевича, 6, каб.304

Тел.: +7(7172) 709- 534, (внутренний: 35 301). Сайт: buljourn.enu.kz. E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ07VPY00032398 от 15.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 17 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПУБЛИЦИСТ ШЕБЕРЛІГІ/ МАСТЕРСТВО ПУБЛИЦИСТА/ THE SKILL OF A PUBLICIST

Қ.Д. Асанов, Г.С. Амангелдиева, Н.М. Әбікеева. Ғылыми-танымдық журналистика: Евней Бөкетовтің публицистік мұрасы.....	
K.D. Asanov, G.S. Amangeldiyeva, N.M. Abikeeva. Scientific and educational journalism: the journalistic legacy of Evney Buketov.....	
Қ.Д. Асанов, Г.С. Амангелдиева, Н.М. Абикуеева. Научно-познавательная журналистика: публицистическое наследие Евнея Букетова.....	7

КІТАПТАНУ / КНИГОВЕДЕНИЕ/ BIBLIOLOGY

Н.Б. Денгельбаева. Ақпарат кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі.....	
Н.Б. Денгельбаева. Роль библиотек в формировании информационного пространства	
N.B. Dengelbayeva. The role of libraries in shaping the information space.....	23

БАСПА ІСІ/ ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО/ PUBLISHING

Қ.М. Мұқатаева, А.Ә. Рамазан. Кітап индустриясына инвестиция тартудың жаңа жолдары	
К.М. Мукаатаева, А.А. Рамазан. Пути привлечения инвестиций в книжную индустрию	
K.M. Mukataeva, A.A. Ramazan. New ways to attract investments in the book industry.....	33

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ / СМИ И ОБЩЕСТВО/MEDIA AND SOCIETY

S.Z. Tasbolat. Coverage of domestic violence issues on the pages of the “Adyrna” portal.....	
С.З. Тасболат. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің «Адырна» парақшасындағы көрінісі.....	
С.З. Тасболат. Освещение проблем домашнего насилия на страницах портала «Адырна»	49
Д. Қастай, Н. Алчинова. Заманауи коммуникация динамизмі: Париж олимпиадасындағы медиа этика мәселелері.....	
Д. Кастай, Н. Алчинова. Динамизм современной коммуникации: проблемы медиаэтики на Парижской олимпиаде.....	
D. Kastay, N. Alchinova. Dynamism of modern communication: problems of media ethics at the Paris Olympics.....	62
Б.Қ. Қапасова, С.Т. Елікпаев, Н. Қуантайұлы. Отандық БАҚ-тың технологиялық және саяси факторлары.....	
Б.К. Капасова, С.Т. Еликпаев, Н. Куантайұлы. Технологические и политические факторы в отечественных СМИ.....	
B.K. Kapasova, S.T. Elikpaev, N. Kuantaiuly. Technological and political factors in domestic media	84
А.И. Майлыбаева, М.Б. Тоқтағазин, Н.К. Сиязбаев. Қазақстан бұқаралық коммуникация құралдарындағы билингвизм мәселелері.....	
A.I. Mailybayeva, M.B. Toktagazin, N.K. Siyazbaev. Issues of bilingualism in Kazakhstan's mass communication media.....	
А.И. Майлыбаева, М.Б. Токтагазин, Н.К. Сиязбаев. Проблемы билингвизма в казахстанских средствах массовой коммуникации.....	95
Г.А. Есімова, Г.Ш. Әшірбекова. Сайлау контексінде post-truth манипуляциясы мәселелері	
Г.А. Есимова, Г.Ш. Аширбекова Проблемы post-truth манипуляций в контексте выборов	
G.A. Yessimova, G.Sh. Ashirbekova Problems of post-truth manipulation in the context of election	108

ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА / NEW MEDIA

- А.О. Есдаулетов, А.М. Шурентаев, А.Е. Ыскак.** Литературные блоги как феномен цифровой культуры в информационном пространстве.....
А.О. Есдаулетов, А.М. Шурентаев, А.Е. Ысқақ. Ақпараттық кеңістіктегі әдеби блогтар: цифрлық мәдениет феномені.....
A.O. Yesdauletov, A.M. Shurentayev, A.E. Yskak. Literary blogs as a phenomenon of digital culture in the information space..... 120
- А.А. Абдралилов, А.Б. Альжанова.** Гибридные технологии подачи информации в интернет-пространстве Казахстана: синергия и противоречия.....
А.А. Абдралилов, А.Б. Альжанова. Қазақстан интернет кеңістігіндегі ақпарат берудің гибриді технологиясы: синергия және қайшылықтар.....
A. A. Abdrassilov, A.B. Alzhanova. Hybrid technologies of information delivery in the Internet space of Kazakhstan: synergy and contradictions..... 134
- Л.И. Мұхамедиева, Г.Ж. Ибраева, К.А. Ауесбай.** Современные виртуальные риторы: синтез традиционных и новых практик.....
Л.И. Мухамедиева, Г.Ж. Ибраева, Қ.А. Әуесбай. Қазіргі виртуалды риторилер: дәстүр мен жаңашылдық синтезі.....
L.I. Mukhamadiyeva, G.Zh. Ibrayeva, K.A. Auesbay. Modern virtual rhetors: synthesis of traditional and new practices..... 145
- Ж. Секей, А.С. Хибадуллина, Г. Сағындықызы.** Ақпараттық кеңістіктегі нейрондық желілер: медиалық мүмкіндіктер, мәселелері мен болашағы.....
Ж. Секей, А.С. Хибадуллина, Г. Сағындықызы. Нейронные сети в информационном пространстве: возможности, проблемы и перспективы для медиа.....
Zh. Sekey, A. Khibadullina, G. Sagyndykkyzy. Neural networks in the information space: opportunities, challenges, and perspectives for media..... 162

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ / ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ / HISTORY OF JOURNALISM

- U. Saidyrakhman, G. Akseit.** The Ideological Struggle of «Yash Turkistan»: an Alternative Perspective Against Soviet Propaganda (Based on Issues No. 1-13).....
Ұ. Сәйдірахман, Г. Ақсейіт. «Яш Түркістан» журналының идеологиялық күресі: кеңестік насихатқа қарсы балама көзқарас (1-13 сандары материалдары негізінде).....
У. Сайдирахман, Г. Аксеит. Идеологическая борьба журнала «Яш Туркестан»: альтернативный взгляд против советской пропаганды (на основе материалов в номерах 1-13)..... 176



XҒТАР 19.41.09

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-7-22>

Ғылыми-танымдық журналистика: Евней Бөкетовтің публицистік мұрасы

Қ.Д. Асанов^{ID}, Г.С. Амангелдиева^{ID}, Н.М. Әбікеева^{ID}

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: gulmira.sabyr@mail.ru)

Аңдатпа. Ғылыми зерттеу жұмысы еліміздегі ғылыми-танымдық журналистиканың қалыптасуы мен дамуына әсер еткен публицист-ғалымдардың еңбектері мен олардың ғылыми публицистиканы қалыптастырудағы рөлі мен стильдік ерекшеліктерін зерттейді. Ғылыми тақырыпты зерттеу барысында қазіргі заманғы экологиялық журналистика, фактчекинг элементтері де қарастырылды. Ғалым, академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің ғылыми-танымдық журналистикаға қосқан үлесі, шығармашылығындағы тақырыптық ерекшеліктері мен негізгі идеялары назарға алынған. Сонымен қатар, ғылыми-танымдық журналистикадағы жаңашылдықтар мен дәстүрлер, қазіргі кезеңдегі ақпараттық құралдар мен олардың қоғамдағы рөлі талданған. Зерттеу жұмысының негізгі міндеті - Е.А.Бөкетовтің публицистикалық мұрасын зерделей отырып, оның ғылыми журналистикаға қосқан үлесін талдау және осы бағытта жаңа идеялар мен бағыттарды ұсыну. Зерттеу жұмысында ғылыми-тарихи объективтілік сақтала отырып, оның шығармашылығын түрлі ғылыми әдістермен зерттеу тәсілдері қарастырылған. Зерттеу ғылыми-танымдық журналистикамен қатар қаламгер этикасын Евней Арыстанұлы Бөкетов мысалында қарастырады. Ғылыми журналистиканың негізгі қағидаттары – нақтылық, дәйектілік және болашаққа болжам жасаудың маңыздылығына тоқталып, Евней Бөкетовтің қаламгерлік қарымы мен публицистік мұрасы зерттелген. Жұмыстың негізгі нәтижелерінің бірі ғалымның 1950-1985 жылдар аралығында жарияланған мақалалары мен басқа да ғылыми жұмыстарының тарихи мазмұны мен маңызы сараланып, ғылыми-танымдық журналистиканың өзекті мәселелері мен оның ұлттық публицистикамен сабақтастығы зерттелген.

Түйін сөздер: ғылыми-танымдық журналистика, ғылыми болжам, фактчекинг, ұлттық публицистика, публицист мұрасы

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастауында негізі қаланған қазақ журналистикасының түп-тамыры публицистік ой мен қаламгерлік шеберлікке негізделді. Қоғамды алаңдатқан, іштей жегідей жеген мәселелерді көтеру арқылы көрініс тапқан қазақ публицистикасы ел мен жер, тіл мен діл, салт-дәстүр, білім және ғылым тақырыптарын қамтыды.

Қазақ журналистикасының корифейі Н.Омашев «Батыр бабаларымыз елін, жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаса, өткен ғасыр басында қазақтың оқыған азаматтары өршіл рухымен, қалам қайратымен ел іргесінің бүтін болуына барын салды» дейді [1, 4б.]. Заман ыңғайына қарай, бірі ұстаз, бірі дәрігер, ғалым болып жүріп, тұтас ұлттың қамын жеген публицист-журналистер, орыс ғалымдары В.В.Перевалов пен М.Ф.Ненашев еңбектерінде көрсетілгендей, журналистиканың ақпарат берумен бірге рухани-идеологиялық қызметін қатар атқарды [2, 186б.].

Қазақ журналистикасының бастауында тұрған тұлғалардың әрқайсысы белгілі бір саланың білікті маманы болды. Алаштанушы, журналист-ғалым Қ.Сақ «Қазақ журналистикасының тарихындағы ең айшықты кезең – Алаш кезеңі. Өйткені ол уақыттағы баспасөз тек газет қызметін ғана емес, қоғамдағы басқа да басқару институттарының да қызметін қатар атқарды. Мысалы, ол Парламенттің, атқарушы биліктің, оқу-ағарту, ғылым және білім министрлігінің де қызметін де арқалады» деп баға береді [3]. Демек, журналистика ақпарат таратумен қатар қоғамның сауатын ашатын, білім-ғылымға жол бастайтын ақпарат көзі. Жалпы, қазақ қоғамындағы журналистиканың қалыптасып дамуы ақпараттық қызметімен қатар, халық сауатын ашу, біліктілік әлеуетін арттыру мақсатындағы ғылыми бағытты да көкседі.

Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев публицистикасының ерекшеліктерін зерттеген М.И. Фетисовтың жұмысы жөнінде М. Қаратаев пен А. Брагин «М.И. Фетисов сосредоточил свое внимание на самых дорогих для казахского народа деятелей прошлого – Чокане Валиханове, Ибрае Алтынсарине, Абая Кунанбаеве. В их многогранном творчестве он исследует преимущественно публицистическую сторону, не отрывая ее от науки – у Чокана, от педагогики – у Ибрая, от поэзии – у Абая» деп баға береді [4, 6б.]. Қазақтың маңдайына біткен дана тұлғаларының публицистикасын зерттей отырып, олардың ғылыми негіздемесінен алыстап кетпейді. Қазақ қоғамында ғалымдығы мен публицистикасы қатар жүрген тұлғалар аса көп емес. Соған қарамастан, олардың еңбектеріндегі ғылыми дәлдік пен ұлтқа деген жанашырлық, журналистика мәртебесін көтере түседі. Шоқан Уәлихановтың, Қаныш Сәтбаевтың ізін жалғаған, қаламгерлік қыры мен ғылыми қабілеті қатар келіскен асқар тау тұлғалардың бірі Евней Арыстанұлы Бөкетов.

Химик ғалым Е.Бөкетов қазақ публицистикасының аса маңызды да қажет саласы ғылыми-танымдық журналистиканы өрбітті. Оның публицистік мұрасының басты түйіндері ұрпақты парасаттылық, адамгершілікке тәрбиелеу, ғылым мен білімді меңгеріп, Отанына қалтқысыз қызмет етуге шақыру, сондай-ақ табиғи қазыналарымыздың қадіріне жетіп, табиғат пен рухани құндылықтардың қасиетін бағалауға бағытталды.

Зерттеу жұмысының мақсаты кәсіби журналист болмаса да, қаламы жүйрік, сана деңгейі биік тұлғаның жазу шеберлігі мен стильдік ерекшелігіне назар аудару. Оның публицистикасының ерекше қыры - химия маманы бола тұрып, қоғамның өзекті деген тақырыптарын, білім-ғылым саласындағы проблемалық мәселелерді көтеруінде. Себебі, ойшыл-ғалымның санасындағы кесек туындылар парақ бетіне өзіндік талғам түйсікпен түсіп, тұтас тақырыптарды ашты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, Е.Бөкетовтің публицистикалық мұрасы Ш.Уәлиханов пен Қ.Сәтбаевтың шығармашылық мұрасымен сабақтас.

Мақаланың ғылыми жаңалығы да ғылыми журналистиканың дамуына зер сала отырып, заманауи журналистикада қолданылып жүрген экологиялық журналистика тақырыбы мен фактчекинг көріністерін анықтау. Ғылыми журналистикаға тән нақтылық, дәйектілік және болашаққа болжам Е.Бөкетовтің әр жылдарда жарық көрген мақала-жарияланымдарында көрініс тапқан.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистік қырын ашатын журналистік еңбектері, 1953 жылдардан бастап «Ленинская смена», «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Индустриальная Караганда», «Лениншіл жас», «Орталық Қазақстан», «Қарағанды университеті» газеттері мен «Қазақстан коммунисті», «Білім және еңбек», «Жұлдыз», «Простор», «Мәдениет және тұрмыс», «Знамя», «Жалын», «Народное хозяйство Казахстана», «Простор» журналдарындағы мақалалары алынды.

Мақала тақырыбын ашу кезінде тарихилық және ғылыми объективтілікке баса мән берілді. Зерттеу кезеңіне қарай Е.А.Бөкетовтің мақалаларының хронологиялық реттілігі, мәселелерді көтеруі, оны шешу жолдары, даму ерекшелігі, белгілі тарихи жағдайлар ықпалында өзгеруі және негізгі тақырыптық мәселелері тұрғысынан зерттелді.

Е.А.Бөкетовтің еңбектеріндегі ғылыми журналистика тақырыбын кеңінен ашу үшін отандық ғалымдар Н.Омашевтың «Жиыrmасыншы жылдар публицистикасы», Б.Жақыптың «Публицистика негіздері», Қ.Асановтың «Евней Букетов – публицист» монографиясын негізге ала отырып зерттелді. Ғылыми журналистика тақырыбын зерттеуші, Ұлыбританияның Борнмут университетінің профессоры Аллан Стюарттың «Медиа, тәуекел және ғылым» (Stuart Allan, «Media, Risk and Science» (Open University Press, 2002), «Сандық технологиялар дәуіріндегі ғылыми журналистика» («Science journalism in a digital age»), еңбектері ғылыми журналистика тақырыбының өзектілігін, оның заманауи қажеттілігін, нағыз ғалым жазған еңбектердің құндылығына тоқталатындықтан, мақала жазу барысында қазақстандық қоғаммен сабақтастықта қаралды.

Ғылыми мақаланың заманауи дәйектілігіне көз жеткізу үшін Macarena Parejo-Cuellar, Samanta Flores-Jaramillo, Eduardo Carcaboso-García ғылыми коммуникация бойынша әдебиеттерге шолу жасаудың интегративті нәтижелері келтірілген «Overview of science communication (2017-2022): A thematic and bibliographic analysis» жұмысы алынды [5]. Атаулы жұмыс ғылыми коммуникациядағы зерттеулердің маңыздылығын зерттеуге,

сондай-ақ білім беру, әлеуметтік, мәдени салалардағы кәсіби ғылыми коммуникацияның қажеттілігін көрсетуге сілтеме ретінде қызмет етуге бағытталған және ғылыми коммуникацияға қатысты бірқатар іздеу критерийлерін қолдана отырып, WOS (Web Of Science), Scopus және Dialnet үш мәліметтер базасы арқылы іздеу жүргізілген. Ғылыми-танымдық журналистика және ақпараттық-құжаттамалық зерттеу салаларындағы әлеуметтік ғылымдарды негізге алады.

Жалпы, қазіргі таңдағы ғылыми-танымдық журналистиканың ұлттық публицистикамен сабақтастығын, Е.А. Бөкетовтің журналистік қыры мен қаламгерлік шеберлігін, этикалық нормаларды сақтауын талдай отырып, атаулы тақырыптың маңыздылығына көз жеткіземіз.

Әдіснама

Мақаланы жазу барысында Евней Арыстанұлы Бөкетовтің ғылыми көкжиегі кеңейген 1950 жылдардан бастап, мемлекеттік деңгейде ойын ашық айтып, келелі тақырыптарды қозғаған 1980 жылдарға дейінгі кезең қарастырылады. Ғылыми тақырыпты ашу аясында кеңестік өкіметтің тікелей цензурасымен шыққан басылымдарға, ғалымның қолынан шыққан, эпистолярлық жанрдың үздік көрінісі болып табылатын хаттарға шолу жасалды.

Жоғарыда атағанымыздай Е.Бөкетовтің ғалым-тұлға ретінде даму-толу кезеңдеріне сүйене отырып, зерттелетін дәйектер мен зерттеулерді талдау әдісі қолданылды. Белгілі бір тарихи кезеңде шыққан журналистік мақалаларды қарастырғандықтан, зерттелетін мақалалардың ұқсастығы, тақырыптық туыстығы сияқты әртүрлі белгілер мен қасиеттерін салыстыру үшін аналогиялық әдіс қолданылды. Оған қосымша, мақалаларға, зерттеу деректеріне және ақпарат көздеріне мәселенің қарастырылу кезеңдеріне де қолданылатын жіктеу және түсіндіру әдісі; 1950-1980 жылдарда шыққан мақалалардың ғылыми маңызы мен тақырыптық өзектілігін талдауда – синтез әдісі қолданылып, ғылыми мақаладағы негізгі мақсатқа жетуге негіз болды.

Жалпы ғылыми әдістерден тыс арнайы журналистік шолу әдісі де қолданылды. Зерттеу тақырыбына сәйкес бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде ғылыми тілдің қолданылуы, олардың аудитория тарапынан сұранысқа ие болуы мен түсінікті болуын анықтау мақсатында ретроспективті талдау әдісі, тақырыпты болашақта дамытудың ғылыми бағдарламаларын құруға бағытталған ғылыми білімнің қазіргі және болашақтағы құндылығын анықтауға мүмкіндік беретін өзектендіру әдісі де пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар


Қазіргі жылдам ақпараттық қоғамда ғылыми-танымдық журналистикаға немесе ғылыми стильге қатысты пікір біржақты емес. Ол негізінен ғылыми тілдің ауырлығын, көпке түсініксіздігін желеу етуші топтардың есебінен орын алуда. А.Стюарт, көптеген ағылшын және американ редакцияларындағы ғылыми тілде ақпарат беруге қатысты

ойын ашық айта отырып, ол үрдістің ғалымдардың еңбегін жоққа шығару мен ғылымды құнсыздандыруға әкелетіндігін айтады [5, 230б.]. Ал, отандық ғалым Н.Омашев «Біз кейде журналистикадағы ғылыми мінбелерді мойындай да, қабылдай да бермейміз. Өйткені, «ғылыми стиль» дегенді жалаң фактілер мен нақпа нақ айтылған тұжырымдар тізбегі деп білеміз. ...Ғылым – ол тек ғылым үшін жеткізе білу емес олардың санасына саңылау салу арқылы толығады, дамиды. Мұндай ғылымға журналистика, яғни бұқаралық ақпарат құралдары – газет, журнал, радио, телевизия, баспасөз көмекке келеді» дейді [6, 165б.].

Қазіргі журналистика тілі жатық, баршаға бірдей түсінікті болу қағидатын ұстанып келе жатыр. Әрине, ол ақпаратқа қол жетімділік сұранысын қанағаттандырады. Алайда, ғылыми тақырыптарды жазу кезіндегі жаттандылық пен қарабайырлыққа жол ашуда. Осы орайда, Ұлыбританияның үкіметінің бас ғылыми кеңесшісі Джон Беддингтон 2011 жылдың ақпанында әріптестерінің алдында сөйлеген сөзінде «саяси және діни топтардың күшімен таратылып жатқан жалған ғылымның жағымсыз әсеріне жоқ дейміз» деген үндеуі жұртшылық арасында үлкен дау тудырды. Ол кейінірек «NewScientist» журналына кең ауқымда мақала жариялауына әкелді. Онда Д.Беддингтон «Біз ғылымдағы құбылыстарды өзара байланыстыра отырып, дәйекті және жетімді түрде жеткізуіміз қажет. Жаһандық коммуникациялар дәуірінде біз өзімізбен өзіміз ғана шектеліп қалмауымыз қажет» дейді [7].

Жаһандық коммуникациялық кеңістік үшін де ғылыми журналистиканың маңызы зор болып отыр. Ол ең алдымен ғылымды жалпыландыру арқылы бұқараның ғылыми-технологиялық процестерге ынтасын арттыруды көздейді. Ғылымға қызығушылықтың артуы мемлекеттің даму деңгейін бірқатар ілгерілетіп, өмір сапасын жақсартады. Бүгінгі жас журналистер мен ғылымдағы жас зерттеушілер ғылыми-танымдық журналистика туралы не біледі, көзқарасы қандай екенін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей нәтижені ұсына аламыз (1-сурет):

Бүгінгі ғылыми танымдық журналистика қалай дамып жатыр?



1-сурет. Әлеуметтік зерттеудің нәтижесі

25-40 жас аралығындағы жас ғалымдардың 50 пайызы «Бүгінгі ғылыми-танымдық журналистика қалай дамып жатыр?» деген сауалнамаға «Салыстырмалы түрде жақсы дамып жатыр» деп жауап берген. Бұл журналистиканың ғылыми негізде бір жолға қойылғанын көрсетеді. Дегенмен, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарында ғылыми-танымдық материалдарды мүлдем кезіктірмейтін де оқырмандар барлығы анықталды (2-сурет). Бұл ретте ғылымның дамымай отырғаны емес, басылымдардың осы тақырыпты аз қозғайтынын байқаймыз.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде жарияланған ғылыми материалдармен таныссыз ба?



2-сурет. Әлеуметтік зерттеу бойынша пайыздық көрсеткіш

Осы сауалнамаға 17-23 жас аралығындағы студент, магистранттармен қатар, 35-40 жас аралығындағы жас зерттеушілер қатысты. Білім алушылар ғылыми еңбектер жазғанда дәйеккөзі ретінде газет мақалаларына жүгінетінін байқадық. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей респонденттердің 50 пайызы үнемі ғылыми тақырыпта жарияланатын материалдарды кездестіреді.

Ғылыми журналистиканы зерттеу барысында және оқыту жүйесінде публицистердің еңбектері мен ғылыми ізденістері туралы ақпараттар беріледі. Тіпті жеке публицистер туралы зерттеу жұмыстары жазылады. Осы ғылыми мақаламыздың нысаны Евней Арыстанұлының публицистикасы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқытылып жатыр. Осы тұрғыда респонденттерден арнайы сауалнама алдық.

Публицист жазушы ғалымдардың еңбегін журналистерге оқыту қаншалықты маңызды?



3-сурет. Әлеуметтік сауалнама нәтижесі

Зерттеу нәтижесінде респонденттердің 37,5 пайызы журналистер терең білімді игеріп, жан-жақты болуы үшін публицистердің ғылыми еңбек жолын оқып білуі қажет деп санайды.

«Ғылыми зерттеулер оқырманның қабылдауына, олардың жасанды интеллект арқылы жасалған жаңалықтарды түсіну қабілетіне, жасанды интеллект арқылы жасалған жаңалықтар мен журналистер жазған жаңалықтардың сапасын салыстыруға және сапаны бағалаудағы жаңалықтар тақырыптарының әсеріне қатысты негізгі зерттеу мәселелерін шешуге әсер етеді» деп санайды шетелдік ғалымдар [8]. Бүгінгі зерттеп отырған тақырып алдағы уақытта жасанды интеллект технологиялары негізінде оқу процесінде қолданысқа ие болуы мүмкін.

Қазақ қоғамындағы ғылыми тақырыптардың ашылу деңгейін қарастырған кезде «селені мен өлеңі» қатар жүретін Евней Арыстанұлы Бөкетовтің мақалаларын, әр жылдарда жазған хаттарын назарға аламыз. Химия ғылымдарының профессоры бола тұрып, түрлі химиялық процестер мен құбылыстарды толық та түсінікті жеткізуі ғалым тілінің жатықтығынан болса керек.

Е.А.Бөкетовтің баспасөзде қозғаған көкейтесті мәселелерінің бірі де бірегейі ғылым мен техника, өндіріс мәселесі. Осы өзекті тақырып төңірегінде жазған ғалымның публицистикалық мұраларын зерделей отырып, әртүрлі газет-журналдарға берген сұхбаттарынан Е.Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен ғылыми ой-пікірінің сонылығын және дәйектілігін көреміз. «Алып адам», «Қара металлургия алыбы», «Өндіріс пен ғалым егіз», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Облик нашего дня» мақалалары қаламгердің ғылыми-публицистикалық бағыттағы қабілет-қарымын танытып, техника ғылымының докторы ретінде бұл саланы еркін білетіндігін және проблемалық түйінді нақты қалай шешуге болатындығын көрсетуімен ерекшеленеді.

Е.А.Бөкетов публицистикасын зерттеген ғалым Қ.Асанов «Е.Бөкетовтің ғылыми публицистикалық очерктерінің басқалардан ерекшелігі мен құндылығының өзі тақырыпы проблемасының білгірі және оны шешуді нұсқай алатын ғылымдылығында жатса керек» [9, 22 б.] деп ой түйеді.

Өндірістің ішкі қазанын толық білетін ғалым ретінде Евней Бөкетов өз оқырмандарына барынша жетік те түсінікті тілмен ғылыми процестерді түсіндіріп, түрлі мәселелердің шешу жолдарын айқындап береді. Мысалы, «Табиғат ананы аялай білейік» деген мақаласында «Облыс орталығы – Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфера кірлетуші ұсақ қалдықтар мен автомашиналар легі дер едік. Жаңа Майқұдықтың сантехника бұйымдары зауытындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?» деп, өзекті экология тақырыбының күрмеуін тарқатады. Мұндай тиімді, қолайлы ұсыныс пікірлерді ғалым публицистің көптеген проблемалық мақалаларынан кездестіруге болады.

Евней Арыстанұлы Бөкетов өмірде кездесетін қарапайым фактілерді тілге тиек ете отырып, халқымыздың өсіп-өркендеу болмысын бейнелейді. Ғылыми пайымы мен танымы оның мақалаларына ғылыми негіз берсе, жатық тілі мен ой қорытуы түрлі проблемалық өзекті тақырыптарды талдап, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын көрсетеді. Публицистік шығарма қаламгер дүниетанымының қағаз бетіне түскен көрінісі десек, онда оның ақыл-ойы, парасаты, бойындағы ізгі қасиеттерінің барлығы қағазға түскен мақаласында айқын көрініс табады. «Жас замандас келбеті»

деген мақаласында «Қысқасы, жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қаншалықты машық болғанмен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса, Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлебаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайтын сияқты. Өз мамандығын, әрине, әбден жақсы игеріп білу де қажет, бірақ өзгеге меңіреу болу деген өмірдің бар ләззатынан, бар жақсылығынан мақұрым қалу болып табылады» [9, 96 б.] деп ой қорытады. Осы жолдар арқылы Е.А. Бөкетов авторлық пайым-парасат түйіні мәдениетті адам қандай болу керек деген ойға жауап береді.

Жалпы Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистикасы өнер, ғылым, білім туралы ойларының өзегі эстетикалық тәлім-тәрбие төңірегінде өрбиді, содан тамыр алып, көпшілікке жолданады.

Е.А. Бөкетовтің бір сұхбатында «қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылымның иесі адам да анағұрлым күрделеніп, қиындап бара жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Ендеше бастағы, мидағы екіұдай талас, тартыс, ғылым адамның ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туынды да сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми техникалық революция заманына лайық образдар жасай аламыз» [10, 126б.] деп болжам жасай алуы, бүгінгі нейрожелілер мен жасанды интеллектінің бастамасы деп білеміз. Өз дәуірінің тыныс-тіршілігін тұтас зерттеп, өндіріс саласының болашақта дамуына жасаған ғылыми болжамдары бүгінгі күнге қалған мұра болып отыр. Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» атты мақаласында: «Химияның болашағын болжау, ол туралы ойлану Қазақ ССР Ғылым академиясының борышы. Мысалға, мынандай жағдайды алайық. Таскөмір, оның ішінде Қарағанды көмірі қазіргі уақытта негізінен электр энергиясын өндіру үшін қолданылады. Ал қазірдің өзінде су қуаты бар жерде электр өндіру үшін көмір орнына су күшін пайдалану тиімді екені белгілі. Ертең электр энергиясын өндіруге атом күшін кеңінен қолданғанда не болмақ? Көмір өндірісі жабыла ма? Жабылмауға тиісті. Ол кезде көмірді түгелімен химия бұйымдарын өндіруге қолдануға болады» [11] деп болашаққа болжамын жеткізеді.

Болашаққа болжам жасалды, көп зерттеулер өз нәтижесін берді. Ал бұл туралы бүгінгі қоғам не біледі? Евней Арыстанұлының еңбектерімен таныс па, болжамдарымен келісе ме?

Евней Арыстанұлы Бөкетов өзінің ғылыми мақалаларында сол уақытқа және келешек үшін бірнеше ғылыми болжамдар жазған болатын. Ғалымның осыдан 50 жыл бұрын жасаған ғылыми болжамдарымен келісесіз бе?!



4-сурет. Е.А. Бөкетовтің ғылыми болжамдары туралы жүргізілген сауалнама нәтижесі.

Зерттеуімізде арнайы сауалнама жүргізіп, ғалымның болжамы туралы респонденттердің пікірін алдық. Нәтижесінде оқу ордасы мен ғылымда жүрген зерттеушілерден басқа қарапайым халық та ғалымның еңбегінен хабардар екеніне көз жеткіздік. «Ғалымның хаты өлмес» деген халық тәмсіліне сүйенсек, ғылыми журналистиканы дамыту арқылы ғалымдардың хаттарын халыққа бір табан жақындата түсеміз. «Қара металлургия алыбы» мақаласында Ертіс-Қарағанды каналының халықтың тұрмысына, шаруашылығына, өндіріске тигізер пайдасын зерттей отырып, Нұра суының толықтай халықтың қажеттілігіне берілетіндігін болжайды [12]. Осындай ғылыми негізі бар гипотезалар Е. Бөкетовтің өнеркәсіп-өндіріс саласы туралы жазылған мақалаларынан көптеп кездестіруге болады. Демек, болашаққа ғылыми тұрғыдан болжам жасап, баға беру қаламгер публицистикасына тән тағы бір ерекшелік.

Е. Бөкетовтің ғалым, публицист, ғылыми журналистика саласын дамытушы ретіндегі артықшылығы – сөзінің дәйектілігі. Заманауи тілмен айтқанымызда, ғалым бола отырып, ол қазақ, орыс әдебиетіндегі түрлі құбылыстарға фактчек жүргізеді. Мысалы, «Алып адам» мақаласында Қыз Жібек қиссасынан:

Жаратты бір қара көп тұлпаратты,
Өзі жорға жануар құс қанатты,
Тұрманының барлығын алтындатып,

Күміспенен төрт аяғын тағалатты, – деген жолдарын келтіріп, қымбат металдардың жұмсақ, иілгіш келетіндігін айтып, образды түрде қолданбаса, нақ жүзінде атты күміспен тағалаған жағдайда жануардың тұяғы зардап шегетінін дәлелдеп шығады. Зерде журналында басылған «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты мақаласында С. Есенинның «Пугачев» драмалық поэмасындағы «Как керасиновую лампу в час вечерний, зажигает фонащик из города Тамбова» деген жолдарына тоқталып, керосин шамын Пугачев көтерілісінен кейін 80 жылдан кейін поляк ғалымы И.Лукаевич ойлап тапқандығына да тоқталады. Е. Бөкетовтің ғылыми танымының зор болуы С.Есенинның бір шумақ өлеңінен өрбіген ғылыми-танымдық мақаланың өмірге келуіне жол ашып, нақты ғылыми дәйектемелер келтіреді.

Е.А. Бөкетовтің ғылыми мақалаларында қазіргі уақыттағы Data-журналистика элементтері де байқалады. Мысалы, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» мақаласында «Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрлықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрылыспен кен қазбалары үшін 4 мың шаршы километр парода алуда. Қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 млрд тонна руда алынып, шамамен 7 млрд тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 млрд тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық қалдық сулар құйылады. Орташа есеппен 800 млн тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. ...Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша 4-5 есе өспек» деп, ақпараттарды жинау, ретке келтіру, талдау, болжам жасау және жариялау міндеттерін атқарады.

Қара металлургия тақырыбы Евней Арыстанұлына етене таныс, ежелден қанығып, біліп өскен тақырып. Сондықтан оны бүге-шігесіне дейін білуі, оның өсіп-өркендеуі дамуы жайында айтқан ғылыми негіздері мен тұжырым, болжамдары өз уақытындааса

маңызды болды. Журналистік шығармаға тән негізгі қасиеттің бірі факты болатын болса, оны Е.А.Бөкетовтің өндіріс-өнеркәсіп турасында жазған очерктерінен молынан ұшыратуға болады. Кейде очеркте ресми деректер келтіру, цифраларды қолдану Евней Бөкетовтің публицистикасындағы ғылыми журналистика элементтеріне дәлел келтіреді.

Әсіресе, «Өндіріс пен ғылым негіз», «Алып адам», «Қара металлургия алыбы» сияқты күрделі проблемалық мақалаларынан анық байқауға болады. Бірақ, кілең факті мен цифраға құрылған деп айтуымыз да ағаттық. Т.Амандосовтың «жай фактінің өзін журналистің ой-қиялыңыз жазу мүмкін емес. Фактіні суреттемес бұрын журналист өмірлік фактіден қажеттілік тауып алады, оны жан-жақты зерттейді, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ойластырады» деген түйініне Евней Бөкетовтің проблемалық очерктері дәлел.

«Алып адам» очеркінде қара металлургия өндірісінің өсіп-өркендеуін көрсететін хронологиялық дерек-көрсеткіштің берілуі шығарманың ғылыми әлеуетін арттырады. 1938-1960 жылдар аралығындағы қара металлургияның өсіп-өркендеу болмысы цифр тілімен-ақ публицистикаға қажетті информацияны оқырман санасына еш қиындықсыз жеткізеді. Осынау ауыр өнеркәсіп өмірнамасының хронологиялық жүйесі осы тақырыпта көлемді материал жазушыларға бағыт береді.

«Өндіріс пен ғылым егіз» атты мақаласындағы «Ұқыптылықтың ең бір ұтымды жолы –коксті үнемдеу», «Алдағы мақсат – химия технологиясы мен металлургия саласында жаңалық іздеуді тоқтатпай, табылғандарын жан-жақты зерттеп, өндіріске енгізу» сияқты ғылыми негіздегі ұсыныс, болжам тілектерді кездестіреміз. Бұл цифрлар мен фактілер негізінде құрылып, мақаланың тұтас болмысын аша түседі.

Публицист ретінде Евней Бөкетовтің ойы жерастындағы кен болса, соны жарыққа шығарып, бұқара халық игілігіне жарататын құрал – оның тілі. Көңілдегі көрікті ойдың өз қасиетін жоғалтпай, жарқырай көрінуі тіл шеберлігіне көп байланысты. Е.А. Бөкетов шығармаларындағы ғылыми ойлау мен шебер тілдің үндестік табуы қаламгердің болмыс қасиетін айшықтай түсетін критерий.

Евней Арыстанұлының публицистикасын үнемі бір-бірін толықтырып, проблемалық сипаты мағыналас мәндес болып келетін күрделі екі топқа жатқызуға болады. Оны ғылыми түрге бөлсек, гуманитарлық және жаратылыстану саласы дередік. Жалпы, баспасөзде күрделі тақырып саласына жататын өндіріс пен өнеркәсіп, ғылыми техникалық прогресс, кен-металлургия, химия сияқты жаратылыстану ғылыммен байланысты жазылған мақала очерктерінің өзегі көбіне дерек пен дәйекке құрылып, сол арқылы мазмұн-мағынасы ашылып жатады [13, 11 б].

Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Біріншіден, ацетилен затын ацетальдегид сұйығына айналдыру үшін реакцияны жеделдету мақсатымен сынап қолданылады. Сынап әрі қымбат, әрі адам денсаулығына өте зиянды зат» немесе «Мысалы, қазіргі синтетикалық каучук сырттан әкелінетін екі затты стирол мен гидролир спирті тоғыстыру арқылы өндіруге болады» деген сияқты тұжырымдар жасап, ғылыми дәйек пен деректерді орынды қолдана біледі. Әрі бұл дәйек пен деректер жалаң ғылыми тілде емес, публицист шеберлігінің нәтижесінде оқырманға түсінікті ғылыми журналистика тілінде жеткізеді.

Ғылыми техникалық прогрестің өсіп-өркендеуі мен қарқын ала дамуы Е.Бөкетов публицистикасында уақыт үрдісіне сай жан-жақты, жалпақ аудиторияға түсінікті болып жазылған. Кен-металлургия химия ғылымдарының қоғам игілігі үшін қаншалықты маңыздылығын ғана айтып қоймай, өзі айтқандай «Бұны оқырман дұрыс түсінуі тиіс» деген мақсатпен сол ғылым әлемінің көптеген беймәлім құпияларын бұқараға қара сөз, қазақы ұғыммен жеткізуі ғалым-публицистің қаламгерлік шеберлігі мен үлкен білім иесі екендігін танытады.

Көптеген қаламгерлерге тән ортақ тақырып табиғат, адам, қоғам бірлігі Е.А. Бөкетов шығармаларының да негізгі объектісі. Осы үш тағанның өзара байланысын қиюластырып, әдемі жеткізе білу қаламгер ойының тіл кестесімен шебер ұшатасады.

Е.А. Бөкетов шығармаларындағы ой тұтастығы берік. Өйткені, белгілі бір тақырып аясында жазылған проблемалық мақала тілінің бір-бірімен жымдаса өрілгені соншалық, оның бірер сөйлемін оқшаулаудың өзі ағаттық. Бұл жағдай әсіресе, қаламгердің ішкі толғаныстарына құрылған «Адам болам десеңіз», «Алғашқы сабақ», «Алтын босағаны аттағандарға», «Табиғат тіршілік көзі» атты мақалаларында айқын байқалады.

Ғылыми журналистиканың дамуына өзіндік үлесін қосқан тұлға ретінде Евней Бөкетовтің журналистік еңбектерінің астарында экологиялық ахуалға алаңдаушылық та байқалады. Жоғарыда аталған, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін», «Қара металлургия алыбы», «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақалаларында әлемдік экологиялық ахуалдың жай-күйін, оның жергілікті халық өміріне әсерін жетік тілде жеткізеді.

Қандай тақырып болмасын, Е.Бөкетов шығармаларында міндетті түрде ғылыммен астасып, дәйекті, жатық тілмен шынайылығын растап, көтерген мәселесімен өзектес. Артында қалдырған публицистикасының негізгі арқауларының бірі – жалпы адамдық, адамзаттық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Бұл тұрғыдан алғанда, Е.Бөкетов публицистикалық мұрасы аз болса да, ғылыми тілімен, мәнділігімен ерекшеленеді.

Жалпы Евней Арыстанұлы Бөкетов шығармаларында сан алуан тақырып мазмұнын көтерер идеясы үш түйіннен құралады: білім, парасат, адамгершілік. Ғалым Ұ.Есенбекова: «Журналист пен ғалымның арасындағы коммуникация күрделі және табандылық пен уақытты қажет ететін процесс» [14, 94б.] дейді. Мейлі, өнеркәсіп, өндіріс, ғылыми-техникалық прогресс, әдебиет, өнер, оқу-білім, табиғат экологиясы болсын, бәрінің де шешім табар арқауы білімге, парасатқа, адамгершілікке байланысты болып келеді. Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Өйткені, Алексей Максимович Горький айтқандай, химия ғажайыптар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз ұшқыр ойының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласынан таппақ» деп, ғылымға деген жарқын көзқарасты қалыптастырады.

Қорытынды

Евней Арыстанұлы Бөкетов – ғылымды, ондағы түрлі құбылыстар мен реакцияларды көпшілікке түсінікті, жатық тілмен жеткізген публицист, ғылыми-танымдық

журналистика өкілі. Химия ғылымдарының докторы, академик, ұстаз Евней Бөкетов ғылыми публицистиканың өркендеуіне зор үлес қосқан тұлға. Оның қаламынан шыққан мақалалар тек ғылыми дәлдікке емес, ұлттық болмысқа, пайым мен парасатқа негізделген. Оның публицистикалық мұралары – бұқараға ой тастайтын, ғылыми тілмен жазылған, шынайы ақпараттарды негізге алған, терең тұжырымдар түйінделген туындылар.

Зерттеу жұмысының қорытындысында Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистикасы ғылыми-танымдық журналистикаға ғана тән дәйектілік, болашаққа болжам жасау және қаламгерлік этиканы ұстана отырып жазғаны айқындалды. Публицист мақалалары экология, өнеркәсіп, өндіріс, табиғат, техника мен ғылым, білім беру сияқты тақырыптарды қамтып, оларда қалыптасқан түрлі мәселелердің түйінін тауып, шешу жолдарын көрсетеді. Мақалалардың ғылыми болжам жасау және оның қазіргі уақытта дәлме-дәл келуі де публицист еңбегінің ерекше қыры. Сонымен қатар, Е. Бөкетовтің ғылыми фактілерді қолдануы мен публицистикалық шеберлігі заманауи фактчекинг пен сараптамалық журналистиканың алғашқы нышандарын танытады.

Академик, ғалым, публицистің мақалаларының өн бойынан тұнып тұрған ұстамдылық пен парасаттылықтың көрініс табуы – оның қаламгерлік қарымының қуаттылығы. Кеңес кезеңінің қатал талаптарынан қаймықпай, шындықты айтуы – жоғары кәсібилігі мен азаматтығының айғағы.

Ғылыми-танымдық журналистика – ғылым мен бұқара арасындағы көпір. Осы тұрғыда, Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистік мұрасы – бұл көпірдің сенімді де берік тірегі. Оның публицистік шығармаларын бүгінгі ғылыми-танымдық журналистика үшін тағылымды тәжірибе деп бағалауға болады. Жас қаламгерлер мен журналистер үшін ол үлгі боларлық тұлға, ал оның жазбалары – білім мен парасаттың жарқын көрінісі.

Авторлардың қосқан үлесі

Асанов Қ.Д. – зерттеу жұмысында жан-жақты ақпараттарды жинақтап, деректерді талдау, шолу және түсіндіру; бақылау және редакциялау, ұсыныстар беру және мақаланың академиялық сапасын қамтамасыз ету.

Амангелдиева Г.С. – шетелдік зерттеулерге шолу жасай отырып ғылыми жұмыстың заманауи сабақтастығын ашу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізу, сауалнама қорытындысына тұжырым жасау.

Әбікеева Н.М. – ғылыми жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдерді, зерттеу нәтижелерін сараптау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Омашев Н. Жиыrmасыншы жылдар журналистикасы. – Алматы, 2006. –1 т. – 317 б.
2. Перевалов В.В., Ненашев М. Ф. Основы теории журналистики. – Москва, 2023г. – 258 с.
3. Қазақ журналистикасының тарихы қалай оқытылады? [Электрон. ресурс] URL: <https://egemen.kz/article/367423-qazaq-dgurnalistikasynynh-tarikhy-qalay-oqytylady?ysclid=m9rc0ymzjn4964702> (қаралған күні: 21.12.2024)

4. Жақып Б. Публицистика негіздері [Мәтін]: оқу құралы; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Macarena Parejo-Cuellar, Samanta Flores-Jaramillo, Eduardo Carcaboso-García. Overview of science communication (2017-2022): A thematic and bibliographic analysis. [Электрон. ресурс] URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85197885753&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28scientific+and+educational+journalism%29&sessionSearchId=acb2f64ac0c7056509524fb9477bcfa0&relpos=3> (қаралған күні: 12.01.2025)
6. Омашев Н. Белестер. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 265 б.
7. Stuart Allan. Media, risk, and science. Open University Press. – Springer, 2002. – 256 p.
8. Baptista, João Pedro Send mail to Baptista J.P.; Rivas-de-Roca, Rubén; Gradim, Anabela; Pérez-Curiel, Concha. Human-made news vs AI-generated news: a comparison of Portuguese and Spanish journalism students' evaluations. Humanities and Social Sciences Communications, 1. 12. 2025. [Электрон. ресурс] URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-105003460015&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28journalism%29&sessionSearchId=2d4a0ff08484efbd31b0cbcb5da79ca1&relpos=3> (қаралған күні: 15.01.2025)
9. Асанов Қ. Евней Букетов – публицист. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 196 б.
10. Букетов Е.А. Көкейкесті. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 196 б.
11. Букетов Е.А. Қарағанды химиясы және оның болашағы // Социалистік Қазақстан. 1969, 21 наурыз
12. Букетов Е.А. Қара металлургия алыбы // Орталық Қазақстан. 1977, 21-23 қыркүйек.
13. Асанов Қ. Академик Е.А. Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистиканы дамытудағы рөлі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – № 131(2). – Б. 8–15. [Электрон. ресурс] URL: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/236> (қаралған күні: 15.01.2025)
14. Есенбекова Ұ. Журналистің ғылымды насихаттаудағы кәсіби және когнитивтік деңгейі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – № 134(1). – Б. 91–96. [Электрон. ресурс] URL: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/209> (қаралған күні: 15.01.2025)

K.D. Asanov, G.S. Amangeldiyeva, N.M. Abikeeva

E.A. Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

Scientific and educational journalism: the journalistic legacy of Evney Buketov

Abstract. This work explores the individuals who have influenced the development of Kazakhstani science communication journalism and their stylistic features in scientific journalism. In the process of revealing scientific topics, the relevance of modern issues such as environmental journalism and fact-checking is considered. The contribution of Evney Buketov to scientific journalism, the main ideas, and thematic features of his work are highlighted. In addition, the traditions and innovations in scientific journalism and the role of contemporary media in society are analyzed. The main goal of this study is to widely explore Buketov's journalistic legacy, analyze his contribution to science communication

journalism, and propose new ideas in this field. The article considers various scientific methods of researching his work, while maintaining historical and scientific objectivity. The study also addresses issues of journalistic ethics and science communication journalism. The main principles of scientific journalism – accuracy, substantiation, and the importance of making future predictions – are discussed in the context of Buketov's journalistic legacy and his literary craftsmanship. One of the key results of this study is the examination of the historical context and significance of articles published between 1950-1980 and other scientific works by Buketov. The article also analyzes the current issues in science communication journalism and its connection to national journalism.

Keywords: Scientific and educational journalism, scientific forecasting, fact-checking, national journalism, publicist's legacy

К.Д. Асанов, Г.С. Амангелдиева, Н.М. Абикеева

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Научно-познавательная журналистика: публицистическое наследие Евнея Букетова

Аннотация. Данная работа исследует труды ученых-публицистов, оказавших влияние на становление и развитие казахстанской научно-познавательной журналистики, а также их стилистические особенности в научной публицистике. В процессе раскрытия научной темы рассматривается актуальность таких вопросов, как современная экологическая журналистика и фактчекинг. Особое внимание уделяется вкладу ученого, академика Евнея Арыстановича Букетова в научно-познавательную журналистику, основным идеям тематическим особенностям его творчества. Также анализируются традиции и новаторства в научно-познавательной журналистике, роль современных информационных средств в обществе. Основная цель исследования – проанализировать вклад Е.А. Букетова в научную журналистику, анализ его публицистического наследия и предложение новых идей в этой области. В статье рассматриваются методы исследования творчества Е.А. Букетова с применением различных научных методов, при этом сохраняется историческая и научная объективность. В исследовании наряду с научно-познавательной журналистикой рассматривается этика писателя на примере Букетова Евнея Арыстановича. Основные принципы научной журналистики – точность, последовательность и важность прогнозирования на будущее, будут рассмотрены в контексте журналистского наследия Евнея Букетова и его литературного мастерства. Одним из ключевых результатов исследования является внимание к историческому контексту и значимости статей, опубликованных в 1950-1985 годах, а так же других научных работ Е.А. Букетова. В статье анализируются актуальные вопросы научно-познавательной журналистики и ее связь с национальной публицистикой.

Ключевые слова: научно-популярная журналистика, научный прогноз, фактчекинг, национальная публицистика, наследие публициста

References

1. Omashev N. Zhiyrmasyshy zhyldar zhupnalistikasy [Journalism of the Twenties]. (Almaty, 2006. 317p.) [in Kazakh].

2. Pepevalov V.V., Nenashev M. F. Osnovy teorii zhurnalistiki [Fundamentals of the theory of journalism]. (Moscow, 2023. 258 p.) [in Russian].
3. Kazak zhurnalistikasynyn tarihy kalaj okytylady? [How is the history of Kazakh journalism taught?]. Available at: <https://egemen.kz/article/367423-qazaq-dgurnalistikasynynh-tarikhy-qalay-oqytylady?ysclid=m9rc0ymzjn4964702> (accessed at: 21.12.2024). [in Kazakh].
4. Zhakyp B. Publicistika negizderi [Matin]: oku kuraly [Fundamentals of Journalism [text]: textbook]; Al-Farabi atyn. Kazak ulttyk un-ti. [The name of Al-Farabi. Kazakh National University]. (Almaty, 2018) [in Kazakh].
5. Macarena Parejo-Cuéllar, Samanta Flores-Jaramillo, Eduardo Carcaboso-García. Overview of science communication (2017-2022): A thematic and bibliographic analysis. Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85197885753&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28scientific+and+educational+journalism%29&sessionSearchId=acb2f64ac0c7056509524fb9477bcfa0&relpos=3> (accessed at: 12.01.2025) [in English]
6. Omashev N. Belester. [Stages of life] Kazak universiteti [Kazakh University]. (Almaty, 1999. 265 p.) [in Kazakh].
7. Stuart Allan. Media, risk, and science // Open University Press. (Springer 2002. 256 p).
8. Baptista, João Pedro Send mail to Baptista J.P.; Rivas-de-Roca, Rubén; Gradim, Anabela; Pérez-Curiel, Concha. Human-made news vs AI-generated news: a comparison of Portuguese and Spanish journalism students' evaluations. Humanities and Social Sciences Communications. 567. 12(2025). Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-105003460015&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28journalism%29&sessionSearchId=2d4a0ff08484efbd31b0cbcb5da79ca1&relpos=3> (қаралған күні: 15.01.2025)
9. Asanov K. Evnej Buketov – publicist. [Evney Buketov-publicist] (Karaganda, 2005. 196 p.) [in Kazakh].
10. Buketov E.A. Kokejkesti. [Innermost]. (Almaty, 2000. 196 p.) [in Kazakh].
11. Buketov E.A. Kapagandy himijasy zhane onyn bolashagy [Chemistry of Karaganda and its prospects] // Socialistik Kazakstan [Socialist Kazakhstan]. 21.03. 1969 [in Kazakh].
12. Buketov E.A. Kara metallurgija alyby [Giant of ferrous metallurgy] // Ortalyk Kazakstan [Central Kazakhstan]. 21-23. 09. 1977 [in Kazakh].
13. Asanov K. Akademik E.A. Boketov shygarmashylygynyn ulttyk publicistikany damytudagy roli. [The role of the work of Academician E. A. Buketov in the development of national journalism] L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetinin Habarshysy. Zhurnalistika serijasy [Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism series]. 131(2). 8–15(2020). Available at: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/236> (accessed at: 12.01.2025) [in Kazakh].
14. Esenbekova U. Zhurnalistin gylymdy nasihattdagy kasibi zhane kognitivtik dengeji [Professional and cognitive level of a journalist in promoting science]. L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetinin Habarshysy. Zhurnalistika serijasy [Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism series]. 134(1). 91–96(2021). Available at: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/209> (accessed at: 12.01.2025) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Асанов Қ.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Амангелдиева Г.С. – хат-хабар авторы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Әбікеева Н.М. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Асанов К.Д. – доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

Амангелдиева Г.С. – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

Абикеева Н.М. – магистр социальных наук, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

Information about the authors:

Asanov K.D. – Doctor of Philology, Professor, E.A. Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Amangeldiyeva G.S. – corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, E.A. Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Abikeeva N.M. – Master of Social Sciences, E.A. Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.



XҒТАР 01.04.01
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-23-32>

Ақпарат кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі

Н.Б. Денгельбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: dengelbaeva83@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада кітапхананың заманауи ақпараттық кеңістікті қалыптастырудағы рөлі мен қоғамдағы орны, ақпараттық ресурстардың цифрлық жүйелендірілуі, үлкен деректердің кітапхана тұтынушыларының қабылдауына тигізетін әсері мен ақпарат кеңістігі ұғымы кеңінен талданады, сонымен қатар ақпараттық кеңістік ұғымы, оның құрылымы, қызметі, сондай-ақ қазіргі кітапхананың ақпарат кеңістігінің біртұтас маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі ерекшелігі және өзекті мәселелері талданады. Кітапхана тек ақпарат ресурстарын сақтаушы ғана емес, сонымен қатар білім тарату, цифрлық сауаттылықты арттыру және ақпараттық мәдениетті қалыптастырушы орталық ретіндегі функциялары талданады. Кітапхана қызметі аясында ұсынылатын ақпарат түрлерін бірнеше құрамдас бөлікке бөліп қарастыруға болады. Олардың қатарына қолжазбалар, кітаптар, түрлі баспа өнімдері және сан алуан электрондық ақпарат көздері жатады. Заманауи ақпараттық технологияларды кітапхана қызметіне енгізу тек қызмет көрсету шеңберін ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заманғы мәдени және әлеуметтік институт ретіндегі ұстанымын едәуір нығайтатын, қазіргі уақытта кітапхана көпфункционалды мәдени-әлеуметтік мекеме екендігі анықталып және әлемдік ақпараттық кеңістіктің қоғамдағы орны, рөлі, ерекшеліктері мен маңызды тұстары сипатталады. Кітапханадағы жаңа заманауи мүмкіндіктер: ашық қол жетімділік, ашық лицензиялар, электронды коллекциялардың көбеюі, ақпараттық мәдениет пен цифрлық сауаттылық мәселелері де қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, кітапхана, электронды коллекция, қолжазбалар, әлеуметтік институт, ақпараттық мәдениет, цифрлық сауаттылық.

Кірісіне

Ақпараттық кеңістік қоғамда өздігінен қалыптаспайды, ол әлеуметтік кеңістіктің ажырамас элементі ретінде қарастырылады. Сондықтан бұл ұғымды түсіну үшін алдымен “әлеуметтік кеңістік” түсінігіне тоқталған жөн. Аталған терминнің ғылыми негізін қалаған және оны алғаш жүйелеген француз социологы – Пьер Бурдьё [1].

Ол «әлеуметтік кеңістікті» зерттеу объектілерінің күйлері арасындағы үйлестіру тәсілдері ретінде көрінетін белгілі бір қатынастарды білдіретін форма ретінде қарастырады. Бұл форманың мазмұны зерттелетін әлеуметтік құбылыстар мен процестердің жоғарылығын айтады, олардың сипаты әлеуметтік кеңістіктің негізгі қасиеттерін анықтайды. Ақпарат кеңістігін қалыптастыруда кітапханалардың рөлін зерттеу жұмысында үш негізгі мәселелеріне тоқталып өтуге болады.

Бірінші мәселе кітапхана қорындағы ақпарат көздерін басқару, сауатты түрде сақтау және оқырман қауымға ұсыну және ашық қол жетімділік мәселесі болып отыр. Кітапхана қорын цифрландыру, оқырмандарға беретін тиімділігін қарастыру, сондай-ақ ғаламтор платформаларындағы іздеу жүйелері мен функцияларын қолдану аспектілері қарастырылады.

Екінші мәселе кітапхана кадрлар мен тұтынушылардың цифрлық сауаттылығы және ақпараттық мәдениетін арттырудағы кітапханалардың орнын анықтау болып табылады. Бұл мәселе кітапханалардың онлайн Осапасын зерттейді.

Үшінші мәселе кітапхана қызметіндегі инновациялық үрдістер, заманауи ақпараттық технологиялар, цифрлық трансформация, кітапханалық-автоматтандырылған бағдарламалар, онлайн қызметтер, электрондық ашық қорлар, мәліметтер базалары т.б. көптеген әдістер мен құралдарды қолдануын қамтиды.

Осы аталған мәселелер зерттеу жұмысында ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда кітапхананың рөлін кеңінен түсіндіреді.

Әлеуметтік кеңістік құрылымы екі құрамдас деңгейден тұрады. Оның алғашқысы – нақты өмірде әрекет ететін әлеуметтік қатынастардың объективті жүйесі ретінде сипатталса, екіншісі – индивидтердің қоршаған әлем жайлы субъективті танымдары мен қабылдауларынан тұрады. Бұл кеңістікте әрекет етуші әлеуметтік агенттер – яғни жеке тұлғалар – өздерінің әлеуметтік тәжірибелері негізінде кеңістік құрылымына тікелей әсер етіп, оның динамикалық өзгерістеріне себепші болады.

Зерттеу әдістері

«Ақпараттық кеңістік», «цифрлық сауаттылық», «ақпараттық мәдениет» ұғымдарының теориялық негіздерін ашу, кітапхана ісіне қатысты заманауи ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамаларды жүйелеу, үлкен деректер (Big Data) және олардың кітапхана қызметінің әсерін түсіндіруде теориялық әдістер қолданылды. Бұл әдіс кітапханалық ұғымдардың мағынасын талдап, теориялық базасын қалыптастыруға көмектесті.

Ресей кітапханаларының тәжірибелеріне сүйене әрі салыстыра отырып, ортақ тенденциялар мен ерекшеліктерді анықтауда, цифрлық кітапханалардың даму деңгейін бағалауда салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдістері талдау, синтез, тарихи-мәдени тәсіл әдістерін, сондай-ақ зерттеу түрлерінің сандық, әрі сапалық әдістерін де қамтиды. Аталған әдістердің барлығы кітапхананың қоғамдағы рөлін, оның атқаратын түрлі қызметтері мен көпшілік қауымға, қоршаған ортаға әсерін, оның ішінде ақпараттық технологиялармен байланысты жаһандық өзгерістер негізінде жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі заманғы қоғамда кітапханалардың атқаратын қызметтері жаңа технологиялардың дамуы мен жаһандану үдерісімен тығыз байланыста дамып келеді. Кітапханалардың негізгі міндеттерінің бірі – қордағы материалдарды сақтау және оқырманға қолжетімді ету болып табылады. Бұл функциялар бүгінде ақпаратты сақтау мен таратудың заманауи тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай, кітапхана дәстүрлі және сандық ресурстарды сақтаушы ретінде маңыздылығы айқындалады. Төменде берілетін әдеби шолуда ақпарат кеңістігін қалыптастырудағы кітапхана рөлдерінің түрлі аспектілері мен сондай-ақ, ақпараттық мәдениет, цифрлық сауаттылық мәселелері де қарастырылады.

Осы тақырыпты зерттеуде көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірінше «Кітапхана – ақпарат пен қоғамды байланыстыратын дәнекер» ретінде көрсетеді. Кітапхананың басқа да ақпараттық мекемелерден өзгешелігі – ақпараттың қол жетімділігі мен ашық түрде пайдалануы мен ақпарат таратудың заманауи технологияларын пайдалануды ұсына алады.

Г.Ф. Гордукалова цифрландыру кезеңінде кітапханалық ақпараттық орталықтар әлеуметтік мәртебесі мен географиялық орнына қарамастан, жер жаһанның тіршілігі үшін ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ақпараттық теңсіздік мәселесін шешуде маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді [3].

М.В. Маслакова мен И.В. Толстоухованың еңбектерінде заманауи кітапхананың басты міндеттерінің бірі цифрлық сауаттылық пен ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ, ақпарат көздерін тиімді іздестіру, талдау және тарату дағдыларын дамытуға ықпалын тигізеді, бұл әсіресе үлкен деректер дәуірінде маңызды болып саналады. Халықтың ақпараттық жаңа технологиялармен дұрыс жұмыс істеуін, дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауын және түсіну қабілетін жақсартуын түсінуді үйрететін маңызды орталықтар екенін көрсетеді [4].

В.В. Матвеевтың, Д.Н. Грибковтың, И.С. Ефименконың мақаласында бүгінгі кітапхананың ақпаратты іздеу және жеткізу қызметтерін оңтайландыру үшін инновациялық технологияларды (мысалы жасанды интеллект және машиналық оқыту) қолданумен сипатталатынын көрсетеді [5].

Бұл ақпараттық ресурстардың қолжетімділігімен сапасын көтеруге және тұтынушы тәжірибесін жақсартуға көмектеседі.

Дәстүр бойынша кітапхана білім мен деректердің ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ете отырып, мәдени мұра мен ақпараттық ресурстарды сақтауда орны ерекше екендігі ескеріледі. Кітапхана ресурстары цифрландырылған жағдайда, цифрлық

деректерді архивтендіру мен сақтаудың маңыздылығы арта түседі. Кітапханалар цифрлық архивтендіруде кітапханалық-ақпараттық орталық ретінде маңызды роль атқарады, тарихи, мәдени және ғылыми материалдарды электронды түрде сақтайды, бұл функциялардың басты мақсаты болашақ ұрпақ үшін рухани мұра мен құндылықтарымызды сақтауға көмектеседі деген ой, тұжырымдама еңбектерінде беріледі.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Бүгінгі күні кітаптың қадір-қасиеті сақталып, мәртебесі өзінің қарқынымен дамып келеді, жас ұрпақ электронды оқуға көшті.

Осыған байланысты электрондық және баспа форматындағы ақпараттық ресурстардың пайдаланушыға әсерін салыстыру мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижелері ақпараттың тез қабылдануы адамның психикалық үдерістеріне жағымсыз ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл, ең алдымен, интеллектуалдық белсенділіктің төмендеуіне, есте сақтау қабілетінің, сөйлеу және коммуникативтік мүмкіндіктердің әлсіреуіне алып келеді, жалпы психикалық бейнелердің қалыптасу сапасын нашарлатады. Осы орайда, электрондық мәтіндермен салыстырғанда, баспа кітаптарының бірқатар артықшылықтарға ие екені анықталып отыр. Бұл оны білім алудың сенімді көзі ретінде маңыздылығын арттыра түседі.

Баспа кітаптарының тиімді тұстары: ең алдымен басылған кітаптардың сыртқы мұқабасы мен форматы, ол оқырмандар үшін қолайлы болуы қажет, сонымен қатар дәстүрлі кітап оқу есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы мен енгізілуімен компьютерлер, планшеттер, смартфондар немесе оқырмандар оқи алатын баспа кітаптарының электрондық нұсқалары кеңінен қолданылады. Бүгінгі күні электронды кітаптар дәстүрлі баспа басылымдардан гөрі сұранысы жоғарырақ, өйткені оқырманның уақытын тиімді пайдалануына, әрі ресурстарға қашықтықтан қол жеткізуіне ыңғайлы. Сонымен қатар барлық электронды ақпарат құралдары сияқты, электронды кітаптардың да оң және теріс жақтары бар екенін ерекше атап өткен жөн.

Қазіргі заманғы оқырмандар ұялы құрылғылармен, GSM және Wi-Fi модульдерімен қамтамасыз етілген, бұл оларға интернеттегі түрлі платформалар арқылы жаңа әдебиеттерді жедел іздеп тауып, сатып алып, бірден жүктеп алу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, олар мерзімді басылымдардың электрондық нұсқаларын автоматты түрде жазылым арқылы ала алады. Алайда, электронды кітаптардың да бірқатар кемшіліктері бар екенін атап өткен жөн. Бұл форматтың басты әлсіз тұстары – олар электрондық құрылғылардың техникалық шектеулеріне тікелей тәуелді: мысалы, сыртқы факторларға сезімталдық, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту қажеттілігі, үйлесімділік мәселелері, қосымша жады карталарын сатып алу және құрылғының энергия ресурсын үнемі қадағалау қажеттігі. Сондай-ақ, зерттеушілер электронды кітаптардың психологиялық тұрғыда да кемшіліктері бар екенін алға тартады. Көптеген оқырмандар үшін, әсіресе аға буын өкілдері үшін, дәстүрлі кітапты қолға алып оқу – ерекше эмоциялық және танымдық тәжірибе болып табылады. Кітап беттерін парақтап

ашу, типографиялық бояудың иісін сезіну, қанша беттің оқылғанын және қанша қалғанын көру өте әсерлі. Баспа кітаптарын оқу оқырман қауымға осыншама ләззат сыйлап, әсер беретінін біле тұра электрондық кітаптардың кемшіліктеріне қарамастан, қазіргі өскелең ұрпақ е-кітапқа таңдау жасайды.

Сонымен, қазіргі ұрпақжаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін таңдайды. Өйткені, электронды ақпарат құралдары кітапты 5бүгінгі күнге дейін ескірген ақпараттық құрылым ретінде жоққа шығармайды немесе жойылмайды деген пікір қалыптасады.

Қазіргі цифрлық және «үлкен деректер» дәуірінде кітапханада шартты түрде ратификациялау миссиясы деп аталатын тағы бір маңызды миссия тұр. Бұл мәтінді цифрландырғаннан кейін «үлкен деректер» технологияларын қолдану ақпарат алудың және онымен жұмыс істеудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретіндігінде көрінеді.

Қазіргі кезеңде еліміздегі және жаһандық ауқымдағы кітапханаларда жинақталған ақпаратты жүйелеу мен ратификациялау үдерісі – біртіндеп жүзеге асырылып келе жатқан ұзақ мерзімді үрдіс болып табылады. Бұл бағытта жаңа технологияларды енгізу, электрондық кітапханаларды дамыту, материалдық-техникалық базаны жетілдіру, сынды шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, жоғары сапалы ақпараттық ресурстарды бағалай алатын кәсіби библиографтар мен ақпараттық сала мамандарының тапшылығы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылып отыр. Ақпараттық қызметтердің сенімділігі, толықтығы, өзектілігі мен объективтілігі – бүгінгі ақпараттық қоғам талабына сай негізгі көрсеткіштерге айналған.

Жалпы алғанда, ақпараттық ғасыр жағдайында кітапхана тек мәдени-әлеуметтік институт ретінде ғана емес, сонымен қатар біртұтас ақпараттық кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде маңызды рөл атқаруда. Осыған орай, қазіргі заман кітапханасы уақыт талабына сай бейімделіп, кең ауқымды оқырман қауымының сұранысы мен құндылықтарына жауап беретін жаңа жұмыс түрлерін енгізуге міндетті.

Цифрландыру бастамалары, цифрлық зерттеулер және әлеуметтік желі қазіргі уақытта ғалымдар бұрын-соңды болмаған ауқымда деректердің үлкен көлеміне қол жеткізе алатын жағдайды тудырды, бұл ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу саласындағы жаңа зерттеу мүмкіндіктеріне әкеледі. Ақпаратқа, цифрландыруға, үлкен деректерге қатысты «Цифрлы Қазақстан» (2018-2022) сияқты мемлекеттік бағдарламалар тек экономикалық саланың ғана емес, ғылымның, техниканың, білім саласы мен мәдениеттің де дамуына зор үлесі бар.

Зерттеу жұмысында цифрлық ортада кітапхана маңыздылығы атап өтілді және ақпараттық қоғамдағы орнына сипаттама берілді. Кітапхана тек ақпарат сақтайтын қойма ретінде қарастырмай, сонымен қатар ақпараттық ресурстарға қол жетімді мәдени, білім ошағы бола отырып, ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың маңызды компоненттеріне айналғанына көз жеткізе аламыз. Цифрлық трансформация жағдайында, деректер көлемі айтарлықтай шарықтаған кезде, кітапхана орталықтары ақпаратты ұйымдастырып сақтауда және таратуда шешуші рөл атқарады.

Электрондық кітапхананы, мәліметтер базасын, ашық цифрлық мұрағаттарды, ойлайн-ресурстарды құру, цифрлық платформалар ақпарат көздерін кең аудиторияға

қол жетімді етуге мүмкіндік береді. Бұл процесс оқырмандар үшін өте тиімді, кітапхананың географиялық мекен-жайына қарамастан қажетті материалдарын табуын оңтайландыратын ашық ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына ықпал етеді [7].

Сонымен қатар, кітапхана халықтың ақпараттық мәдениетімен цифрлық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы кітапханаларының дамуында қазіргі қоғам деңгейінен айтарлықтай артта қалушылық сезіледі, сондықтан қазіргі күні кітапхананың беделін арттыру үшін мемлекет тарапынан қолдау қажеттілігі туындап отыр.

Интернет арқылы электрондық кітапханаға қол жеткізгенімен дәстүрлі кітапханамен салыстырғанда біраз кемшіліктерге ие. Онда кітапханашылар, формулярлар немесе қайтару мерзімі, кітапханашыдан бетпе-бет кездесіп, кеңес алу, әдеби жанрлары жөнінде пікір алмасу т.б. процесстерді іске асыра алмайды. Жалпы айтқанда оқырмандардың кітапхана ғимаратына келуі азаяды, бұр процесс кітапхана қызметіне нұқсан келтіреді.

Электронды кітапхананы пайдалану қазіргі қоғам үшін өте тиімді болып отыр, өйткені үйден шықпай-ақ, аз уақыт ішінде қол жеткізуге болатын ресурстардың қоймасы [8].

Қазіргі таңда қоғамдағы кітапхананың қызметі қандай?

Кітапхана тек ақпарат пен білім көзін жинақтайтын орта ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны сақтап, насихаттайтын мекеме ретінде мұражай қызметін де атқарып келеді. Алайда, әлі күнге дейін көпшілік арасында оны тек кітап қоры сақталатын орын ретінде қарастыру тенденциясы сақталған.

Заманауи қоғаммен бірге кітапхана үнемі дамып, ілесіп отыруы қажет, кітаптарды тек сақтап және тарату функциясы жеткіліксіз. Қазіргі қоғамның ағымымен, жылдам қарқынмен оқырман сұранысын орындау қажет және оқырман қауымға тек кітаптар ғана емес, басқада мотивациялық, рухани әсер бере алатындай шараларды жүзеге асыру қажет болып отыр.

Қазіргі кезеңдегі ақпараттық қоғамда кітапханаларға қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеріп, оқырмандардың да сұранысы артып келеді. Қоғамдағы әлеуметтік және технологиялық өзгерістер кітапхана қызметінің құрылымы мен мазмұнына тікелей ықпал етуде. Бұл жағдай кітапханалық еңбектің бағытын, ресурстарды пайдалану тәсілдерін және кітапхана кеңістігінің аясын жаңаша қарастыру қажеттілігін туындатып отыр. Дәстүрлі кітапханалардың шекаралары жойылып, қызмет көрсету жүйесі нақты кеңістіктен виртуалды ортаға көше бастады.

Заманауи кітапхана тек өз қорын ұсынумен шектелмей, өзге мекемелердің ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар интерактивті сипатқа ие болып, ішкі қорларын цифрлық форматқа көшіру арқылы жаһандық желіде өзге кітапханалармен ықпалдасуға мүмкіндік береді. Осы үдерістер аясында кітапханааралық абонементтерді кеңейту, цифрлық платформалар арқылы ақпараттық ресурстарды біріктіру және кітапхана қызметін жаңғырту – замана талабы болып отыр.

Бұндай қоғамдағы өзгерістер мен талаптар кітапхана қызметін жандандырып, кітапханааралық абонементтер мен кітапхана ресурстарын жинақтайтын цифрлық платформаларды дамыта түседі.

Қорытынды

Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы кітапхананың қоғамдағы орны мен беделін біршама арттырып отыр. Қазіргі таңдағы кітапхана тек ақпарат көздерін сақтап, ұсынатын мекеме ретінде қарастырылмайды, сонымен қатар ақпарат кеңістігінің ажырамас бөлшегі.

Кітапхана қызметіндегі цифрландыру жүйесінің дамуы мен үлкен деректердің ене бастауы кітапхана функцияларын кеңейтіп, оның ақпаратты сақтаушы ғана емес, таратушы және өңдеуші орталық ретіндегі бірнеше қызмет бағыттары да қарастырылды.

Зерттеу мақаласында кітапхана оқырмандардың сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, ақпараттық сауаттылықты арттыру, цифрлық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ тұтынушылардың ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін дамытудағы маңызы анықталды. Сонымен қатар, дәстүрлі оқу мен қазіргі электронды оқулардың ерекшеліктері, жетістіктері мен кемшіліктері салыстырмалы түрде талданды.

Болашақта кітапханалардың қоғамдағы байланыстырушы ақпараттық көпір ретіндегі рөлін нығайту үшін цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, қызметкерлердің IT-біліктілігін арттыру және пайдаланушылармен интерактивті қарым-қатынас орнату аса маңызды. Осылайша, кітапхана – ақпараттық қоғам мен білімді ұрпақ қалыптастыру жолындағы негізгі стратегиялық институттардың бірі екендігі дәлелденді.

Цифрлық сауаттылық және ақпараттық мәдениет қазіргі қоғамдағы маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Кітапхана осы дағдыларды дамытуда үлкен рөл атқарады.

Сонымен кітапхана ақпараттық кеңістікті құруда ресурстарды басқарудың тиімді орталығы болып табылады, олардың қызметі цифрлық сауаттылықты арттыру мен ақпараттық қоғамды дамыту үшін шешуші фактор болып табылады.

Кітапхана беделі күн сайын артып келеді, тек кітап сақтайтын мекеме емес, сонымен коворкинг орталықтары ретінде адамдардың демалыс орындарына айналып келеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік институт ретіндегі бірнеше функцияларын атап өтуге болады. Білім мен ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді, халықтың ақпараттық сауаттылығын арттыру функциясы, мәдени мұрамызды сақтап тарату, әлеуметтік интеграция мен даму, ғылыми зерттеулер мен инновациялар, ғылыми трансформация және жаңа технологиялар осы аталғандар негізгі функциялардың бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, кітапхана мекемелері қандай дәуір болмасын өзінің қоғамдағы маңыздылығы мен орнын жойған емес. Жоғарыда аталған функцияларын ескере отырып, қоғамдағы орны мен маңыздылығын арттыру үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Бурдьё П. Социология социального пространства. Пер. франц.; отв. ред. перевода Н.А. Шматко. – М.: Институт экспериментальной социологии; СПб.: Алетейя, 2007. – 288 с.
2. Матвеев В.В., Грибков Д.Н., Ефименко И.С. Возможности применения генеративных нейросетей в обучении библиотекарей для повышения качества их подготовки. Научно-

методический электронный журнал «Концепт». – 2024. – №04. – С.65-85. DOI: 10.24412/2304-120X-2024- 11044

3. Гордукалова Г.Ф. Анализ информации: технологии, методы, организация: учеб.-практ. пособие. – СПб.: Профессия, 2009. – 512 с.

4. Маслакова М.В., Толстоухова И.В. Библиотечно-информационная педагогика в структуре современного библиотечно информационного образования. Вестник Томского государственного университета, культурология и искусствоведение. – 2021. – № 43. – С. 298-304.

5. Матвеева И.Ю. Креативный менеджмент в библиотеке: учебно- практическое пособие. – М.: Литера, 2012. – 144 с.

6. Фрэнкс Б. Укрощение больших данных: как извлекать знания из массивов информации с помощью глубокой аналитики. Билл Фрэнкс; пер. с англ. Андрея Баранова. – М.: Манн, 2014.

7. Kolbayev N., Tuyenbayeva K., Seitimbetova D., Apakhayev N. From the journal Preservation, Digital Technology & Culturehttps. DOI: 10.1515/pdtc-2024-0001

8. Современная библиотека: от идеи к реализации: методические рекомендации. Иркутская областная государственная научная библиотека им. И.И. Молчанова Сибирского; сост.: Ю.А. Ефремова, А.С. Гусева. – Иркутск: ИОГУНБ, 2020. – 74 с.

Н.Б. Денгельбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Роль библиотек в формировании информационного пространства

Аннотация. В статье анализируется роль современной библиотеки, которая занимает важное место в формировании информационного пространства общества. В работе рассматриваются ключевые аспекты цифровой систематизации информационных ресурсов, влияние технологий обработки больших данных на библиотечную сферу, а также структура, функции и особенности информационного пространства как среды функционирования библиотек. Библиотека анализируется не только как хранилище знаний, но и как активный центр распространения информации, повышения цифровой грамотности и развития информационной культуры населения. Освещаются основные типы информационных ресурсов, с которыми работает современная библиотека: рукописи, печатные издания, книги, а также различные формы электронных медиаресурсов. Интеграция информационно-коммуникационных технологий в библиотечную деятельность способствует не только расширению спектра предоставляемых услуг, но и упрочению позиции библиотеки как значимого культурно-социального института. В результате библиотека предстает как многофункциональное учреждение, играющее важную роль в глобальном информационном пространстве и удовлетворяющее современные требования цифрового общества. Также будут рассмотрены новые современные возможности библиотеки: открытый доступ, открытые лицензии, распространение электронных коллекций, информационная культура и цифровая грамотность.

Ключевые слова: информационная технология, библиотека, электронная коллекция, рукописи, социальный институт, информационная культура, цифровая грамотность

N.B. Dengelbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The role of libraries in shaping the information space

Abstract. The article analyzes the role of the library in the formation of the modern information space and its place in society, the digital systematization of information resources, the impact of big data on library activities, as well as the concept of information space, its structure, function, as well as the specifics and actual problems of the modern library as a single important component of the information space. The functions of the library as not only a keeper of information resources, but also a center for disseminating knowledge, increasing digital literacy, and forming an information culture are analyzed. Several components of the types of information in the activities of the library are considered, which today include manuscripts, books, and other printed publications, as well as all kinds of electronic media. The introduction of new information technologies in the activities of the library not only expands the scope of services, but also significantly strengthens the position of the library as a modern cultural and social institution, it is established that at present the library is a multifunctional cultural and social institution and describes the place, role, features and important points of the world information space in society. New modern features in the library: open access, open licenses, an increase in electronic collections, Information Culture, and digital literacy are also considered.

Keywords: information technology, library, electronic collection, manuscripts, social institution, information culture, digital literacy

References

1. Bourdieu P. Sociologija social'nogo prostranstva / Per. franc.; otv. red. perevoda N.A. Shmatko. [Sociologie sociale de l'espace / Translated from French; edited by N.A. Shmatko.] Institut jeksperimental'noj sociologii [Institute of Experimental Sociology]. (St. Petersburg, 2007, 288 p.)
2. Matveev V.V., Gribkov D.N., Efimenko I.S. Vozmozhnosti primeneniya generativnyh nejrosetej v obuchenii bibliotekarej dlja povysheniya kachestva ih podgotovki [Possibilities of using generative neural networks in librarian training to improve the quality of their preparation] Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Koncept» [Scientific and Methodical Electronic Journal "Concept"]. 04. 65–85(2024). DOI: 10.24412/2304-120X-2024-11044.
3. Gordukalova G.F. Analiz informacii: tehnologii, metody, organizacija: ucheb.-prakt. Posobie [Information analysis: technologies, methods, organization: textbook-practical guide]. (St. Petersburg, 2011, 512 p.)
4. Maslakova M.V., Tolstoukhova I.V. Bibliotечно-informacionnaja pedagogika v strukture sovremennogo bibliotечно informacionnogo obrazovanija [Library and Information Pedagogy in the Structure of Modern Library and Information Education] Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, kul'turologija i iskusstvovedenie [Bulletin of Tomsk State University. Cultural Studies and Art History]. 43. 298–304(2021).
5. Matveeva I.Yu. Kreativnyj menedzhment v biblioteke: uchebno- prakticheskoe posobie [Creative Management in the Library: Textbook-Practical Guide]. (Moscow, 2012. 144 p.)

6. Franks B. Ukroshhenie bol'shikh dannykh: kak izvlekat' znanija iz massivov informacii s pomoshh'ju glubokoj analitiki / Bill Frjenks; per. s angl. Andreja Baranova [Taming Big Data: How to Extract Knowledge from Large Data Sets Using Deep Analytics. Translated by Andrei Baranov]. (Moscow, 2014).

7. Kolbayev N., Tuyenbayeva K., Seitimbetova D., Apakhayev N. Preservation, Digital Technology & Culture. (2024). DOI: 10.1515/pdte-2024-0001.

8. Efremova Y.A., Guseva A.S. Sovremennaja biblioteka: ot idei k realizacii: metodicheskie rekomendacii // Irkutskaja oblastnaja gosudarstvennaja nauchnaja biblioteka im. I.I. Molchanova Sibirskogo; sost.: Ju.A. Efremova, A.S. Guseva. [Modern Library: From Idea to Implementation: Methodological Guidelines. Irkutsk Regional State Scientific Library named after I.I. Molchanov-Sibirskiy]. (Irkutsk, 2020, 74 p.)

Автор туралы мәлімет:

Денгельбаева Н.Б. – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Денгельбаева Н.Б. – докторант 1 курса образовательной программы «Библиотечные информационные системы» Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Dengelbaeva N.B. – 1st year doctoral student, educational program “Library Information Systems”, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



МРНТИ: 19.51.65

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-33-48>

Кітап индустриясына инвестиция тартудың жаңа жолдары

Қ.М. Мұқатаева*^{ID}, А.Ә. Рамазан^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: *tantal.km@mail.ru, ramazan.aigul@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы баспа индустриясы мәселелері мен оны дамыту, жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылады. Мемлекеттік және жеке қаржыландыру көздері, қолданыстағы бағдарламалар мен халықаралық тәжірибе талданады. Сондай-ақ, отандық кітап нарығын дамыту үшін қажетті стратегиялық шаралар ұсынылады. Зерттеудің әдістемесі әлеуметтік зерттеуге, ашық дерек көзі мен әлемдік кітап баспа ісінің даму динамикасының деректерінен құрылған. Қазіргі күнде қай мемлекет болсын кітап басу саласын қаржыландырудың әр түрлі жолдарын қарастыруда. Кітап шығаруды қаржыландырудың әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық баспалардың тығырықтан шығу жолдары көрсетіледі. Баспа саласы бәсекеге қабілетті болу үшін қоғамның да белсенділігінің жоғары болуы маңызды. Сонымен бірге шет мемлекеттерде, ТМД елдерінде жазушылардың кітаптарын басып шығаруға ат салысып жүрген әдеби агенттердің қызметі де жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Сондықтан жазушы мен баспа, оқырман арасындағы дәнекер – әдеби агенттердің қызметін біздің кітап өндіру саласына кеңінен енгізу де кезек күттірмейтін мәселе. Мақаланы жазудағы мақсат – кітап кеңістігіндегі өзгеріске сараптама жасап, толғақты мәселелерді саралау және оны жақсартуға қатысты ұсыныс тұжырымдамалар әзірлеу.

Түйін сөздер: кітап ісі, қаржыландыру, мәдени мұра, краудфандинг, Kickstarter, баспалар, мемлекеттік бағдарламалар.

Кіріспе

Қазақстандағы кітап баспа индустриясы тарихи және мәдени маңызы бар сала. Тәуелсіздік алғаннан кейін, елімізде кітап басу мен тарату жүйесінде көптеген өзгерістер орын алды. Кітап индустриясы – мәдениеттің маңызды бөлігі және білім таратудағы

Түсті: 16.04.2025; Мақұлданды: 20.05.2025; Онлайн қолжетімді: 28.06.2025

негізгі құралдардың бірі. Сондықтан, қазіргі нарық жағдайында баспа ісін дамыту мен кітап шығаруға инвестиция тарту өзекті мәселе болып қала бермек.

Дербес даму жолына түскеннен кейін Қазақстанда ұлттық кітап басу ісі жаңаша даму жолына түсті. Кеңестік кезеңде іргетасы қаланған мемлекеттік баспалар жекешеленіп, өз күнін өзі көретін немесе мемлекеттен дотация алу арқылы өнім шығаратын баспаларға айналды. Кейбір баспалар нарық заңына шыдас бермей, жабылып қалды. Есесіне нарыққа бейімделген, кітап шығару руханияттың олжасы екенін түсінетін, сонымен қатар бизнес көзі екенін жасырмайтын креативті баспагерлер толқыны баспа ісіндегі сенді бұзып, өзгеше ағысқа түсірді.

Нарық заңында бәсекелестік артқан кезде сапаға мән беру, репутацияға нұқсан келтірмеу басты орынға шығатыны ақиқат. Соңғы жылдары баспа өнімдерінің тақырып ауаны кеңейді, оқырман сұранысына ыңғайлапшығару қолға алынды. Кеңестік идеологияға сай келмей, зынданға салынған шығармалар қайта шығарылып, оқырманымен қауышты.

Кеңестік кезеңде бірлі-жарлы аудармалар болмаса, шетелдік шығармаларды Ресей тілмаштары орыс тіліне тәржімалап, содан кейін қазақ тіліне аударылатын еді. Соңғы он жылдықта ағылшын тілінен қазақ тіліне жатық аударатын аудармашылардың қалыптасуы, баспагерлердің шетелдік авторлармен тікелей байланысқа шығып, әлем әдебиетінің жауһарларын, ғылым саласындағы озық еңбектерді ана тілімізде ұсынуына мүмкіндік берді.

Еліміздің баспаларының халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысуына жол ашылды. Бұл, өз кезегінде, отандық әдебиетті әлемдік аренада танытуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары кітап басу саласында цифрландыру үрдісі басталды. Электронды кітаптар мен онлайн платформалардың пайда болуы, оқырмандар үшін өте ыңғайлы болды, үйден шықпай-ақ оқуларына мүмкіндік туды.

Елімізде қолға алынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында кітапханалар мен баспалар цифрлық контентті дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыра бастады. Қазақстанның кітап басу саясаты халықаралық деңгейде даму жолына бет бұрды.

Заманауи кітап нарығы мен кітап тарату жүйесінде цифрлық технологиялардың ықпалымен елеулі өзгерістер орын алуда. Кітаптардың таралуы мен тұтынушы сұранысы жаңа формада дамып, авторлар мен оқырмандар арасындағы байланысты нығайтуда. Бұл саладағы өзгерістер мәдениет пен білім беру саласында да нақты нәтижелер беруде. Қазақстандағы кітап баспа индустриясы қазіргі уақытта бірнеше негізгі бағытта дамып келеді. Біріншіден, баспа ісімен айналысатын мекемелер мен баспалардың қатары көбейді.

Сонымен бірге цифрлық технологиялардың баспа өндірісіне енуі кітап басу процесін жеңілдетті. Цифрлы технологиялардың дамуы, жаңа платформалардың пайда болуы мен маркетинг стратегияларының өзгеруі – баспа индустриясын жаңа сатыға көтерді.

Осы кезеңде мемлекеттік органдардың баспа қызметін демократияландыру туралы, баспалардың, баспаханалардың құқын кеңейту, өздігімен жұмыс істеу, өзін-өзі қаржыландыруға өту туралы шешімдері жүзеге асырылды. Заманауи қазақстандық кітап репертуарын қалыптастыру саясатының жаңа кезеңі басталды. Үкімет тарапынан оған үлкен көңіл бөлінді [1]. Қазақстандағы саяси, әлеуметтік өзгерістер, баспадан шығатын кітап өнімдерінің тақырыбына, мазмұнына, көлеміне және сапасына әсер еткенін де

атап өткен жөн. Бұл кезеңде репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің есімдері қайта жаңғыртылып, шығармалары оқырмандармен қауышты.

Цифрландыру, жергілікті авторлардың шығармаларына сұраныс, білім беру әдебиетінің қажеттілігі – бұл нарықтың негізгі трендтері. Болашақта инновациялық технологиялар мен халықаралық ынтымақтастық арқылы Қазақстанның кітап нарығы жаңа биіктерге жету жолына бет бұрды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Қазақстандағы баспа ісінің даму бағытын, салаларын, өзекті мәселелерін көрсету. Осы мақсатқа орай алға мына міндеттер қойылды: бүгінгі баспа репертуарын қалыптастыру жолдары, кітап индустриясында инвестиция тартудың жаңа жолдары, баспа ісіндегі цифрландырудың ықпалы мен қоғамға әсерін айқындау, оқырман санын арттырудағы мүмкіндіктерін көрсету, отандық баспалардың цифрландыруға көшудегі жаңашылдықтарын анықтау, сондай-ақ цифрландырудың кері салдары немесе кедергілердің алдын алудың жолдарын қарастыру. Зерттеу материалдары – шетелдік және отандық баспа ісін зерттеушілердің еңбектері, баспа өнімдері, статистикалық, библиографиялық зерттеулердің нәтижелері алынды.

Әдіснама

Зерттеуді ұйымдастыру үш кезеңнен тұрды: бірінші, даярлық – деректерді жинақтау, қор құру, танысу, тақырыпты зерттеу; екінші – мағлұматтарды сүзу, қорытып, жазу және көрнекілеу, диаграмма, кестелерді әзірлеу; үшінші – ғылыми сараптама және жариялау. Жұмыста қолданылған әдістер: әлеуметтік сауалнамалар, салыстырмалық талдау, дерекқорларымен жұмыс және бақылау, анализ бен синтез. Қазақстан Республикасы баспасөзі статистикалық жинағымен талдау жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Кітап туралы жалпы білім беретін ғылым – кітаптану деп аталады, бұл терминнің ғылыми айналымға енуіне үлес қосқан зерттеуші – Н.М. Лисовский. Ол кітаптану ғылымын кітапқа байланысты техникалық, тәжірибелік және теориялық білімдердің басын құрайтын ғылым деп түсіндірді. Кітаптану ғылымына А.М. Ловягин, Куфаев, Н.А. Рубакин, А.Г. Фомин, т.б. елеулі үлес қосты. Қазақстан ғалымдарынан кітап ісіне байланысты зерттеулер жүргізген Ә. Жиреншин [2], Ш. Елеукенов [3, 4], С. Рахимжанова [5], т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Кітаптану – тұтас, жүйелі ғылым. Ол кітап және кітап ісін зерттейді: баспагерлік іс, кітап өнері, кітап саудасы, кітапхана, библиография салалары кітаптану жүйесінің қосалқы жүйелері болып табылады. XVIII ғасырдың бас шенінде қалыптасқан кітаптану ғылымының дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Екінші кезең – кеңестік кезең. Үшінші кезең – қазіргі кезең.

Үш кезеңдеде кітапханатану және библиографиятану салаларын зерттеу еңбектер жетерлік.

Ал кітапты зерттеу мәселесіне келгенде, әсіресе үшінші кезеңде ғылыми сараптамалар мен тұжырымдамалар отандық зерттеулерде, соның ішінде қазақ тілінде зерттеулердің қатары тым жұтаң. Дегенмен де мақаланы жазуда В.М. Жарковтың [6], Е.И. Комаровтың [7], П. Форсайттың [8], Ю.Ф. Майсурадзелардың [9] еңбектері баспаның маркетингтік қызметі, кітап өнімдерін сату әдістеріне байланысты қарастырылса, қаржыландыру мәселелеріне келгенде Н. Штайгенбергер, Д.В. Шкуркин, А.Е. Ковальчук, А.О. Теплякова, А.А. Крыжановская, В.А. Трофимовалардың зерттеулеріне жүгіндік.

Талдаулар мен нәтижелер

Соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде кітап басу ісі қарқынды дамып, кейінгі жылдары табысты салаға айналды. Соңғы зерттеулерге жүгінсек, әлемде 600 мыңға тарта баспа және баспа ісімен айналысатын мекемелер бар. Оның төрттен бірі АҚШ-та. Баспа саны жағынан алдыңғы қатарлы елдің бірі – Ұлыбритания. Соңғы деректер бойынша Ұлыбританияда – 60 мың, Францияда – 25 мың, Германияда – 20 мың, Жапонияда – 20 мың баспа және баспа ісімен айналысатын мекемелер тіркелген [10].

Әлемдік баспа саласы өзінің өндірістік көлемімен қатар, даму қарқынымен де ерекшеленеді. Соңғы онжылдықта жер жаһандағы баспалар саны үш есеге артқан. Мұндай өсім дәстүрлі түрде қызмет етіп келе жатқан ірі баспа ұйымдарының жұмысымен бірге, кейінгі жылдары саны көбейген шағын және орта деңгейдегі баспалардың, сондай-ақ баспа ісімен айналысатын мекемелер мен кәсіпорындардың пайда болуымен тікелей байланысты.

Мұндай баспалар мен баспа ісімен айналысатын мекемелердің көбеюі толыққанды және сапалы статистикалық деректерді жинауды қиындатты. Сол себепті ЮНЕСКО тарапынан жарық көретін «Кітап басылымының ЮНЕСКО жылнамасы» соңғы жылдары әлемдегі баспа өнімдері туралы толық анықтама-ақпарат бере алмай отыр [10]. Қазіргі кезде ЮНЕСКО жылнамасы тек жекелеген мемлекеттердің ғана статистикалық көрсеткіштерін қамтиды және жарияланатын мәліметтердің кең көлемде толықтыруын қажет етеді.

1990-жылдардан бері баспа ісіндегі статистикалық ақпарат көздері арасында «Халықаралық баспагерлер агенттігі» (МАИ) (IPA) ерекше орын алуда. Бұл агенттік әртүрлі елдердің ұлттық баспагерлер қауымдастықтарын біріктіріп, кітап нарығының жай-күйі туралы жан-жақты әрі нақты деректерді ұсынады. Әр мемлекеттің баспагерлер қауымдастықтары жариялайтын ақпараттар шынайылығы мен жеделдігі арқылы ерекшеленеді [10].

Осы дереккөздерге қоса, түрлі мерзімді басылымдар, көрме-жәрмеңкелер және әлеуметтік зерттеулер мәліметтеріне сүйене отырып, әлемдік деңгейде ең көп кітап шығаратын мемлекеттердің үздік ондығын анықтауға мүмкіндік туады. Алайда, әр елде кітап өндірісіне қатысты статистикалық есеп жүргізу әдістері әртүрлі және барлық баспа өнімдері толық қамтыла бермейді. Соған қарамастан, қолжетімді деректерді салыстыру нәтижесінде үздік елдер тізімі жасалуда. Бұл рейтинг жыл сайын шығарылатын кітап көлемінің өзгеруіне қарай қайта қаралып, кейде орындары ауысып келіп отыруы да мүмкін.

№	Мемлекет	Шыққан кітап саны	Баспасаласының табысы, миллион АҚШ доллары
1	АҚШ	304 9121	23 614,3
2	Ұлыбритания	186 000	4 755,1
3	Италия	125 948	3 490,6
4	Ресей	99 8573	1 084,14
5	Франция	97 327	2 977,2
6	Түркия	88 975	923,5
7	Испания	83 622	2 786,9
8	Германия	77 272	10 625,9
9	Жапония	69 850	10 824,5
10	Корея	65 432	6 225,3

Кесте 1. Әлемдегі ең көп кітап шығаратын үздік 10 мемлекет

Ескертпе: [11] деректер негізінде құрастырылған

ISBN агенттігінің анықтамалығына жүгінсек соңғы басылымында 210 мемлекеттен 499.021(жарты миллионға жуық) баспа тіркелген деген мәліметті көреміз [12].

Қазақстан баспа өнімдеріне келетін болсақ, 2023 жылы ҚР Кітап палатасына 261баспа мен баспа ісімен айналысатын мекемелер тіркелген.

Жалпы есеп бойынша 2023 жылы таралымы 4 млн. 214 мың 820 дананы құрайтын 4012 кітап және кітапшалар атауы көрсетілген [13].

There are two main forms of radical feminism and the majority of feminists who identify themselves as radical are likely to belong to one of them. The beliefs of radical libertarian feminists are based on the idea that gender is a social construct distinct from sex and that male-dominated societies set draconian gender rules to exert control over the female sex, and that men deliberately oppress women for their own benefit [19]. It is the system of patriarchy that is oppressive, not individual men. Radical libertarian feminists believe that women should be free from any kind of coercion in the field of sexual attitudes. Radical feminism has made it clear that gender and economics are at the root of women's oppression [20].

Radical cultural feminists, on the other hand, conclude that the idea of heterosexuality reflects the dominance of the male gender over the female gender, and is conducive to many evils such as sexual harassment, rape and prostitution. In the case of pornography, radical cultural feminists want to limit the distribution of material that causes the male gender to mistreat the female gender and makes the female gender feel like second-class human beings. Radical cultural feminists believe that women are mothers by nature and therefore their reproductive rights are of utmost importance. Although IVF (In Vitro Fertilization) is promoted as a treatment for infertility, the emphasis of the technology is on controlling fertility. For example, it shows that men feel alienated from the process of reproduction and creation and therefore seek to dominate it [21].

In general, feminism opposes gender norms and fights for the change or elimination of these norms. Feminism seeks to ensure that women have equal rights and opportunities with men in

social, political and economic spheres. In other words, it defends gender equality and gender roles. It argues that people should live according to their own abilities and preferences, not according to gender expectations.

Feminism in Kazakhstan. The pace of development of feminism varies greatly from country to country. The women's movement in Kazakhstan has been active since the 1980s. In Kazakhstan, there are the Muslim Women's Union, the Women and Law Union, the Creative Startup Union, the Zhanar Fund for Supporting Women Entrepreneurs, the Women Entrepreneurs of Kazakhstan, and others [22]. These associations aim to defend women's rights, ensure women's active participation in the economy and culture, and improve their social status. Since then, the struggle for women's rights has not lost its importance and has expanded the scope of issues addressed.

On June 20, 2023, the World Economic Forum published the Global Gender Gap annual report on gender equality. The index measures the level of gender gap in countries through 14 different variables in 4 key areas ("Economic Participation and Career Opportunities", "Education", "Health and Survival", "Political Empowerment and Opportunities"). The current study covers 146 countries of the world. According to the report, Kazakhstan ranks 62nd and has reached 72.1% gender equality, 0.2 points higher than in 2022. Overall, between 2012 and 2023, Kazakhstan's gender gap index was between 0.710-0.722 points (or 71.0-72.2%) [23]. The results of the study show that the country's position in the ranking is influenced by changes in the "Economic Participation and Career Opportunities" and "Political Empowerment and Opportunities" indices.

On March 13, 2024, the United Nations Development Program published the results of the Gender Inequality Index. According to the results, Kazakhstan ranked 67th with a value of 0.802. The decline in Kazakhstan's position is due to the deterioration of the values of the indicators "Average expected duration of education" and "Gross national income per capita" [24]. Despite the significant decline in positions, Kazakhstan has continued to be among the countries with very high levels of human development over the last few years.

In 2020, amendments to the Laws "On Elections of the Republic of Kazakhstan" and "On Political Parties" were adopted. According to these amendments, the number of women and youth on party lists should be at least 30%. In 2024, the Senate approved amendments to the law on women's rights and child safety in two readings. The amendments aim to improve the legal, social, institutional and other foundations of the state's family policy, strengthen the protection of women's rights and children's safety, tighten administrative and criminal liability for safety violations, and prevent domestic violence.

The existence of feminist organizations such as Feminita, KazFem, and FemAgora in Kazakhstan today is a positive development, but the fact that these feminist organizations are located in big cities and some of them only in Almaty is a big disadvantage. This shows that the views and interests of women in other regions may not be taken into account when making decisions.

Research Methods

The critical discourse analysis technique was preferred for the study. The analysis was conducted on 27 news articles on domestic violence published on the Adyrna news portal

between 2020-2024. Adyrna is known as a media company that prioritizes social and cultural issues and takes a local and national stance. From this perspective, it is a suitable example for analyzing local media discourse. However, the portal's emphasis on themes such as women, family and tradition allows for a critical reading from a feminist perspective. In the data collection process, news articles published on Adyrna with keywords such as "domestic violence", "violence against women", "victims of violence" and "violence" in their titles were scanned.

Critical discourse analysis examines how language shapes and reproduces social power relations. This analysis goes beyond media to show how language reflects and reinforces social norms, ideologies, and power dynamics. Critical discourse analysis describes how language is shaped at the individual and social levels and how this contributes to inequalities in society. In this context, it explores in depth the relationships between social factors such as language, class, gender, race, and ethnicity.

Findings

List of articles published on the Adyrna on the topic of domestic violence:

2020:

07.24.2020 – When will domestic violence stop?(<https://www.adyrna.kz/index.php/post/42175>)

2021:

06.08.2021 – There is no domestic violence! (<https://adyrna.kz/post/80427>)

24.08.2021 – Domestic violence is prohibited by law (<https://adyrna.kz/post/82180>)

12.12.2021 – Uzbekistan treats victims of violence free of charge (<https://adyrna.kz/post/96323>)

2022:

16.07.2022 – The law is amended in the field of family and domestic offenses (<https://adyrna.kz/post/121494>)

30.07.2022 – Upbringing should be corrected in kindergarten: a famous lawyer told about ways to combat domestic violence (<https://adyrna.kz/post/123266>)

2023:

18.04.2023 – Domestic Violence Victim Assistance Center started working in Kunaev (<https://adyrna.kz/post/154577>)

15.05.2023 – Police will open a case even if there is no complaint about domestic violence (<https://adyrna.kz/post/156287>)

26.06.2023 – If you have been subjected to domestic violence, call the hotline! (<https://adyrna.kz/post/167460>)

13.11.2023 – Stop violence against women. A flash mob has started in Kazakhstan (<https://adyrna.kz/post/176821>)

26.11.2023 – Almaty held an action against violence (<https://adyrna.kz/post/178418>)

26.11.2023 – Started the action 16 days of activity against violence (<https://adyrna.kz/post/178387>)

15.11.2023 – National Commission on Women's Affairs discussed issues of domestic violence (<https://adyrna.kz/post/177095>)

02.12.2023 – Dangerous connections. An exhibition dedicated to domestic violence was held in Almaty (<https://adyrna.kz/post/179304>)

2024:

03.01.2024 – Tokayev: criminal liability for committing domestic violence has been significantly toughened (<https://adyrna.kz/post/182752>)

21.02.2024 – Dinara Zakirova spoke about the adopted draft law on domestic violence (<https://adyrna.kz/post/187733>)

13.03.2024 – Trying to justify domestic violence. TV show on Khabar channel became a racket (<https://adyrna.kz/post/190110>)

11.04.2024 – The Senate passed a domestic violence bill (<https://adyrna.kz/index.php/post/193744>)

28.04.2024 – Australia marches against violence (<https://www.adyrna.kz/index.php/post/195910>)

15.04.2024 – Zero tolerance for domestic violence. Kazakhstan toughens penalties for these crimes (<https://adyrna.kz/post/194268>)

07.05.2024 – After joining the MFA. A woman who was abused by her diplomat husband returned to the country (<https://adyrna.kz/post/197187>)

16.05.2024 – Abuse again. A police officer told the truth to a woman who abused her husband (<https://adyrna.kz/post/198234>)

09.06.2024 – A Kazakh girl disappeared in Germany. A journalist wrote about a woman who was abused by her husband and mother-in-law (<https://adyrna.kz/post/200896>)

17.06.2024 – After coming into force. A petition against the law on domestic violence is published (<https://adyrna.kz/index.php/post/201729>)

06.19.2024 – TV host reveals she was subjected to domestic violence (<https://adyrna.kz/post/201957>)

18.06.2024 – Absolutely false. DinaraZakhieva commented on the petition against violence (<https://www.adyrna.kz/index.php/post/201832>)

30.06.2024 – Ex-judge, who died in Germany from domestic violence, buried in Almaty (<https://adyrna.kz/post/203092>)

Table 1. Annual Data Overview

Adyrna.kz					
Month/Year	2020	2021	2022	2023	2024
January	0	0	0	0	1
February	0	0	0	0	1
March	0	0	0	0	1
April	0	0	0	1	3
May	0	0	0	1	2
June	0	0	0	1	5
July	0	0	2	0	0

August	1	2	0	0	0
September	0	0	0	0	0
October	0	0	0	0	0
November	0	0	0	4	0
December	0	1	0	1	0
Overall (27)	1	3	2	8	13

The highest number of articles on domestic violence was published in 2024 (13 articles), while the lowest number of articles was published in 2020 (1 article). Although 2023 was also a very busy year, it ranked second with 8 articles.




Figure 1. “Yearly Percentage Distribution (2020-2024) – Adyrna.kz”

When we analyze the titles of domestic violence articles from a feminist perspective, we can discuss how gender roles define the violence women are exposed to and how this is reflected in media and legal norms. First of all, the article titled “When will domestic violence stop?” published in 2020, is a general questioning of the problem. However, from a feminist perspective, this title can be seen as a kind of individual or temporary solution rather than a deeper social analysis of the problem. What is not emphasized is that to eradicate domestic violence, not only laws but also social norms need to be changed. Often domestic violence stems from women’s economic and social dependency and feminist theory recognizes violence not only as an individual problem but also as a reflection of gender inequality in society.

Articles published in 2021 with titles such as “There is no domestic violence!”, “Domestic violence is prohibited by law” emphasizes that violence is a universal problem and should be tackled by law. However, feminist theory argues that in order to eliminate gender inequality, not only legislation but also culture must change. In these articles, addressing domestic violence only within the framework of the law runs the risk of ignoring a broader social structural problem. In

addition, the article “Uzbekistan treats victims of violence free of charge” shows that the limited treatment of women’s victimization by medical services does not contribute to awareness of the social roots of violence. Looking at women victims of violence only as a physical problem leads to neglect of emotional, psychological and economic violence.

In 2022, articles with titles such as “The law is amended in the field of family and domestic offenses” and “Upbringing should be corrected in kindergarten: a famous lawyer told about ways to combat domestic violence” point to legislation and changes in the level of education to combat violence. However, from a feminist perspective, most of these regulations aim to criminalize violence rather than challenge the male-dominated structure. Domestic violence is deeply connected to social structures, and limiting the issue to legislation only reveals that no steps have been taken to transform these structures.

2023 stands out as a year with more social movements against violence. Headlines such as “Stop violence against women” and “Almaty held an action against violence” show public reaction to violence. Feminist movements go a step further in combating violence and advocating for the strengthening of women’s social and economic rights. The headline “Police will open a case even if there is no complaint about domestic violence” offers great protection to victims of violence, but the main issue here is to change the social and cultural conditions before women are subjected to violence.

It envisages additional legal and social measures to combat violence in 2024. However, from a feminist perspective, such measures often only address victims of violence in terms of victimization and neglect the goal of creating social change through empowerment, economic independence and gender equality. Unless these legal provisions include women’s rights to self-defense, equal education and economic opportunity, they will only punish violence.

Although the titles of the articles suggest that important legal and social steps have been taken in the fight against violence, it is clear that interventions from a feminist perspective cannot be sufficient without going to the roots of violence and reviewing social structures. Domestic violence should be considered not only as a criminal offense but also as a consequence of gender inequality and patriarchal structures.

Conclusion

The titles of articles on domestic violence on the Adyrna news portal reveal that the issue has been increasingly on the media agenda in recent years. In particular, the increase in the number of news articles published in 2023 and 2024 shows that public awareness has increased and that legislators and civil society are taking the issue more seriously. However, from a feminist perspective, the nature of this visibility and the way it is presented is critical. Because what is needed is not only a quantitative increase but also the creation of a qualified, critical, and transformative discourse.

The titles of articles mainly focus on the physical or legal processes faced by women victims of domestic violence, but the underlying social, cultural, and economic causes of this violence are not sufficiently analyzed. Feminist theory sees domestic violence not as isolated tragedies or incidents, but as a result of the systematic oppression of women by a patriarchal social

structure. Therefore, the media should not only report on violent incidents. It should also investigate the male-dominated values that contribute to violence, the subordinating roles of women in the traditional family structure, economic dependency and gender inequality. It is also notable that many of the article titles portray women only as "victims", leaving little room for women's narratives of empowerment or resistance. This leads to the perception of women as passive people in need of protection and feminist themes such as women's solidarity, self-defense and empowerment against violence remain weak in media discourse. However, in the struggle against violence, women need not only protection but also visibility, voice, solidarity and rights that will ensure social change. It should not be forgotten that a form of violence that affects women's lives can be overcome not only through legal reforms and police intervention, but also through social awareness, educational policies, economic independence, and cultural change. The media makes an important contribution to this transformation. Therefore, when addressing the issue of domestic violence, answers should be sought not only to the question "what happened" but also to deeper questions such as "why it happens", "who is affected", "how it can be prevented" and "what is the place of women in this struggle". This is the only way to move towards a truly transformative, egalitarian, and violence-free society.

References

1. Lerner G. The Creation of Patriarchy. (Oxford: Oxford University Press, 1986).
2. Scott J. Gender and the Politics of History. (New York: Columbia University Press, 1999).
3. Boxer M. J., Quataert J. H. Connecting Spheres: Women in the Western World 1500 to the Present. (Oxford: Oxford University Press, 1987).
4. Brandt G. Philosophical Anthropology of Feminism: The Nature of Woman. (St. Petersburg: Aleteia, 2006).
5. Krykova I.V. The Feminist Movement of the "First Wave": Peculiarities of Ideology and Organization. Journal of Tomsk University. 7(75). 151-158 (2009).
6. Shmeleva O. N. Discursive Analysis of Feminist Texts: On the Material of Problem-Portrait Essays of the German Political Feminist Magazine "EMMA". Astrakhan State University. (Moscow, 2006).
7. Bryson V. Feminist Political Theory. (United Kingdom: Macmillan, 1992).
8. Gordon A. D. The Problem of Women's History. In Bernice A. C. (Ed.), Liberating Women's History. (Chicago: University of Illinois Press, 1976, 75-92 p).
9. Downs L. L. Writing Gender History. (London: Hodder, 2004).
10. Dicker R. C. Catching a wave: Reclaiming feminism for the 21st century. (Boston: Northeastern University Press, 2003).
11. Heywood L. The women's movement today: An encyclopedia of third-wave feminism. (Westport, Connecticut: Greenwood Press, 2006).
12. Reese J. The essential elements of third wave feminism. (LaVergne, TN: Six Degress Books, 2011).
13. Snyder R. C. What is third-wave feminism? A new directions essay. Journal of Women in Culture and Society. 34(1). 175-196(2008).
14. Mill J. S. The Subjection of Women. (New York: Henry Holt and Company, 1879).
15. Mises L. Liberalism. (San Francisco: Cobden Press, 2002).

16. Rowbotham S. Threads through Time: Writings on History and Autobiography. (London, 1999).
17. Adamson N., Molgat A. The mystique of feminist process: A report from the NAC AGM. Cayenne. 4(2). 5-6(1988).
18. Willis E. Radical feminism and feminist radicalism. Social Text. 9(10). 91-118(1984).
19. Whetmore E. (2014). Empowering Women—A Series of Articles About the Surge in and Fragmentation of Mid-20th-Century American Feminist Theory: Article 1: Radical Notions. Available at: <https://journals.sagepub.com/doi/pdf/10.1177/2158244014543784>. (accessed at 27.10. 2024)
20. Burnham L., Louie M. (1985). The Impossible Marriage: A Marxist Critique of Socialist Feminism. Available at: <https://www.goodreads.com/book/show/49208569-the-impossible-marriage>. (accessed at 2.09. 2024)
21. Rowland R. A child at any price? Women's Studies International Forum, 8(6), 539-546(1985).
22. Sekenova N.M. The current state of feminism in Kazakhstan and its prospects. Student Science Matters. 10(62), 161-165(2021)
23. World Economic Forum. (2023). Global Gender Gap Report. Available at: <https://www.weforum.org/publications/global-gender-gap-report-2023/digest/>. (accessed at 12.10. 2024)
24. United Nations Development Programme. (2024). Gender Inequality Index Report. Available at: <https://hdr.undp.org/data-center/thematic-composite-indices/gender-inequality-index#/indicies/GII>. (accessed at 12.10. 2024)

С.З. Тасболат

Эгей университеті, Измир, Түркия

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің «Адырна» парақшасындағы көрінісі

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің БАҚ-та қалай көрсетілетінін зерттеу. Атап айтқанда, 2020-2024 жылдар аралығында «Адырна» ұлттық медиа порталында жарияланған тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы мақалалардың тақырыптарын феминистік тұрғыдан талдауға бағытталған. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл әйелдерге физикалық, психологиялық немесе экономикалық зиян келтіру. Бұқаралық ақпарат құралдарының бұл мәселені қалай көрсететінін шешуші рөл атқарады. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның қабылдауына, заң шығарушылардың көзқарасына және әлеуметтік нормаларға тікелей әсер етуі мүмкін. Бұл мақала медиа-анализдің феминизм мүддесінде қалай пайдаланылатынын және гендерлік медиа контентін талдауда дискурс-анализінің тиімділігін көрсететінімен маңызды деп саналады. Ал зерттеудің практикалық маңыздылығы БАҚ қызметкерлеріне, журналистерге және әйелдер құқығын қорғаушыларға гендерлік тақырыпта мақалалар дайындау туралы идеялар береді. Мақаланың әдістемесі ретінде сыни дискурстық талдау таңдалды. Бұл әдіс мақала тақырыптарының негізінде жатқан идеологиялық көзқарастарды, билік қатынастарын және әлеуметтік нормаларды талдайды. Мақаланың теориялық негізін феминизм құрады. Мақалада келтірілген тұжырымдарға сәйкес, «Адырнадағы» тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы мақалалар саны жыл өткен сайын артып келеді. Мысалы, 2023 және 2024 жылдары мақалалар санының едәуір көбейгені байқалды. Алайда, «Адырна» жаңалықтар порталының көптеген материалдарында жәбірленушіні пассивті түрде көрсететін, қылмыскердің атын жасыратын немесе оның әлеуметтік себептеріне

емес, зорлық-зомбылықтың жеке салдарына назар аударатын дискурс бар екені анықталды. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізі себептерін көрсетпейді және патриархалдық нормалардың жалғасуына өз септігін тигізеді.

Түйін сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық, феминизм, Адырна, сыни дискурс, медиа

С.З. Тасболат

Эгейский университет, Измир, Турция

Освещение проблем домашнего насилия на страницах портала «Адырна»

Аннотация. Цель статьи – исследовать, как проблема домашнего насилия в Казахстане освещается в СМИ. В частности, анализ заголовков статей о домашнем насилии, опубликованных на национальном медиапортале «Адырна» в период с 2020 по 2024 год, направлен на прочтение с феминистской точки зрения. Домашнее насилие – это проблема, которая наносит физический, психологический или экономический ущерб женщинам. То, как СМИ освещают эту проблему, играет решающую роль. Это связано с тем, что СМИ могут напрямую влиять на общественное восприятие, отношение законодателей и социальные меры. Данная статья важна тем, что показывает, как медиаанализ может быть использован в интересах феминизма и как дискурс-анализ может быть эффективен при анализе гендерного медиаконтента. Практическая значимость исследования заключается в том, что оно дает идеи работникам СМИ, журналистам и защитникам прав женщин о том, как готовить статьи на гендерную тему. В качестве методологии статьи был выбран критический дискурс-анализ. В рамках этого метода анализировались идеологические установки, властные отношения и социальные нормы, лежащие в основе заголовков статей. Теоретическую основу статьи составила феминистская теория. Согласно выводам, количество статей о домашнем насилии в «Адырне» с годами увеличивается. Например, в 2023 и 2024 годах наблюдалась значительная концентрация количества статей. Однако выяснилось, что в большинстве материалов новостного портала «Адырна» присутствует дискурс, который представляет жертву в пассивном виде, скрывает имя преступника или фокусируется на индивидуальных последствиях насилия, а не на его социальных причинах. Это игнорирует причины домашнего насилия и воспроизводит патриархальные нормы.

Ключевые слова: домашнее насилие, феминизм, «Адырна», критический дискурс, медиа

Information about the author:

Tasbolat S.Z. – PhD student, Ege University, Izmir, Türkiye

Сведения об авторах:

Тасболат С.З. – докторант, Эгейский университет, Измир, Турция

Авторлар туралы мәлімет:

Тасболат С.З. – докторант, Эгей университеті, Измир, Түркия



XҒТАР 19.41.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-62-83>

Заманауи коммуникация динамизмі: Париж олимпиадасындағы медиа этика мәселелері

Д. Қастай*^{ORCID}, Н. Алчинова*^{ORCID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: *dastan.kastay@gmail.com, alshinnurbibi@gmail.com)

Аңдатпа. Зерттеу мақаласында масс медианың қызметіне қатысты шетін жайттар талданып, этикаға кереғар оқиғалар мен құбылыстар зерделенді. Қоғамдық құрылымның, адами қарым-қатынастың зиянға шыққан зардапты тұстары қарастырылды, медиаэтика мен журналист этикасы бағытында зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдардың еңбегі таразыланды. Зерттеу мақаласында бәдізделген негізгі тұжырымдар медиаэтиканың ғылыми мазмұнын байытуға, тың мысалдар мен соны жағдаяттарды жұлгелеуге, өмір шындығы мен журналистік байқампаздықты қатар тоқайластырып, толықтыруға серпін береді, салалық зерттеудің дамуына негіз болады. Зерттеудің ғылыми тұжырымы – XXXIII жазғы Париж Олимпиадасы кезінде тараған ақпараттық контенттердің журналистік һәм медиаэтикалық өлшемін сызу, жаңалық жасау әдіскерлерінің кәсіби қызметі, журналистік ұстанымының халықаралық шартнамалар, мемлекеттік кодекстер және этикалық ережелер жиынтығының мазмұнына сәйкестігін бағалау, спорт ақпараттарын жеткізуде қажыр-қайрат көрсеткен мамандардың амал-әрекетін ғылыми-сындарлық тұрғысынан сараптау. Зерттеу жұмысында деректерді саралау арқылы спорт сайыстарында хабар тарату ісінің жай-жапсары талданды, практикалық журналистиканың кейбір соқталы мәселелеріне теориялық анықтама әзірленді, медиаэтканың негізгі нысанадары жіктеліп, «БАҚ және демократия», «БАҚ және либерализм», «БАҚ және мораль» дәрегейінде қорытыланды.

Түйін сөздер: медиаэтика, кликбэйт, гендер, жедел репортаж, айтақ, өшпенділік тілі, манипуляция.

Кіріспе

Медиағалам – коммуникация мен ақпарат тарату құралдарын ортақ арнаға тоғыстыратын ақпарат жүйесінің инновацияшыл сипаты басым жиынтығы. «Медиа»

Түсті: 25. 12. 2024. Мақұлданды: 2.04.2025; Онлайн қолжетімді: 28.06.2025

сөзінің өзі латын тілінен аударғанда «бел ортасы» деген мағынаны аңғартады. Медиа ақпаратты таратушы мен алушының ортасында байланыс түзеді, ақпарат алмасу процесіне интегралды бітуажа болады. Бүгінгі әлемдегі жаһандық құбылыстар, индустриалды жүйесіңширығуы, технологиялық ресурстардың табиғи ресурстар үлесіне қарағанда артуы сынды факторлар әсерінен медиа саласы формациялы, өзгермелі сипат алды. Масс медиа жыл сайын түрлі технология мүмкіндіктерімен толығып, дамудың гиперқарқынды кезеңіне өтті. Медиадағы жедеғабыл өзгермелік әсерімен ақпарат тарату, бөлісу, саралау ырғағы жетілді, журналистер нысаналы тақырып, айшықты оқиғаны жазу, айту, санқырлы проблема есебінде тану, ауқымдандыру бағанында «жылдамдық пен жеделдік» не «бірінші болу» марафонында «бақ та, бап та шабыстыратын» болды. «Жылдамдық» категориясы масс медиа ғаламатына ғана емес, адам өмірінің әртарабына дендеп енді. Қарапайым тіршілік торабындағы жылдам дайындалатын тағамдар, жылдам жөнелтілетін хат-хабар, жылдам ақпарат алмасу, әп-сәттегі әбжіл байланыс, тез тіл табысып, жылдам жүз шайысу сынды сипаттардың барлығы модерн кезеңнің ең бүкпесіз, ашық та айқын сипатына айналды. Мұның бәрі ақпарат кеңістігінің динамикасын ширатып, жаңа мәселелермен бірге өмірімізге ұлы өзгерістер әкелді, жылдамдық жетегінде кету, ақпараттық нысананың үстіртін беткөбігін сүзу, БАҚ пен қарым қатынасқа түсетін «мемлекет-нарық-азаматтық қоғам» ұштағанының байланысын күрделендіру сынды кілтипандар салдарынан журнализм теорияларында дағдарысқа тап болған бағыттар төбе көрсетті, коммуникацияның жедеғабылдануы салдарынан медиаэтика проблемалары ортаға шықты. Әсіресе, ақпараттық кеңістіктің жаһандануына үлес қосқан медиаинтеграцияның ауқымды проблемалары жалпыадамзаттық науқандар, халықаралық саясат, геосаяси тұрақсыздық, спорт пен мәдени ықпалдастық жағдайында көлкіп, жұтаңдануымен көзге ұрды. Осындай этика мәселесінің қайшылықты тұстары XXXIII жазғы Париж Олимпиадасында байқалып жатты.

XXXIII жазғы Париж Олимпиадасы спортшылардың ғана емес, журналисттердің де бәсеке алаңы, бақ сынасар нүктесі, шеберлігі шыңдалар аламаны болды. Толассыз ақпарат, жылдам таратылған жаңалық-пікірлердегі «сүйіншілету сарынынан» (термин өзіміздікі), жанкүйерлерді адастыру, даурықтыру, іріткі салу сипаты байқалып жатты.

Спорт саласы тек ел ішінде емес, әлемдік деңгейде зор маңызға ие бағыт. Спорт жаңалықтарының медиадағы көрінісі әлемдік аренадағы елдің бет-бейнесін айқындайды. Алайда, бұл алаңда тек жылдамдыққа үстемдік беріп, басты қағидаттарға көз жұма қарау өрескел қателік саналады. Бұған дәлел ретінде төмендегі ойтоқтамға назар салайық: «Ақпараттық насихат соғысы шынайы соғысқа ұласады. Масс-медиа бұрыннан өшпенділік тілін таратушы, адами қасиеттерден жұрдай ету құралы ретінде пайдаланылып келеді. Қазір оған әлеуметтік желілер қосылды. Ақпараттық соғыста «тірі қалудың жалғыз ғана жолы бар, ол – сыни ойлау қабілетін шыңдау» [1, 7 б.]. Мұндай жағдайда жалған ақпараттардың тарауы, адамның жеке басына қатысты деректердің ашық жариялануы және жөнсіз жала мен дәлелсіз табалау сынды этикаға кереғар факторлар елеусіз, ескерусіз қалуы әбден мүмкін. Аталмыш келеңсіз жайттар мен қателіктер спорт журналистикасының сүйкімін кетіріп, сынын құртады. Кез келген ақпараттың кескін-келбеті, аудиторияға ұсынылуы мен таралу сипаты қоғамның таным, сауат және өре деңгейін айшықтайды.

Зерттеу әдісі

Қазіргі журналиске қойылар талаптар қатарындағы ең маңызды тараулардың бірі – этика мәселесі. Журналист этика нормаларын да, құқықтық заң нормаларын да жетік білуі тиіс. Олар билік өкілдерімен, әртүрлі сала мамандарымен, сонымен қатар қарапайым халықпен коммуникация құрады, әлеуметтік құбыстарға араласады, қоғамның дамуы не кері кетуін бағдарлайды, тұтас тарихтың хроникасын жасайды. Сондықтан шашыраңқы деректерді салалы, сапалы, сауатты топтастыру, медиаалаң мінберіне шығару, елге тарату мен кәдеге жарату сынды міндеттемелер медиаэтика заңдылықтарына, журналистік әдеп пен мораль талаптарына сай жүлгеленуі қажет.

Медиаэтика мәселелері жалпыэтика заңдылықтарымен сабақтас, өзектес. «Медиа-этика мінберіне» шығуды көздегендер:

- жалпы этика қағидаларының нормаларын, философтардың пайымдарын;
- адамгершілік этика қағидаларын;
- журналистік этика мен медиаэтиканың арақатынасын;

– этика қағидалары мен этика кодексін, т.с.с. жетік білгені дұрыс. Біз де ізденіс барысында журналистің кәсіби білігін арттыруға арқау болар «Медиа мен журналистика. Теория мен тәжірибеге жаңа көзқарас» (Қазақстанның ашық университеті), Римма Жақсылықбаеваның «Журналист теориясы» (2013), Тұрсын Ғабитовтың «Этика және қазақтың әдеп мәдениеті» зерттеулерін негізге алдық, белгілі ғалымдар Бейнбриж Жейсон, Гос Никола, Тайнан Лиздің «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас» (2019), Ли Энн Пек, Гай С. Рилдің «Медиа этика. Жас мамандардың тәжірибесінен» (2018), Аронсон Эллоттың «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» т.б. медиа саласын зерттеушілердің талқылауларын таяныш еттік. Бұл еңбектердегі теория тарамы ғана емес, медиаортадағы әртүрлі кейстерді талдауға құрылған практикалық дәстүр шымырлығы да жұмысымызды құнарландыра түсті.

Жоғарыда аталған деректер мен ғылыми тұжырымдарды топтай келе, мақсатқа жету жолында философиялық зерттеу әдістеріне сүйендік. Соның ішінде, деректерді талдау мен құбылыстарды саралау арқылы өмір шындығын бейнелейтін оқиғалардың жай-жапсарын саралауға, кәсіби шеберлікке кереғар қадамдардың тігісін жатқызуға, аналитикалық ойлау қуаты арқылы этикалық мәселелердің соқталы санатына баға беруге болады. Зерттеу мақаласының негізгі ұстыны – жағдаяттардағы жадағай, шетін мәселелерді талдау, кейстерге ғылыми анализ жүргізу.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Этика – адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыратын ғылым саласы. Кейбір ғалымдар этика және мораль терминдерінің тарихын неміс тіліндегі «Sittlichkeit» терминімен («Sitte» «мінез», «slichkeit» «өнегелі») қарастырады [2, 10 б.]. «Этика», «мораль», «адамгершілік» – бастапқы мәнде әртүрлі сөздер болғанымен, бір терминдік ұғымдар. Сонымен қатар этика – білім, ғылым саласының басты тармағы, мораль – сол салаларды оқытатын пән [3, 6 б.]. Этикалық қағидалар қатарына парасатты болмыс,

сыпайы сипат, айрықша әдеп, саналы әрекет, өзгенің ой-пікірін, жеке таңдауын сыйлау, адалдық пен әділдікті көздеу сынды кісілік құндылықтарды сыналай қағуға болады. Кісілік қасиеттер қызмет барысында кәсіптік әдептің элементтерімен де қиюласып отырады. Кәсіптік әдеп – жалпы адамзаттық моральдың бірлігі арқылы байланысады. Осы себептен де әр кәсіп саласының өзіне лайық әдеп нормалары туып, қалыптасады [4].

Біздің бағдарымыздағы басты кәсіби әдеп – медиаэтика қағидаттарын сақтау. Медиаэтика мәселелерінің іргетасы адамгершілік, ар-ұят, әдеп сыпаттарымен қаланады. Әдеп нормаларында адамның арын таптап, негізсіз тұқыртуға, намысын жаншуға үзілді-кесілді тыйым салынған. Біздің халқымыздың дүниетанымында да «Әдеп – ілімнен бұрын келеді», «Әдепті бала – арлы бала» деген даналық тізбектерінің кең тарауы бекер емес.

Адамгершілік этикасы – адам табиғатына негізделген жақсы қасиеттердің жиынтығын айқындайтын қағидаттар қосыны, ізгі немесе моральдық мәрт мінезді тәпсірлейтін айқындама. Ал журналистік этика – жаңалықтар жинаудың адал жолдарын қолдана отырып, маңызды жаңалықтар мен қоғамдық көзқарастарды әділ жеткізу [5, 3 б.].

Журналист этикасы мен медиа этиканың бағдары көп жағдайда бір-біріне ұқсай бермейді. Журналист этикасы – ұлттық, халықаралық заңдар арқылы жүйеленіп, арнаулы талаптар негізінде қадағаланады. Медиаэтика – аудиторияға да, журналиске де ортақ ережелер жинағы. Негізінен алғанда, журналист этикасы – ақпарат маманының кәсіби бейнесін сәулелендіреді, медиаэтика – ақпараттық қоғам өкілдерінің мінез-құлқын бағдарлайтын әдіснама, ереже немесе заң емес, нақты методикалық ұсыныстар негізінде іске жегіледі. Бүгінгінің медиатұлғасы – интернет алаңындағы контент дайындаушылар медиаэтика кодекстерін қатаң сақтауы қажет. «Себебі медиа мамандары дәрігер, заңгерлер секілді лицензия алмайды, этика кодекстерін бұзғаны үшін лицензиясынан айырылмайды. Этика кодексін бұзу әлеуметтік қауымға зиян келтіріп, мамандық беделін түсіреді» [6, 40 б.].

Әдетте, этикалық нормалар заңды түрде реттеуге келмейтін қоғамдағы қарым-қатынасты реттеуге арналған. Оның бұйыру, басқару нысаны өте әлсіз болады [7, 65 б.]. Көп жағдайда «жас журналистерді жылдамдыққа үйрету желегі қызмет нәтижесінің сапасынан гөрі санын жақсартуға ғана әсер етіп жатады. Сондықтан журналистер жаңалықтарды дұрыс бағалай білу және қиын шешімдерді мерзімінде қабылдау бойынша тәжірибеден өтуі керек [8]. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдық міндет пен әлеуметтік жауапкершіліктің назарға алынуы, адамзат белсендігі, халықаралық қатынастардың жандануы (Париж олимпиадасы мұның бір мысалы), геосаяси ахуалының шеленісуі, ақпараттық әсердің күшеюі сынды факторлар ықтасынында медиаэтика мәселелері де күрделене береді. Мұның өзі коммуникация зерттеушілерін жаңа бағдарларға адым аттауға, тың тармақтарды толық зерделеуге міндеттейді.

Ақпарат майданында ең қуатты күш – ақпараттың сипаты. Ақпараттың қуаты дәйек пен дерекке негізделген өзіндік өтімділігімен өлшенеді (жеке пікіріміз). Мәселен, ғалым Тұрсын Ғабитовтың «Этика және қазақтың әдеп мәдениеті» кітабында: «Адам мен адам арасындағы жанды жеке байланыс, барлық қоғамдық инстанциялардың «адамгершіліктігін» сезіну, олардың нақты тұлғаларда көрініс табуы мен өкілеттілігі қоғамдық тұтастықтың өмірлік бірлігін сақтап, қолдап отыратын үздіксіз қан айналымы

тәрізді», – деген мәселе сөз болады [9, 8 б.]. Біз бұл үзіктен коммуникация қызметінің қоғамдық тұтастықты сақтау үшін маңызды екенін түсінеміз.

Белгілі журналист, медиаэтика мәселесін ақпарат мінберінен көтеріп жүрген білікті маман Жұлдыз Әбділда да «Практикалық журналистика» жинағында жазған «Журналистік этика» атты материалында: «Иә, біз жауапты қызметте отырған азаматтардың қызметіне салғырт қарауы, қызметін асыра пайдалануы, мемлекетке залал келтіруі (әрине, дәлел болған жағдайда) туралы жаза аламыз. Бірақ адамның жеке өміріне, егер ол мемлекеттік қызметіне залал тигізбейтін болса, қол сұға алмаймыз. Заң бойынша тіліне, дініне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлктік, тектік немесе топтық ерекшеліктеріне қарамастан, барлық адамның құқығы тең және оған қол сұғуға болмайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларациясы осылай дейді. Халықаралық құқықтық құжат бойынша, адамның жеке басының құқықтарына қол сұғуға, ар-намысына тиюге, намысын таптауға жол жоқ», – деген тоқтамға келеді. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының Конституциясы, негізгі заңның 14-бабы, 2-тармағында да нақтыланған[10, 143-144 бб.].

Журналист кез келген адамның (беделді тұлға, әнші, спортшы) жеке өмірін, өзіндік сенімін, жынысын, ұлтын, дінін талдап, ақпараттық бояма құрып, осылайша кейіпкерді публикалық айыптаудың алғышартын құра алмайды. Орынсыз, жүйесіз жазылған жаңалық пен доңайбат ақпар кейіпкердің қоғамдық келбетіне көлеңке түсіреді. Мәселен, Париж Олимпиадасына бірер күн қалғанда Қазақстан Теннис федерациясы Елена Рыбакинаның денсаулығына байланысты ойынға қатыса алмайтынын мәлімдеді. Дәрігерлер тыныс алу жолдарының асқынуына байланысты Елена Рыбакинаның олимпиадаға қатысуына тыйым салды. Олимпиада кезінде Qaz365.kz сайтында «Түркияда демалып жатқан Рыбакина Олимпиададан бас тартты» деген тақырыппен материал жарияланды. Осындай «айқайлаған» кликбэйт арқылы жұрт назарын аудару, рейтинг пен қаралым санын мақсат етіп, ақпараттың маңызсыз бөлігіне назар аударту – бұрмаланған материалдың кескіні [11]. «Түркияда демалып жатқан» деген сөзді алға тарту BBC ұсынатын негізгі этика принциптеріне сай келмейді. Қағидада: «Журналист:

- Плагиат;
- Әдейі бұрмалап түсіндіру;
- Ойдан құрастыру, жала жабу, диффамация, өтірік қаралау;
- Ақпаратты жариялау үшін немесе оны қоғамнан жасырып қалу үшін пара алудың

кәсіби этикаға мүлдем қайшы екенін білуі тиіс» делінеді [10, 151 б.]. Кейін медиада Елена Рыбакинаға және мұндай «сорақы шешімге» қатысты негатив, теріс пікірлер белең алды. Бұл мәселеге қатысты спорт журналисі Руслан Меделбек жеке Facebook парақшасында нақтылай жазып, «тұтас қоғам құруға деген талпыныстың аздығын» былай айыптады: «Рыбакина біраз күннен кейін ауырып қалғанын айтып, видео мәлімдеме жариялап, кешірім сұрапты. Бір спортшыны осыншама деңгейге дейін түсіріп, сынап тастайтын біраз қатыгездеу жанкүйер екенбіз. Оған журналистер де (әсіресе қазақ тілді) май құйып жатыр. Өкінішті. Қайсы журналист, қайсы жанкүйер айыра алмай қалдым. Спортшыны түсіруіміз де, көтеруіміз де бір сәт. Асланбек, Қамшыбек жеңсе батыр, жеңілсе әлсіз...

Елена жеңсе алтын қыз, жарысқа денсаулығыма байланысты қатыса алмадым десе де сын таусылмай жатыр. Спорт алдымен спортшының жеке жолы. Оның жеңілісінен я жарысқа қатыспауынан мәселе жасайтын қоғамда ғылым, медицина, сыни ойлау дами ма?... Біздің спортшылар жеңілсе халықтан кешірім сұрап әлек. Бұл жақсы үрдіс емес. Ұлттың рухын спортқа қана тіреп қоюға болмас. Ұлы ұлттар ғылым, білім, медицина, сапалы өмір, спортты қатар алып жүреді. Қазақ қоғамы да соған ұмтылуы керек» [12]. Шынымен де, мұндай агрессивті пікірлер ұлтаралық қақтығысқа жол ашарын, тұлғаның кәсіби әрі адами бейнесіне көлеңке түсірерін ескерген жөн. Аудитория этика нормаларына сай ақпарат алу арқылы адамның бәріне тең қарауды үйренеді және өзгені жазғырусыз, айыптаусыз-ақ өз пікірін адекватты түрде жеткізуге машықтанады. Журналистер қоғамға ықпалды күш ретінде жауапкершілікті сезініп, ақпараттың кескіні арқылы аудиторияны дұрыс жолға бағыттауды да ескергені дұрыс. Мұндайда мына бір пікір қалың көпшілікке ой салмай қоймайды: «Өкініштісі, Париж олимпиадасы алыстағы қазақтың әлі де біріге алмай жатқанын, бірнеше ұлт пен ұлыстан құрылған тұтас қоғам ұлт құруға деген талпыныстың әлі де аздығын көрсетті. Біздің қазаққа адам деп, өзге ұлтқа мұрын шүйіре қарайтын қоғам екеніміз қынжылтты. Ұлы ел боламыз десек ұлтқа бөлінбейтін, Қазақстанның формасын киген барлық спортшыға бірінші адам деп қарайтын қоғамға айналамыз. Өзгенің жетістігін төмендететін емес қуанатын қоғам болады. Тілегім сол» [13]. Расымен, спорт жолын өміріне негіз еткен азаматтарды күстаналаудан тайынбайтын журналист әріптестер де кездеседі. Мәселен, журналист Нұргелді Әбдіғаниұлының төмендегі жазбасы «өзімдікі және өзгенікі» деген сарынға құрылған: «Спорттың қыр-сырын білген маман болмасақта, Қазақстанның көк паспорты нәсілі де, ниеті де бөлек келімсектерге оңды-солды шашыла бермеуі керек деп айттық, сан рет. Шетелден келген спортшылардың көздегені көк паспорт емес, көк пәшкі ақша. Қазақтың ақшасы» [14]. Нұргелді Әбдіғаниұлы шетелдік спортшыларды «нәсілі бөлек» деп атап айтып, бөлінуге басымдық береді. Бұл ғана емес, Олимпиада басталғалы ел ішінде нәсілі, ұлты бөлек спортшыларды кемсіту оқиғаларының жиілегені байқалады. Легионерлерді шақырудың қажетсіз екенін жеткізудің бұдан да оңтайлы жолдары бар. Өйткені, мұндай шалағай әрекеттер ксенофобтық танымның өршуіне сеп болады, оларды «бөтен» есебінде танып, қабылдай алмайтын қоғам өкілдерінің артуына жол ашады. Олимпиада кезінде журналистің толерантты болуы және ксенофобтық әрекеттерден аулақ болуы маңызды. Себебі, толеранттық – төзімділік таныту, өзгелердің кемшілігіне түсіністікпен қарау. Ал ксенофобия – діні, салты, ұлты бөлек жандардан қорқу, оларды жек көруден туады» [15, 404 б.].

Журналист қоғамда әртүрлі әлеуметтік топты біріктіріп, байланыстырып, олармен тең қарым-қатынас құрады. Әртүрлі адамдар топтасқан тұста пікір алуандығы «плюрализм» көрініс табады. Осы ретте, екі тараптың да пікірін қалың көпшіліктің естуіне жол ашып, пікірлер балансын сақтау тұрғысынан, екеуара өшпенділікті азайтуда журналистке толеранттық қажет. Өйткені, толерантты журналист – қоғамның бой түзеуіне, өзгенің пікірін, ұстанымын сыйлауына және адамды орынсыз жазықсыз жазғырмауына ықпал етеді. Осы орайда, журналистер ге ксенофобиядан толерантты болу арқылы қорғану тәсілін ұсынамыз.

Адамды нәсіліне, ұлтына, дініне қарай бағалау – әбестік. Масс медиа алаңында спортшының ұлтына, шыққан тегіне екпін беру спортшы хақында теріс түсініктің қалыптасуына, пікірді оқыған адамның өзге этносқа қарсы көзқарас қалыптастыруына әсер етеді. Кейіпкер не спортшы дискриминацияға ұшырайды. Біздің бұл айтып отырған пікіріміз Сөз бостандығы үшін жұмыс істейтін Кәсіби журналистер қауымдастығының (КЖҚ) ұстанымымен үндес. Қауымдастық журналистерді бірінші кезекте жоғары адамгершілік құндылықтар мен этикаға сүйене отырып, «ешкімге зиян тигізбеу» ұстанымы бойынша жұмыс істеуге шақырады. Бірақ журналистикада «ешкімге зиян тигізбеу» мүмкін емес болғандықтан, журналист «зиянды барынша азайтуы» тиіс. КЖҚ тұжырымдамасында «әдепті журналистика дереккөздеріне, субъектілеріне, әріптестері мен жалпы қоғамға қорған болады» деп жазылған [16, 140 б.].

Париж олимпиадасында спорттық гимнастикадан күміс медаль иеленген Нариман Құрбановты жаңалық жазушылардың бір парасы «ұйғыр» деп атады. Жүлдегер – Қазақстан азаматы. «Beksports» онлайн платформасында «Нариман Құрбановтың тойында ұйғыр тілінде тілектер айтылды» деген тақырыппен видео-ақпарат жариялады. Тойдан ақпарат тарату этикалық тұрғыдан, заңи тұрғыдан дұрыс әрекет емес. Той-жиын адамның жеке таңдауы мен қалауының көрінісі, әдетте, мұндай қуанышта жеке өмірі жайлы сөз қозғалады, құндылықтары, сенімі мен сезімі ортаға шығады. Демек, тойдан ақпарат тарату – адамның жеке өміріне қол сұғу. ББС-дің редакциялық құндылықтарының «жеке өмірге құрмет» тармағында: «Адамның жеке өміріне құрметпен қарау қажет. Жеке өмірге араласу тек игі істерге бағытталса ғана орынды болады. Жалпы, жеке мінез-құлық, хат-хабарлар, әңгімелер қоғамға, көпшілікке ортақ мүддеге негізделмесе, сұраныс болмаған жағдайда жарияламау керек» дегенге баса мән беріледі [17].



1-сурет. Нариман Құрбановқа қатысты онлайн платформаларда жарияланған ақпарат

Журналист қоғамның ақпаратқа деген қажеті мен одан келуі мүмкін зиянның, келеңсіздіктердің алдын-алуда тепе-теңдікті сақтауы керек. Ақпаратқа кейіпкер болған немесе қамтылып отырған адамдарға құрмет көрсетіп, жәбірленушілер мен қарапайым дереккөздердің де өміріне қатер төндіріп алмау жағын қарастырған жөн. Бұл тұрғыда әр адамның құндылықтары мен оның нәсілі, ұлты, өзге де ерекшеліктері ескерілуі керек. Мәліметтерді заңды жолмен алу мен ақпаратты жариялауда әдептілік негіздері бойынша ақ-қараны ажыратудың айырмашылықтарын тану маңызды. Естеріңізде болсын, жеке адамның өз өмірі туралы мәліметтерді жариялау немесе жарияламау еркі (ықтияры) қоғамның оған деген қажеттілігі мен лауазымды немесе ықпалды тұлғалардың соған деген сұранысынан анағұрлым маңызды. Жеке басқа қатысты ақпаратты жарияламас бұрын, оның кесірі тиіп кету мүмкіндігін таразылаңыз. Жарияланатын ақпараттың ұзақ уақыт бойы өзектілігін жоғалтпайтынын және ақиқат күйінде қалуын ойластырыңыз.

Париж Олимпиадасында жүлде еншілегендерге және жеңіске қол созым қалғанда (н/е жарыс жолында) сүрінген қатысушыларға, жалпы спортшыларға сый-құрмет көрсету жайлы медиа алаңда жаңсақ пікірлер белең алды. Спортшыға арналған марапат хақында спорт журналисі Айдос Рымқұл былай дейді:

«Нариман Құрбановқа ұлты басқа болғаны үшін сый көрсетілмеді ме? Жекеге осындай сұрақ келіпті. Нариман Құрбановтың ұлты ұйғыр болғаны үшін сый құрмет көрсетілмеді ме?.. Нариман Құрбанов Алматы қаласының спортшысы. Олимпиадаға қатысқан әр спортшыны өз регионы сыйын көрсетіп, күтіп алып жатыр. Алматылықтарға әлі ондай қошемет жасалмады. Сый көрсетілмегендер ішінде Назым Қызыбай мен алғашқы жүлде әкелген атқыштар да бар. Неге олай? Өздеріңіз білесіздер біраз күн бұрын Парижде Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы мезгілінен бұрын қайтыс болды. Яки қазіргі күні ол жақта үлкен ауыс-түйістер болып жатыр. Спортшыларды ойлайтын уақыттары да жоқ шығар. Ал мемлекеттен берілетін 1-2-3 орындар үшін ақшалай сыйлықтары үкімет тарапынан міндетті түрде берілетін болады...» [18]. Спортшы ұлтына қарай әртүрлі деңгейде марапат алады деп қарастыру қате (теріс) көзқарастың көрінісі. Дәл сол сияқты марапат табысталған соң (жеңілген) спортшыны сый-құрметке лайық көрмеу оның спорттық еңбек жолын құнсыздандырумен тең. Жеңісі мен марапаты арқылы спортшының болмысын бағалау өре мен әдеп тұрғысынан ілгерілеуді қажет ететін қоғамның көрінісі. Медидағы қуанышты немесе қайғылы ақпаратқа қатысты қоғамның қолдауы, я қарсы пікірі этика мәдениетінің деңгейін айшықтайды.

Сенсациялық сипаттағы ақпараттардың басым бөлігі сайып келгенде фэйк жаңалықтардан тұрады. Bir.bol сайтының «Италиялық боксшы қыз олимпиада ойындарында «ер адаммен» жұдырықтасудан бас тартты» деген тақырыппен жарияланған материалында өшпенділік тудырушы лексика нышандары байқалады. Нақты айтсақ, тараған ақпаратқа қатысты фактчек жасалмаған, тексерілмеген ақпаратты таратып, спортшының беделіне нұқсан келтірді. Сонымен қатар, жалынды тақырыптың өзі BBC-дің редакциялық құндылықтары қатарындағы «жеке өмірге құрмет» тармағына кереғар. Себебі, «Адамның жеке өміріне құрметпен қарау қажет. Жеке өмірге араласу тек игі істерге бағытталса ғана орынды болады. Жеке мінез-құлық, хат-хабарлар, әңгімелер қоғамға, көпшілікке ортақ мүддеге негізделмесе, сұраныс болмаған жағдайда жарияламау керек»

[17]. Ал «Семей» телеарнасының редакторы Қуаныш Рахметолла: «Париж Олимпиадасы ашылуынан бастап ұнамаған еді. Бүгін малғұн трансгендер «еркек» әйелдермен қолғап түйістіргені азғындықтың шыңы болды. Жалпы тарихта Азғындықты насихаттаған олимпиада болды. Ұйымдастыру комитетінде адам емес, малғұн ібіліс отырған сияқты», – деп жазады [19]. Бір қызығы, ақпарат өзектілігін жоғалтса да, яғни ақиқат емес, жалған ақпарат екені дәлелденсе де, жазбалар әлеужеліден өшірілмеді. Сонымен қатар бұл ВВС тележурналистерінің этикалық кодексінде көрсетілген ҚАТЕНІ ТҮЗЕТУ қағидасына қарсы. Қателікті дер кезінде нақты мойындап, жазбада қателік барын ескертіп, артынша дұрыс нұсқаны жариялау қажет [20].

Бұл жайлы, алжирлік боксшыға қатысты айыптауларды Нұрбек Түсіпжан төмендегідей таразылайды: «Иман Хелифтен ұялмадыңыздар ма? Сонымен өтірік пен шынды араластырып, біраз жерге дейін бардыңыздар. Боксшы жарық дүниеге еркек боп келмеген екен және жынысын да өзгертпепті... Бұған дейін 2020 жылғы (2021 жылы өтті) Токио олимпиадасына да қатысыпты. Араб елдері арасындағы түрлі турнирлерде де топ жарып жүріпті. Желіде біразыңыз қатты пікір айттыңыздар. Арасында дін ұстаған, аузынан Алласы түспейтін талай адам Иман Хелифтің сыртынан «малғұн», «шайтан», «азғын» т.с.с талай ғайбатты жібердіңіздер. Бұған қоса олимпиада өткізіп жатқан Францияға лағынет қардай борады... Әдетте біреу фейк таратады. Оны көбіне саржағал басылымдар немесе тек пропагандамен айналысатын сайттар іліп әкетеді. Өкініштісі – өзін журналист, коуч, ақылман, тағы бірдеңе санайтын замандастар, ағалар соған еріп кетеді. Еріп қана қойса, онысының қате екенін түсініп, кейін кешірім сұраса құба-құп. Жоқ. Міз бақпайды. Ұялсаңдар еді», – деп пікірін жазды [21].

Париж олимпиадасы кезінде журналистер арасында ақиқат пен жалғанның аражігін ажырата алмау, ақпараттық сауаттың төмендігі сынды бірқатар мәселелердің бар екені аңғарылды. Негізінен алғанда, фейк ақпараттың бастауы – факт пен пікірді айыра алмауда. Журналистикада ақиқат пен жалғанның ғана емес, сонымен қатар факт пен пікірдің ара-жігін ажырата білу аса маңызды. Қазақстан журналистері этикалық кодексінің 4-бабының 4-тармағына сәйкес «Журналист өзінің қызметінде деректерді, пікірлерді, бағамдарды, болжамдарды, нұсқаларды және жорамалдарды жеке көзқарасы тұрғысынан нақты айыра біледі» [22, 42 б.].

Иман Хелиф кейсінде медициналық сараптама нәтижесі шықпастан жалған ақпаратқа жол ашылды. Оған дәлел болар аргумент анықталмастан үзілді-кесілді бір байламға келу, сол сарындағы ақпаратты жариялау журналистке жат әрекет. 4 қараша күні франциялық журналист Джаффар Айт Аудиа Франция мен Алжир клиникалары арасындағы келісім бойынша жасалған медициналық сараптама қорытындысын негізге алып, боксшы Иман Хелифті биологиялық ер адам деуге болатын дәлелдер тапқаны хабарланды. Нақты сараптамасыз «сөз айту» арқылы масс медиадағы өшпенділік тілінің үлесі артып кетті. Өшпенділік тілінің белгілеріне тоқталайық:

1. «Біз» және «Олар» болып бөліну.
2. Бүтін бір этникалық немесе әлеуметтік топ бірден «жаман» болып шыға келеді.
3. «Біз оларға қарсымыз» – қарсы қою.
4. Дегуманизация жасаушылардың өзі де адамгершілігін жоғалтады

5. Аргумент ретінде жалған деректер қолданылады.

6. Қақтығысқан жақ хайуанмен салыстырғандықтан, адамдықтан азады.

Жауды адам емес деп көрсету үшін әйелдерге, қарттарға, балаларға қатысты қылмысқа баса көңіл аударады [7, 38 б.].

Пропагандалық, манипуляциялық сипаттағы ақпаратты жіті зерттеу, күнгейі мен теріскейін толық зерттеу – әрбір журналист үшін бұлжымас қағида, айнымас ереже болуы тиіс. Жалған ақпарат әсерінен аудитория, белгілі бір әлеуметтік топ кейіпкерге қысым жасап, өміріне қауіп-қатер төндіретін жағдайлар да кездеседі. Теріс әсерлі ақпаратты қабылдаған, медиаэтика заңдылықтарына сай келмейтін ақпараттық аргументтің жетегінде кеткен көпшілік қауым жаңылады, оқиғаның байыбына бармай жеке тұлғаның кісілік келбетіне нұқсан келтіріп, құқығын аяққа таптайтын сөздерді іске жегуі мүмкін. Мысалы, белгілі дәстүрлі әнші Елена Мәжитқызы спорт ақпаратын бұрмалап, әлеуметтік теңдікті теріс танытқан медиажағдайға қатысты: «Адамзат тарихында әйелді қорлау осынша масқара, азғындық деңгейде болмаған шығар... Италиялық боксшы қызды аяғаным-ай... Париж олимпиадасы – ең жабайы, ең сұмдық, ең азғын олимпиада!», [23] – деп жазады. Париж олимпиадасындағы спорт шараларының өткізілу деңгейіне, ұйымдастырылуы сипатына емес, адами құқық пен адамзаттық құндылықтардың жұтаңданып, гендер мәселесінің қайшылықтарын айыптайды. Дәл осындай сипатта жалған ақпаратты негізге алып, пікір білдіргендердің бірі Камшат Тасболат фейсбук парақшасында: «Еркек пен әйелдің боксын «гендерлік саясат қой» деп әжуалап жатқандар бар екен... Гендерлік саясат дегеніміз – физикалық жағынан әлсіз әйел мен күшті еркекті (ХУ хромосомасы бар) төбелестіру емес! Гендерлік саясат дегеніміз – отбасында, мектепте ұл-қыз деп бөлмеу, жұмыста, қызметте, қоғамда әйел-еркек деп алаламау», – деп жазады [24]. Бұл мысалдардың барлығын медиаэтика безбеніне салсақ, өрескел қателіктерден көз ашпай қалар едік. Тұтас ақпараттық кеңістік өкілдерінің спортшыға қатысты жалған ақпарат таратуы, мәселенің ақ-қарасын анықтамай жатып, дүрмекке ілесуі журналистиканың кәсіби әлеуетіне көлеңке түсіреді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзиннің мына бір сөзін журналистер аса қатаң түрде ескеруі тиіс: «Журналистиканың басты кейіпкері – шындық» деуден әсте жалыққан емеспін. Қазіргі ақпараттық кеңістікте хайп қуып рейтинг жинауды, манипуляция тәсіліне жүгінуді, дүрмекке ілесе ел көшті, жау шаптыны тіршілік көру салтына айналдырып алған блогосфера «майталмандарын» құп көрмейтінімді шәкірттеріме әманда ашық айтамын. Классикалық журналистика талабына қарайлар болсақ, интеллект, дарын мен талант жасампаздыққа, сындарлыққа қызмет еткен жағдайда ғана өркениет пен мәдениет қапысыз ілгері басады» [25].

Кейіпкерге, оның діни ұстанымы, сенімі, саяси таңдауы, өмірлік қағидасына қатысты негізсіз ақпарат таратып, озбыр айыптауға, арандатуға үндейтін тіркестерді қолдануға болмайды. Қайшылықты жағдайда сауатты шешімге бойлау, түрлі сипаттағы қақтығыстың алдын алу, мейілінше қауіп-қатерді сейілту – журналистің басты міндеті екенін жоғарыда айттық. Десе де, журналистердің ақпарат тарату ісіндегі кәсібилікті коммерциялық құндылық ретінде тануы да зиянға шығып отыр. Медиада журналистердің кейіпкерді жіті тануға, сонымен қатар оқиғаның салдарын ғана емес,

себебін анықтауға деген ынта жігердің бәсең әрі болбыр болуы және ізденістің аздығы байқалады. Бұған қатысты «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» кітабындағы мына бір үзікке назар аударсақ: «Негізгі факторлардың бірі – көрерменді қызықтыру екені анық. Су астында қалған қаланың кадрлары тасқынның алдын алу үшін бөгет салып жатқан адамдар кадрына қарағанда әлдеқайда «қызықтырақ». Өйткені құрылыс барысы көрерменді тарта қоймайды. Бірақ бөгет жайлы ақпарат бәрінен маңызды болуы мүмкін» [26, 63 б.].

Оқиға қалай болды, дәл солай аудиторияға жай ғана баяндау – жеткіліксіз. Журналистің ақпаратты сараптап, оқиғаның себеп-салдарын түсіндіруі көрерменнің жаңалықты қорытып, өзіндік тұжырым шығаруына сеп болады. Ал толық зерттелмеген, жай-жапсары анықталмаған оқиға жайлы аудиторияның көзқарасы бұлыңғыр болуы әбден мүмкін. Біздің бұл пікірімізді кәсіби журналист Сәкен Сыбанбай да құптайтындай. «Қазіргі ақпараттық қоғамдағы басты қару – әлеуметтік желілер мен БАҚ. Оның ішінде Instagram, Facebook парақшалар, Telegram, Youtube-арналар, газеттер мен сайттар да бар. Алайда оқырман жинап, халықтың сеніміне кіріп алғаннан кейін кейбір блогерлер мен журналистер қарақан басының қамын күйттеп, қалаған тақырыпта жазба жариялап, видео түсіре беретін болды. Шебер үйлестіре қиюын келтірген кезде оның қайсысы шын, қайсысы өтірік екенін, қайсысы журналистің өз ойы, қайсысы ақшаға жазылған, айтылған ой екенін білмей де қаласың. Бұл жерден қандай үрдісті байқауға болады? Кейбір ақпарат таратушылар қоғам арасында өздерінің сөзі салмақты екенін біліп, соны пайдалануға тырысады. Яғни өз имиджін пайдалана отырып, қоғам пікірін манипуляциялап, өзгертуге, басқа бағытта қалыптастыруға ықпал етпек болады» [27].

Әлеуметтік желідегі деректердің басым бөлігі дәйек-дәлелсіз. Журналист Жұлдыз Әбділда: «Әлеуметтік желі – ақпарат көзі емес. Өкінішке қарай, бүгінгі күні әлеуметтік желі негізгі ақпарат көздерінің біріне айналып отыр. Егер қандай да бір мемлекеттік мекеменің өкілі сол мекеменің жауапты қызметкері ретінде тіркелген ашық аккаунт бетінде әртүрлі ақпараттар тарататын болса, ол назар аудартуы мүмкін. Ал кез келген мемлекеттік қызметкердің әлеуметтік желіде жеке өз атынан ашылған, қызметі көрсетілмеген, тек өз достарына ғана ашық аккаунты болса, ондағы кез келген жазба ақпарат көзі бола алмайды» [10, 144 б.].

«Журналист әр уақытта әңгімелеседі, мамандығының ерекшелігі де сонда: әңгімелесіп, сұрап алмағаныңша, ештеңе де біле алмайсың. Сұхбаттың мақсаты жөнінде профессор Темірбек Қожакеев былай деп жазады: «Интервьюдің мақсаты – қоғамдық маңызы зор бір мәселе, оқиға, тың бастама қызықты құбылыс жөніндегі соған қатысы бар, өзі араласқан беделді де білікті адамдардың, мамандардың пікірімен жұртшылықты таныстыру» [3, 102-100 бб.]. Біреудің жеке өмірі, қандай да бір тәуелділіктері қоғамдық маңызы зор мәселе деңгейінде ашық талқыланбауы тиіс. Мысалы, журналист Нұрсейіт Жылқышыбай «Уақыт көрсетеді» ютуб арнасында ауыр атлетикадан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, алғашқы Азия чемпионы Алмас Өтешовпен сұхбатын жариялады. Ел назарынан тыс қалған спортшы жайлы шығарылым біраз шындықтың бетін ашты, қоғамда ұзақ уақыт бойы талқыланды. Әйтсе де, журналистің қалт кеткен тұсын атап өту қажет-ақ. Журналист сұхбаттың 21:40 минутында Алмас Өтешовке

«Ішімдікке қаншалықты тәуелдісіз?» деп сұрақ қояды (бейәдеп сөздер, т.б. тұстары да бар) [28]. Дүйім жұрттың алдында адамның жеке басына қатысты сұрақ қою, оны талдау орынсыз әрекет. Журналистік этикаға кереғар кескіндегі кез келген материал спорт саласын түсінуге, спортшыларды тануға ұмтылған көрерменнің жаңсақ пікір қалыптастыруына әсер етері анық. Аудиторияның сұранысы мен талғамына журналистер ықпал ете алатынын естен шығармайық. Бұл жайында Жұлдыз Әбділданың мына пікірін ұсынамыз: «Адамның үйленгені немесе ажырасқаны; екінші, үшінші, бесінші рет үйленгені; жасы біразға келгеніне қарамастан отбасын құрмай жүргені; баласының жоқтығы (немесе ұлының, қызының жоқтығы); алатын айлығы; тұратын үйі; киетін киімі... тағысын тағы осындай жеке басына қатысты жайттар көптің талқысына салуға жатпайды. Дамыған елдерде. Ал бізде? Біздің елде бұл да қалыпты жағдайға айналған. Тележурналистер кез келген белгілі адамды көшеде артынан қуып жүріп ұстап алып, «Ажырасқаныңыз рас па?», «Күйеуіңіз сізді тастап кеткені рас па?» дегендей сауал қоя береді. Немесе жасы біразға келіп қалған адамдарға «Неге тұрмыс құрмай жүрсіз?» деген сауалды да ойланбастан қоя саламыз. Адамның денсаулығына қатысты жайттар да көптің «игілігіне» айналып кете барады. Мәселен, бір бағдарламада жүргізуші белгілі тележүргізушіге «Неге тұрмыс құрмадыңыз? Неге бала көтере алмадыңыз?» дегендей сауалдарды қойып отырды. Өкінішке қарай, бізде ешкім ондай «ұсақ-түйек» үшін сотқа бермейді, моральдық өтемақы талап етпейді. Ал бұл өз кезегінде одан әрі «тереңдей» беруге жол ашады. Адамның жанына тиетін нәрселерді үнемі, ретті-ретсіз қазбалай беру де журналистік этиканың жоқтығын көрсетеді» [10, 147 б.]. Спорттағы түйіні тарқамаған мәселелерді ортаға салу журналистің міндеті. Десе де, кәсіби журналистік этикаға сәйкес негативті тақырыпты сөз еткенде эмоцияға беріліп ретсіз сұрақ қоюға, кейіпкердің жеке шегарасына өтуге қатаң тыйым салынады.

Париж Олимпиадасы кезінде таратылған ақпараттарда, жедел репортаждарда спортшының есебінен оқылым, көрілім жинауға аса мән берілді, сенсацияға ұмтылыс байқалды. Мысалы, боксшы Назым Қызайбай финалда жеңілген сәтте журналисте: «Несі қиын болды, бұл қарсыластың?», – деп сұрақты дүрсе қойды. Осы ретте, спортшының еңбек жолындағы құндылықтарын, оның спортшы үшін маңызын түсіну – жеңіліс себебін анықтауға, шаршы алаңдағы спортшының әрекеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Ал өзге үшін құнды дүниені құнсыз көргендей алқымынан алу, жөнсіз сұрақпен төпелеу шындықтан жалтарумен тең. Сөзімізге дәлел этикалық дилеммаларды шешудің төрт негізгі өлшемінде «негізгі құндылық – шындық» [6, 73 б.] деген тіркес. Бұл да этика қағидаттарына сай келмейтін әрекеттің көрінісі. Өйткені сапасыз сұрақ пен төтесінен қойылған сауал – журналистің кәсіби бет-бейнесіне көлеңке түсіреді. Кәсіби журналист Қайнар Олжай да осы мәселені сынға алады: «Шетел журналисінің қазақ журналисінен айырмашылығы неде? Олар «Жеңісіңізді кімге арнайсыз?» деп сұрамайды!» дейді [29].

Жеңіске бір табан жақын қалған спортшының жігерін жықпай, астарлап сұрақ қойған жөн. Аудиторияның қызығушылығына сай жеңістің құпиясын сұрау, жеңілістің себебін анықтау, спортшының эмоциясын жеткізу журналистің міндеті. Дегенмен, жеңіске қол созым қалғанда сүрініп, физикалық тұрғыда күші сарқылып шыққан спортшыға төтесінен сұрақ қою психологиялық соққы боларын, бұл Назымның алғашқы олимпиадасы екенін, көңілі құлазып тұрғанын ескеру қажет.

«Медиа мен журналистика. Теория мен тәжірибеге жаңа көзқарас» (Қазақстанның ашық университеті) кітабынан мына үзіндіге назар аударсақ: «Көптеген таблоидық басылымдардың журналистері қайғы-қасіретке ұшыраған адамдарға сұрақ қоюдың қандай да бір этикалық ұғымдары барын баяғыда-ақ ұмытып кеткен, ал жауапкершілігі бар журналист өз репортажының қаралы жанның қайғы-қасіретін қаншалықты ауырлата түсетінін ойланып алуы тиіс. Бұл мәселе бізді консеквенциализм теориясына негізделген дилеммаға жүгінуге мәжбүр етеді» [5]. Үзіндідегі «қайғылы оқиғалар» деген тіркесті біз «спортшының жеңілісімен» теңестіре қарастырдық. Спортшының жеңісі барша жұрттың, күллі елдің қуанышы. Ал ұзақ мерзімді дайындықтан кейінгі жеңілісі кей жағдайда өзі үшін ауыр қайғы боларын естен шығармау қажет. Әрине, бұл өткінші эмоция. Жеңілген спортшыға сұрақ қойғанда сағын сындырып алудан сақ болған жөн. Өйткені әр спортшыда «әттеген-ай» деген өкініш болады. Журналистің сұрағы, сұрақ негізінде белең алар қоғамның қыспағынан спортшыдағы өкініш сезімі өзін жазғыруға ұласуы мүмкін. Журналист (спортшымен тілдескен сәтте) сұрақты астарлап қойса, спортшының намысы мен ерік-жігері өкініштің тасасында қалмайды. Ал жарыс жолында жеңілісін де, жеңісін де дінмен байланыстырып, жауапкершіліктен жалтарған спортшылар жайлы журналист Есдәулет Қызырбекұлының мына пікірін ұсынамыз: «Алтын алғым келген» деп көзіңе жас алу – ішкі амбиция мен намыс. Бұл «Алланың қалауы осы болды» деп, жауапкершілікті құдайға ысыра салу емес. Назым қола алып қалды. Ашығын айту керек, ойыны жүрмеді. Қытай қызы мықты екен. Сонда да Назым осындай пікір айтып тұр. Медальдан үмітті болып, бірінші айналымнан ұшып кеткен спортшылардың барлығы халықтан кешірім сұрауы тиіс. Бюджеттің қаржысына дайындалды, барды, қадалды. «Келесі олимпиадаға дайындаламын. Алла қаласа» демей. Діндары жұмақпен, саясаткері жарқын болашақпен, спортшылары келесі олимпиадамен алдайды. Қашан бүгін болады бізде болатын дүние?» [30].

Пікір иесі, әнші Ерлан Төлеутай өз жазбасында ұлттық спорт пен ұлттық намыс жайын дилемма арқылы сипаттамақ болады. «Өзбектің боксында дін жоқ, рух бар. Қазақтың спортында дін бар, рух жоқ. Спорт саласын салафизм идеологиясынан тазаламай, көсегеміз көгермейді. Әсіресе, күрес, бокс, ұлттық ойындар тағы басқа спорт түрлері уаһабиттердің қолында. Олар қазақ спортын рухынан, яғни, әруағынан айыруда. Түбегейлі шаралар қолданбаса, қазақ спортының болашағы бұлыңғыр...» [31]. Демек, біз бұл өрелі аталмыш пікірден спорт саласының ілгерілеуі жолындағы қажеттіліктерді, дүниепайым қалыптастыру жолын, ұлттық рухты шыңдау мәнерін бәрінен биік қою қажетін түсіне аламыз.

Журналист Айдос Жұқанұлы Қазақстан құрамасының, яғни өз еліміздің спортшыларын табалау, жазғыру, әсіресе, көрші елдің спортшыларымен салыстыра айыптау екі ел арасындағы қарым-қатынасқа ықпал етерін айтады: «Ал бәйгеде сүрінген спортшыларға келсек, Олимпиада дегенің психологиялық тұрғыдан болсын, физикалық тұрғыдан болсын қанша дегенмен ауыр сын. Жығылған үстіне жұдырық болып, өздері де өкініп отырған спортшыларды енді келіп, сынаймыз деп табалағандай болмайық. Өзбекстаннан артта қалып жатырмыз деген сияқты пікірлерді де доғару керек-ау. Іштарлық, көре алмастық сияқты көрінеді екен. Қайта бауырлас елдің жеңісі үшін қуанбаймыз ба. Биыл

Өзбекстан алда болып жатса, келесі Олимпиадада Қазақстан озатын шығар. Алдында қазақ-қырғыз бауырлардың бір бірінің жеңісі үшін шынайы қуанып, тілектес болып жатқанын көріп едім. Бауырлас елдермен сондай ара-қатынас болуы керек. Бәсекесіз белдесу құлықсыз сынға түсумен тең. Бәсеке алға жылжуға, дамуға итермелейді. Десе де, өзге елдермен өштесе бәсекелесу ұлтаралық қақтығысқа арқау болады. Спортта қатысушының тек алаңдағы әрекеті қана жеңіске ықпал етеді деп кесіп айту қате. Спортшының жылдар бойы дайындығы, қажырлы еңбегі барын ұмытпайық. Табалау сипатындағы материалдар, көршілес елдермен араздастыруға ықпал етер салыстыру өз спортшыларымыздың еңбегін құнсыздандыруға сеп болады» [32]. Айдос Жұқанұлы жазбасына қатысты спортшы Замзагүл Бопайдың Тикток желісінде айтқан пікірі ұштасады. Дзю-до және қазақ күресінің шебері Замзагүл Бопай былай дейді: «Орын алған адамды ғана қолдаймыз. Ал орын алмай қалған адамды біз қолдамаймыз. Орын алмаған адам, ол да өмірін спортқа арнап жүрген кісі ғой. Оны да қолдайық. Анаған (жеңімпазға деп өзгерту керек пе) үй беріп жатса, оған көлік берейік. Анаған көлік беріп жатса, ақшалай берейік. Біріне 5 миллион, біріне 1 миллион берсең де, ол менің еңбегімді бағалап жатыр екен ғой деп ойлайды. Өмірде ең маңызды нәрсе – бірінші орын алу емес, өз орныңды табу. Қазір көптеген спортшылар егер спортты тастаймын десеңіздер, мүмкін спорт сіздердікі емес шығар. Содан кейін ылғи орта жолдан тоқтатқыңыз келіп тұрады. Оны тастап, басқа саланы да көріңіздер. Бірақ дзюдоға қайта оралуды қалап жүрмін» [33].

Жинақтай айтқанда, қазіргі масс медиа қоғамдағы діни алауыздықты, сенім тартысы мен жауапсыздық, тиімсіз реформалардың салдарын, қоғамдық сауат деңгейін ашық көрсетіп отыр.

Қорытынды

Сократ айтқандай, зерттелмеген өмір – өмір сүруге татымайды. Спортшылардың тартысты сынға түскен сәтін көру үшін спорт жанкүйерлерінің қарасы көбейеді. Ал спортшының жүріп өткен жолы, үздіксіз дайындығы жайлы деректер аудитория талқысына түсе бермейді. Демек, журналистік шеберлік – тек нәтижені тану және таныту ғана емес, спорт саңлағының өмір жолы, сәулелі сәттеріне үңілу, еңбек жолы хроникасына журналистика мүмкіндіктері арқылы барлау жасау, жан-жақты шолып өту әрі кәсіби қызметіне арқау ету. Кәсіби шеберлікке жету жолы этикалық мәселелерді еңсерумен, жан-жақты білім һәм аналитикалық ой-өремен өлшенеді. Гарвардтағы әлеуметтік этика профессоры Кіші Ральф Поттер этикалық дилеммаларды шешудің негізгі төрт өлшемін ұсынады. Алдымен деректерден бастап, құндылықтарды анықтап, принциптерді айқындап, сосын адалдықтың маңызын білу керек.

– Деректер. Кез келген этикалық мәселенің анализі деректерді бағалаудан басталады. Журналистер деректердің растығын қадағалауы шарт.

– Құндылықтар. Бұл сатыда шешім қабылдаған адам өз құндылықтарын көрсетеді. Мысалы, Журналистердің ұлттық ассоциациясының Этикалық кодексінде мына құндылықтар белгіленген: шындық, дәлдік, жан-жақтылық, сыйластық, адамгершілік. Негізгі құндылық – шындық. Нақты құндылықтардың маңызын түсіну проблеманы шешу кезінде нақты әрекеттерді бағалауға мүмкіндік береді.

– Принциптер. Құндылықтарды түрлі этикалық жүйелердің призмасы арқылы қарастыру әрекет ету мүмкіндіктерін құрастыруға жол ашады.

– Адалдық. Процестің бұл сатысында кімге, неге адал екенін анықтау пайымдауды жеңілдетеді. Мамандыққа немесе қоғамға адал болу туралы шешім қабылданған кезде бағыт айқын болады [16, 72-73 бб.].

Зерттеу жұмысында белгілі бір кезеңдегі соқталы этика мәселелері сараланды. Біз белгілі бір кезеңді қарастырсақ та, спорт жаңалықтарын талдау мен жеткізуде кәсіби жетілу мен ұдайы іштей толысудың тоқтаусыз екенін жоққа шығара алмаймыз. Кәсібиліктің негізгі көрінісі – іштей толысып отыру. XXXIII жазғы Париж Олимпиадасы кезінде журналистердің жаппай кәсіби жұтаңдығы байқалды, этика мәселелерін ескере бермейтіні, ақпараттық толқыннан келер қатер мен қиындықтарды шырамыта алмайтыны, елірме мен даурықпалыққа, анықтаудан бұрын айыптауға үйірсектігі көзге ұрды. Спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұлов өзінің бір жазбасында спорт саласының тоқтаусыз түрөзгеріске ұшырап отыратынын таңбалайды: «Спорт – мәңгі жас ұғым. Сондықтан да ол жаңашыл. «Спортқа ұлттық бояу қажет пе» дегенде – мен «ерекше қажет» дер едім. Бірақ, ол үнемі жас, жаңа болуы керек» [34]. Веб-журналистика алаңына ойысқан журналистер мен блогерлер жылдам репортаж, қысқа байқам, үзілді-кесілді пікір ұсынуды місе тұтып келеді. Біздіңше, байыпты-байсалды ой-толғауға, орнықты мінезден туған кәсіби қарекетке бой ұрғандар жаза баспайды, журналистердің спорт жаңалықтарын жеткізуде блогерлермен бәсекеге түсуі де негізсіз. Бұл мәселені мына ой ширықтыра түседі: «Жиырмадан астам блогер аттанды Риоға. Бұдан не ұттық? Түк те. Интернетке тән жылт еткен жаңалық жерде қалмай тез тарап жатты. Шағын, қысқа ақпараттар. Бәлкім, төрт жылда бір өтетін тарихи жарыстан кейінгі келесі олимпиада арасындағы цикл сәтті жалғасын тауып, жеткен жетістігіміз бен олқы тұстарымыз талданар, болашақ командаларымыз соған қарап болашағын таңдар дегенбіз. Үміт ақталмады. Талдау жасалмады» [35]. Кәсіби журналист даулы мәселенің толымды тоқтамын айтады, қашан да шындықты арқау етеді, қоғамның ақпарат алу мүмкіндігіне қарай алалауға, кейіпкерлі негізсіз қаралауға жол бермейді. Сонымен қатар төмендегі журналист этикалық принциптеріне сүйенеді:

1. Журналистің бірінші міндеті – шындықты және қоғамның ақпаратқа қол жеткізу құқығын құрметтеу.

2. Журналист осы міндетін атқара отырып, жаңалықтарды адал жинау және жариялау бостандығын және әділ пікір мен сын айту құқығын әрқашан жақтап, қорғауы керек. Журналист нақты ақпаратты пікір және сыннан нақты түрде ажыратуға міндетті.

3. Журналист тек ресурсы белгілі фактілер туралы хабарлауы керек. Ол маңызды ақпаратты жасырмауы және құжаттарды бұрмалауы керек.

4. Журналист ақпаратты, құжаттарды, деректерді немесе суреттерді жинау үшін тек әділ әдістерді қолдануы керек және басқа адамға өзінің журналист екенін әрқашан айтуы керек.

Қоғамдық мүддені көздейтін және басқа жолмен жинау мүмкін емес ақпаратты алу жағдайларын қоспағанда, ол жасырын түрде аудио және бейнежазба жазудан бас тартуы керек. Журналистер барлық ақпарат көздеріне үздіксіз қол жеткізуді және қоғамдық мүддеге ықпал ететін ақпаратты еркін іздеу құқығын жақтап, қорғауы керек.

5. Шұғыл немесе жылдам ақпарат беруге деген құштарлық ақпарат пен ресурстарды тексеруге және жауап беру құқығына кедергі болмауы керек.

6. Журналист жариялағаннан кейін қате екені дәлелденген ақпаратты жедел, анық, толық және ашық түрде түзетуі керек.

7. Журналистерге берілетін құпия ақпарат көзі кәсіби құпия ретінде сақталуға тиіс. Алайда журналист этикасының бұзылуына әсер ететін факторлар бар. Олар: үкімет, идеология ықпалы (саяси-экономика), жаңалық құндылықтары (уақыт, арақашық, нәтиже, өзекті болу, қызықты болу), жалпы контент структурасы.

Этика жайлы сөз қозғалғанда, бұл тек журналистерге ғана байланысты дүние емес екенін ұғынған дұрыс. Жалпы қоғамның да этика талаптарына сай болып, медиасауатының жоғары болуы аса маңызды [36].

Журналист этикасын жетік білу жолында:

а) Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы, БҰҰ-ның Баспасөз бостандығының бүкіләлемдік хартиясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамалары, редакциялардың моральдық-этикалық қағидаттары мен кәсіби қызметінің нормаларын игеру;

б) диджитал теңгерімді қолда тұту (ақпаратты сүзгіден өткізетін алгоритімдерді айналып өту, бірқатар ресурстарда ақпарат тарату, дәстүрі медиа мен жаңа медиа алаңдарында жеміс салу),

с) алалауға жол бермеу һәм гуманды кескін (кейіпкерлер мен адресанттарды бөліп-жармау),

д) әртарапты білімгерлік мен сараптамашылармен байланыс орнату;

е) дәлдік пен тереңнен толғау мен ойлану машығы;

ф) аудиал-визуал сауат пен сыни сана қалыптастыру маңызды.

Сайып келгенде, санамалап айтылған айырмашалықтардың бәрі контент бітімін жетілдіруге, журналистика сферасындағы ақпарат ағынын ширатуға, медиасауатты қоғам пен азаматтық қоғам дамуын қатар тізгіндеуге, әртүрлі ұстаным мен көзқарасты, дерек пен дәйекті теңдестіруге, бөтен мүдденің жетегінде кетпеуге, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге сеп болады.

Авторлардың қосқан үлесі.

Д.Қ. Қастай – зерттеу идеясы, зерттеу тұжырымдамасы мен дереккөздерді топтастыру мен саралау, ақпараттық контенттердің мәтінін академиялық сипатқа сай стильдеу мен жіктеу, тақырыптың теориялық ұстынын бекіту, әлеуметтік деректерді ғылыми танымға сай іргелендіру.

Н. Алчинова – қолжазбамен жұмыс, зерттеу нәтижелерін тұжырымдау және сыни санатта сараптау, логикалық қисынын жұмырлау, дизайн концепциясы, қолжазба нұсқасының жариялануы үшін түпкілікті бекіту жұмыстары.

Әдебиеттер тізімі

1. Козицька Т. Медиасауаттылық. Кітапханашыларға арналған нұсқаулық. IREX Europe, 2018. – 80 б.

2. Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. Этика: Учебник. – М.: Гардарики, 2000 – 472 с.
3. Жақсылықбаева Р. «Журналист этикасы». Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2013. – 230 б.
4. Ғұсманқызы С. Журналистік әдеп жөнінде. ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2005. – №5. – Б.36.
5. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Oxford. 2015. – 504 б. https://openu.kz/storage/lessons/504/media-zhne-zhurnalistika-teoriya-men-tzhribeg-zhaa-kzaras_21_lecture.pdf
6. Ли Э.П., Гай С. Р. Медиаэтика. Жас мамандардың тәжірибесінен. – CQ Press, an imprint of SAGE Publications, 2018. – 304 б.
7. Штурхецкий С. Медиа сауаттылық. Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. IREX Europe, 2018. – 152 б.
8. Нуржанова Ш., Сәдуақасов А. АҚШ журналистерінен үйренеріміз не? 11.04.2014. [Электронды ресурс] URL: <http://jurfak.kz/archives/1968> (қаралған күні: 19.10.2024)
9. Ғабитов Т. Этика және қазақтың әдеп мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 186 б.
10. Джалилов Ә. Қазақстандағы практикалық журналистика. – Алматы: «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы, 2017. – 167 б.
11. «Түркияда демалып жатқан Рыбакина Олимпиададан бас тартты» 25.07.24. [Электронды ресурс] URL: <https://qaz365.kz/sport/8357-turkiada-demalyp-zhatkan-rybakina-olimpiadadan-bas-tartty/> (қаралған күні: 20.10.2024)
12. Руслан Меделбектің Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 31.07.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/XBH5C2FyaQu82MZi/> (қаралған күні: 20.10.2024)
13. Руслан Меделбектің Инстаграм әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 12.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.instagram.com/p/C-kX18wAu7o/?igsh=MXNtOXRvYzd1MXJn-> (қаралған күні: 20.10.2024)
14. Рыбакина бізді «лақтырып кетті»: Ресей спортшысына керегі – қазақтың ақшасы! 26.07.24. [Электронды ресурс] URL: <https://abai.kz/post/185642> (қаралған күні: 20.10.2024)
15. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. құраст. Джалилов Ә. – Алматы: «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы, 2008. – 435 б.
16. Ли Э.П., Гай С.Р. Медиаэтика. Жас мамандардың тәжірибесінен. – CQ Press, an imprint of SAGE Publications, 2018. – 304 б.
17. «Редакционные ценности BBC» [Электронды ресурс] URL: https://www.bbc.com/russian/institutional/2011/02/000000_g_editorial_values.amp- (өтініш берілген күн: 20.10.2024)
18. Айдос Рымқұлдың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 15.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/SE2AQkiY3vQXX21a/> (қаралған күні: 20.10.2024)
19. Қуаныш Рахметолланың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 02.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/rjSkPaMziHha9h2Z/> (қаралған күні: 20.10.2024)
20. «Этический кодекс телерадиожурналистов BBC». [Электронды ресурс] URL: https://kmms.ru/index.asp?id_text=627 (қаралған күні: 20.10.2024)
21. Нұрбек Түсіпжанның Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 02.08.24. [Электронды ресурс] URL: [https://www.facebook.com/share/p/TP1V\]mwRD6VT6MGr/](https://www.facebook.com/share/p/TP1V]mwRD6VT6MGr/) (қаралған күні: 20.10.2024)

22. Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхецкий С. Кожобекова. Медиа ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап. IREX Europe, – 2018. – 270 б.
23. Елена Мәжитқызының Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 02.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/DkeYcG4i2s53HyRJ/> (қаралған күні: 20.10.2024)
24. Камшат Тасболаттың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 02.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/NcUbajijhnhixVE/> (қаралған күні: 20.10.2024)
25. Кәкен Қамзиннің Фейсбук әлеуметтік жесіндегі парақшасы. – [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/1J3cKKvCK3njQ62v/> (қаралған күні: 20.10.2024)
26. Эллиот А. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе. Worth Publishers, 2018. – 408 б.
27. Сәкен Сыбанбайдың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 27.02.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/gCg5iV63oBXxv9Hy/> (қаралған күні: 20.10.2024)
28. «Уақыт көрсетеді» ютуб арнасы: «Қор болып, қаңғып кеткен ауыр атлеттер кімдер?» 01.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://youtu.be/DAQyP3mgzvw?si=q8WFhWIQSSV-3Vja> (қаралған күні: 20.10.2024)
29. Қайнар Олжайдың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 04.10.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/1EPPhS233Z/> (қаралған күні: 20.10.2024)
30. Есдәулет Қызырбекұлының Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 07.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/8c1PAiFX5gvSNLY8/> (қаралған күні: 20.10.2024)
31. Ерлан Төлеутайдың Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 22.09.19. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/14vGJtQSD6/> (қаралған күні: 20.10.2024)
32. Айдос Жұқанұлының Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 09.08.24. [Электронды ресурс] URL: <https://www.facebook.com/share/p/5dp3M1pweNN9mmwE/> (қаралған күні: 20.10.2024)
33. Замзагүл Бопайдың Тикток әлеуметтік желісіндегі парақшасы. 02.09.24. [Электронды ресурс] URL: <https://vm.tiktok.com/ZMh8mJJN> (қаралған күні: 20.10.2024)
34. Сейдахмет Бердіқұлов шығармалар жинағы 3 том. Астана: Жарыс.KZ баспасы, 2013. – 197 б.
35. Дүйсебай Д., Тасполатова Р. Спорт журналистерін кәсіби деңгейде дайындау мәселелері. ЕҰУ Хабаршысы. 2019 – [Электронды ресурс] URL: buljourn.eni.kz (қаралған күні: 20.10.2024)
36. Журналистің этикалық принциптері қандай? 23.05.2023. [Электронды ресурс] Б.16. URL: <https://bugin.kz/30235-zhurnalistin-etikalyq-printsipteri-qanday> (қаралған күні: 20.10.2024)

Д. Кастай, Н. Алчинова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Динамизм современной коммуникации: проблемы медиаэтики на Парижской олимпиаде

Аннотация. В статье были рассмотрены этические аспекты деятельности массмедиа, изучены описания событий и явлений, противоречащие этике. Рассмотрены последствия общественного устройства, человеческого общения, проанализированы труды ряда ученых, проводивших исследования в области медиаэтики и журналистской этики. Основные выводы, сформулированные в статье, дадут толчок к обогащению научного содержания медиаэтики,

к рассмотрению и обобщению новых примеров и ситуаций, параллельному сопоставлению и дополнению реалий жизни и журналистской работы, послужат основой для развития отраслевых исследований. Область научного исследования – вычленение журналистских и медиаэтических критериев информационного контента, распространяемого во время XXXIII летней парижской Олимпиады, оценка соответствия профессиональной деятельности содержанию свода международных договоров, государственных кодексов и этических правил, научно-теоретическая экспертиза действий специалистов, принимавших участие в передаче спортивной информации. В работе проанализирована работа аудиовизуальных медиа во время спортивных состязаниях с дифференциацией данных, разработано теоретическое определение некоторых проблем практической журналистики, классифицированы основные цели медиаэтики. Все материалы обобщены и используются в ходе чтения лекций по предметам «СМИ и демократия», «СМИ и либерализм», «СМИ и мораль».

Ключевые слова: медиаэтика, кликбейт, гендер, экспресс-репортаж, прельщение, язык ненависти, манипуляции.

D. Kastay, N. Alchinova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Dynamism of modern communication: problems of media ethics at the Paris Olympics

Abstract. The article examined the ethical aspects of mass media activities, studied descriptions of events and phenomena that contradict ethics. The consequences of social organization and human communication were considered, and the works of a number of scholars who conducted research in the field of media ethics and journalistic ethics were analyzed. The main conclusions formulated in the article will stimulate the enrichment of the scientific content of media ethics, the examination and generalization of new examples and situations, the parallel comparison and supplementation of the realities of life and journalistic work, and will serve as a basis for the development of industry research. The field of scientific research is the identification of journalistic and media-ethical criteria for the information content disseminated during the XXXIII Summer Paris Olympics, evaluating the compliance of professional activities with the content of the international treaty, state codes, and ethical rules, and the scientific-theoretical examination of the actions of specialists involved in the transmission of sports information. The work analyzes the activities of audiovisual media during sporting events with data differentiation, theoretical definitions of some problems of practical journalism were developed, and the main goals of media ethics were classified. All materials have been summarized and are used during the teaching of subjects such as "Media and Democracy," "Media and Liberalism," and "Media and Morality."

Keywords: media ethics, clickbait, gender, fast reporting, seduction, hate speech, manipulation.

References:

1. Kozichka T. Mediasauattylyq. Kitaphanashylarga arналған nusqaulyq [Media literacy. A guide for librarians]. (IREX Europe, 2018, 80 p.) [in Kazakh].

2. Guseinov A.A., Apresjan R.G., Jetika. [Ethics]. (Gardariki, 2000, 472 p.) [in Russian].
3. Zhaqsylyqbaeva R. «Zhurnalistik etikasi». Oqu quraly [«Journalist ethics». Training manual]. (Almaty: Qazaq universiteti. 2013, 230 b.) [in Kazakh].
4. Gusmanqyzy S. Zhurnalistik adep zhoninde [On journalistic ethics]. Al-Farabi kazakh national university. Herald of journalism / Journalism: Society. Language. History. Policy. Law. Economy [Bulletin of KazNU. Journalist Series]. №5. 10-36 (2005), DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v74.i4.6> [in Kazakh].
5. Beinbrizh Zheison, Gok Nikola, Tainan Liz. Media zhane zhurnalistika: teoria men praktikaga zhana kozqaras [Media and Journalism: a new approach to theory and practice]. (Oxford, 2015, 504p.) [in Kazakh].
6. Li Ienn Pek, Gai S. Ril. Mediaetika. Zhas mamandardyn tazhiribesinen [Media ethics. From the experience of young professionals]. (CQ Press, an imprint of SAGE Publications, 2017, 354p.) [in Kazakh].
7. Shturhecki S. Mediasauattylyq. Zhogary oqu oryndaryna arналған media zhane aqqarattyq sauattylyq boynsha oqu quraly [Media literacy. Manual on media and information literacy for higher education institutions. Prepared as part of the IREX Europe Organization projects]. (IREX Europe, 2018, 152 p.) [in Kazakh].
8. Nurzhanova Sh. Saduaqasov A. AQSH zhurnalisterinen uirenerimiz ne? [What do we learn from USA journalists?]. Available at: <http://jurfak.kz/archives/1968> (accessed 19.10.2024)
9. Gabitov T. Jetika zhane qazaqtynadep madenieti. Oqu quraly [Ethics and culture of Kazakh ethics. Training manual]. (Qazaq universiteti, 2014. 186 b.) [in Kazakh].
10. Dzhalilov Ә. Qazaqstandagy praktikalyq zhurnalistika [Practical journalism in Kazakhstan]. (Almaty: «MediaNet» Halyqaralyq zhurnalistika ortalygy, 2017, 167 b.) [in Kazakh].
11. Turkiada demalyp zhatqan Rybakina Olimpiadadan bas tartty, [Rybakina, resting in Turkey, canceled the Olympics]. Available at: <https://qaz365.kz/sport/8357-turkiada-demalyp-zhatkan-rybakina-olimpiadadan-bas-tartty/> (accessed 20.10.2024)
12. Ruslan Medelbektin Feisbuk aleumettik zhelisindegі paraqshasy, [Page of Ruslan Medelbek on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/XBH5C2FyaQy82MZi/> (accessed 20.10.2024)
13. Ruslan Medelbektin Instagram aleumettik zhelisindegі paraqshasy, [Page of Ruslan Medelbek on the social network Instagram]. Available at: <https://www.instagram.com/p/C-kX18wAu7o/?igsh=MXNtOXRvYzd1MXJn> (accessed 20.10.2024)
14. Rybakina bizdi «laqtyryp ketti»: Resei sportshysyna keregi – qazaqtyn aqshasy! [Rybakina "threw" us: what a Russian athlete needs is Kazakh money!]. Available at: <https://abai.kz/post/185642> (accessed 20.10.2024)
15. Dzhalilov A. Qazaqstandagy zhurnalisterinin tazhiribesinen [From the experience of journalists in Kazakhstan]. (Almaty: «MediaNet» Halyqaralyq zhurnalistika ortalygy, 2008, 435 b.) [in Kazakh].
16. Li Ie. Pek, Gai S. Ril. Mediajetika. Zhas mamandardyn tazhiribesinen [Media ethics. From the experience of young professionals]. (CQ Press, an Imprint of SAGE, 2018, 304 b.) [in Kazakh].
17. Redakcionnye cennosti BBS, [BBC Editorial Values]. Available at: https://www.bbc.com/russian/institutional/2011/02/000000_g_editorial_values.amp (accessed 20.10.2024)
18. Aidos Rymquldyn Feisbuk aleumettik zhelisindegі paraqshasy, [Page of Aidos Rymkul on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/SE2AQkiY3vQXX21a/> (accessed 20.10.2024)

19. Quanysh Rahmetollanyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Quanysh Rahmetolla on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/rjSkPaMziHha9h2Z> (accessed 20.10.2024)
20. Eticheskii kodeks teleradiozhurnalystov BBC, [The Ethical Code of BBC Television Journalists]. Available at: https://kmmc.ru/index.asp?id_text=627 (accessed 20.10.2024)
21. Nurbek Tysipzhannyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Nurbek Tysipzhan on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/TP1VJmwRD6VT6Mcr/> (accessed 20.10.2024)
22. Imanqulov M., Usupbaeva A., Tekimbaeva A., Danilova N., Shturhecki S. Kozhobekova. Media aqparattyq sauattylyq: mugalimderge arналған resurstyq kitap [Media Information Literacy: a resource book for teachers] (Almaty: «MediaNet» Halyқаралыq zhurnalistika ortalыgy, 2018, 300 b) [in Kazakh].
23. Elena Mazhitqyzynyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Elena Mazhitqyzy on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/DkeYcG4i2s53HyRJ/> (accessed 20.10.2024)
24. Kamshat Tasbolattyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Kamshat Tasbolat on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/NcUbajijhnhixVE/> (accessed 20.10.2024)
25. Kaken Qamzinnin Feisbuk aleumettik zhesindegi paraqshasy, [Page of Kaken Qamzin on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/1J3cKKvCK3njQ62v/> (accessed 20.10.2024)
26. Jelliot A. Kopke umtylgan zhalgyz. Aleumettik psihologiaga kirispe [The only one who aspired to more. Introduction to social psychology]. (Almaty. 2018, 408 b) [in Kazakh].
27. Saken Sybanbaidyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Saken Sybanbai on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/gCg5iV63oBXv9Hy/> (accessed 20.10.2024)
28. Uaqyt korsetedi» iutub arnasy: «Qor bolyp, qangyp ketken auyr atletter kimder? [YouTube channel «time will tell»: «who are the weightlifters who became the foundation and wandered?». Available at: <https://youtu.be/DAQyP3mgzvww?si=q8WFhWIQSSV-3Vja> (accessed 20.10.2024)
29. Qainar Olzhaidyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Qainar Olzhai on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/1EPPhS233Z/> (accessed 20.10.2024)
30. Esdaulet Qyzyrbekulynyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Esdaulet Qyzyrbekuly on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/8c1PAiFX5gvSNLY8/> (accessed 20.10.2024)
31. Erlan Toleutaidyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Erlan Toleutai on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/14vGJtQSD6/> (accessed 20.10.2024)
32. Aidos Zhuqanulynyn Feisbuk aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Aidos Zhuqanuly on the social network Facebook]. Available at: <https://www.facebook.com/share/p/5dp3M1pweNN9mmwE/> (accessed 20.10.2024)
33. Zamzagyl Bopaidyn Tiktok aleumettik zhelistindegi paraqshasy, [Page of Zamzagul Bopay on the social network TikTok]. Available at: <https://vm.tiktok.com/ZMh8mJJN> (accessed 20.10.2024)
34. Seidahmet B. Shygarmalar zhinagy 3-tom [Select collection]. (Astana: Zharys.KZ baspasy, 2013, 197 b.) [in Kazakh].

35. Dyisebai D., Taspolatova R. Sport zhurnalisterin kasibi dengeide daiyndau maseleleri [Problems of professional training of sports journalists] Vestnik ENU im. L.N. Gumileva [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University]. №3(128)/2019, doi: <https://doi.org/0242cby63> [in Kazakh].

36. Zhurnalistin etikalyq principteri qandai? [What are the ethical principles of a journalist?]. Available at: <https://bugin.kz/30235-zhurnalistinh-etikalyq-printsipteri-qanday> (accessed 20.10.2024)

Авторлар туралы мәлімет:

Қастай Д. – оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің 1-курс докторанты, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан.

Алчинова Н. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің 2-курс студенті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кастай Д. – преподаватель, докторант 1 курса факультета журналистики Казахского национального университета им.аль-Фараби, кафедра печати и электронных СМИ, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан.

Алчинова Н. – студент 2 курса факультета журналистики Казахского национального университета им.аль-Фараби, Кафедра печати и электронных СМИ, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Kastay D. – Lecturer, 1st year doctoral student, faculty of journalism, Department of Print and Electronic Media, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Avenue, 050038, Almaty, Kazakhstan.

Alchinova N. – 2nd year student, faculty of journalism, Department of Print and Electronic Media, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Avenue, 050038, Almaty, Kazakhstan.



19.41.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-84-94>

Отандық БАҚ-тың технологиялық және саяси факторлары

Б.Қ. Қапасова^{1*}, С.Т. Елікпаев¹, Н. Қуантаев²

¹Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: *kapasova1970@mail.ru, serik.elikbay@mail.ru, kuantaiuly@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала саяси журналистикаға ықпал етуші технологиялық және саяси факторларды талдауға арналған. Мақалада қазіргі қазақ саяси журналистиканың алғашқы бастау көздері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарыққа шығуының өзі қоғамдық ортаға сауатты ақпаратты тарату, саяси сауатын арттыру негізінде ел санасына әсер ету мақсатынан туғандығын негізге ала отырып, бүгінгі журналистикадағы саяси бағыттағы материалдармен жұмыстың теориялық мәселесі талданады. Мақсатымыз – қазіргі БАҚ-тағы саяси материалдарға ықпал ететін технологиялық және саяси факторлардың теориялық негіздерін айқындау. Мақалада зерттелген теориялық тұжырымдарды қазақ БАҚ-тарындағы саяси материалдарды талдауда қолдануға, осы саладағы дайындалатын ғылыми-зерттеу еңбектерінде болады. Мақалада салыстыру, талдау, шолу, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды. Бұнда қазіргі саяси журналистикаға әсер ететін технологиялық және саяси факторлар туралы талдау берілді. Осы талдауларды теориялық тұжырым ретінде ал отырып, қазақ тіліндегі бұқаралық-ақпарат құралдарындағы саяси материалдарға талдау жасауға, қоғамдық ортаның саяси материалдарды қабылдау деңгейлеріне, ықпал етуші факторлардың орнын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу құндылығы – саяси журналистиканың негізгі мақсаты қоғамдық ортаның саяси сауатын көтеру, халықтың өзінің болашағына деген жауапкершілігін арттыру, бұқаралық-ақпарат құралдары материалдарымен жұмыс істеудің технологияларына дағдыландыруға бағыттайтын ой-тұжырымдар берілуімен құнды. Берілген теориялық талдаулар саяси журналистиканың теориялық нысаны болатын ықпал етуші факторлар жайындағы кең көлемдегі зерттеулерге ұласады.

Түйін сөздер: саяси журналистика, ықпал етуші факторлар, технологиялық, саяси, қоғам, сана, таным

Кіріспе

Бүгінгі әлем – тез өзгертін, жылдам дамитын кеңістік. Қоғам өзгерістерін жеткізуде ақпараттар құралдар көзі де молайды. Бұған дейінгі дәстүрлі ақпарат құралдарындағы ақпараттар мен жаңалықтарды халықтың сол қалпында қабылдауы мен түсінуі қазіргі кезең үшін жарамсыз. Өзгермелі қоғамдағы талдауды қажет ететін мәселелер қатарында саяси жаңалықтар мен ақпараттар кіреді. Саяси жаңалықтар мн ақпараттарды талдаудың қазіргі журналистикада қалыптасқан әдістері мен тәсілдері, жариялау тетіктері де жасалмаған. Технологиялық мүмкіндіктердің өзі де осы мазмұндағы ақпараттарды жариялауда біржақты мазмұнды ескереді. Бұның себептерін зерттеушілер көптеген тетіктерден іздестіреді. Бірде технологиялық дамудан, енді бірі саяси сана, ендігі бірі БАҚ-тың иелік етушілері мен ұсынушыларына да қатысты деген пікірді береді. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ журналистикасы үшін қажетті салалардың бірі саяси журналистикадағы қалыптасқан концепциялардың, дәстүрлердің болмауы да әлеуметтік ортамен байланысты әлсіретеді. Әлеуметтік ортаға қажет ақпараттарды таратудағы журналистиканың технологиялық мүмкіндіктері, саяси және экономикалық мүмкіндіктері қазіргі кезеңде ақпараттың біржақтылығын жасауға ықпал етеді. Сондықтан да саяси журналистикада көпшілікпен байланыстағы ықпал ету факторларын қарастырудың маңызы зор.

Қазақ журналистикасындағы теориялық жағынан зерттеуді қажет ететін сала – саяси журналистика. Әлемдік БАҚ-та журналистика қоғамдық пікірлер негізінде саясатқа ықпал ете алады, ал қазіргі қазақ журналистикасында бұл қызметтен гөрі журналистикаға ықпал етуші факторлар қызметі айқын байқалады.

Ақпараттық технологияның дамуы көпшіліктің кез келген ақпараттарға қолжетімділігін қамтамасыз етіп отыр. Бірақ осы тұрғыдан алғанда, ол ақпараттардың шындықпен байланысы, дерек көздерінің дәлдігі т.б. мәселелерді қарастыруда саяси журналистиканың алдына бірнеше міндеттер қояды.

Саяси журналистиканың нысаны мен оны талдаушылар ортасы, екінші тараптың саяси мәселелерді шешуге ықпалы, қоғамдағы саяси жағдайлардың резонанс тудыру т.б. мәселелер қазіргі ақпараттық-технология кезеңінде қалыпты жағдайларға айналды. Қоғамдық пікірдің ықпалы, саяси жағдайларды реттеудегі саяси күштер мен бұқаралық-ақпараттық құралдар әсерін зерттеу мен оның басты тетіктерін айқындаудың маңыздылығы да арта түседі.

Қоғамның өзі – қарым-қатынастан тұратын жүйе. Осы қоғамдық ортаның бағыт-бағдарын айқындуда саясаттың орны ерекше. Оны коммуникацияға сала отырып, талдауды ұйымдастырушылық қызметтен бастап, саяси журналистика даму жолдарын, өрістеуін, болжамды нәтижелерін және нақты түпкі деректерін ұсынушы ретіндегі қызметі кең көлемде жүргізіледі. Дегенмен саяси шолушы, саяси бағдарлаушы, саяси болжам жасаушы, саяси түсіндіруші, саяси таратушы т.б. қызметтерін атқаруда қазақ журналистикасының әлі де көп мәселелерді шешу қажеттігі байқалады. Біз бұл мақалада саяси журналистикаға ықпал ету факторларын талдай отырып, журналистің осы бағыттағы қызметтерін, біліктілігін анықтаудың маңыздылығын ашқымыз келеді.

Саяси журналистиканың өзі де – тек қана бір сала негізінде нысанын белгілеу, мақсат-міндеттерін анықтау, басты ұстанымдарын көрсету т.б. қажетті бөліктерін талдап, дәлдеп ашуға қиындық келтіретін сала. Себебі саяси журналистиканы бір ғана журналистика аясында айқындап, талдап шешу мүмкін емес. Журналистиканың өзге салалары сияқты оның тұтас қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларымен сабақтастыра, салыстыра, кей жағдайда солармен даму заңдылықтары мен теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып, анықтауды талап етеді.

Саяси журналистиканың негізгі мәселелері әлеуметтік журналистика, халықаралық журналистика, экономикалық журналистика, ұлттық журналистика сияқты өз ішіндегі жіктеулерді де, экономика, саясат, әлеуметтану, құқықтану т.б. мәселелерін ескерусіз шешілмейді. Қазіргі журналистиканың өзі де әмбебаптық қызметін тек қоғамдық-гуманитарлық саламен ғана емес, ақпараттық-технологиямен, жаратылыстану ғылымдары салалары дамуымен де шешуді қажет ететіндігін назарға алсақ, саяси журналистика толығымен жан-жақты зерттеулерден тұрады. Сонымен бірге оның зерттеу аясы мен материалдарының көлемі де ұлғайып келеді.

Әдебиеттерге шолу

Журналистиканың аса маңызды салаларының бірі ретінде саяси журналистика жөніндегі зерттеу Р. Даль, Н. Луман, Г. Лассвель, Ю. Хаббермас, Х. Арендт еңбектерінде бар. Аталған зерттеулерде саясаттың қоғаммен байланысы, таратылуы мен ұсынылуы, ақпарат ретінде берілуінің ерекшеліктеріне теориялық талдау жасалады. Америкалық және Еуропа ғалымдарының бұл зерттеулері қазіргі саяси журналистикада ескерілетін ой-пікірлер қатарында екені белгілі. Дегенмен әрбір мемлекеттің өзінің саяси бағыты, бұқаралық-ақпарат құралдарының қалыптасу жолы мен мәдениеті, ақпаратты қабылдаушы, талдаушы кеңістіктері әр түрлі екендігін ескеретін болсақ, қазақ журналистикасы өз алдына жеке сала ретінде зерттелуі қажет екендігін айқындайды.

Саяси журналистиканы зерттеуде әлемдік саясаттанушылар, философтар Тоффлер, МакКуэйль, Кухн зерттеулері бар. Бұның ішінде Тоффлер әлемнің дамуының жаңа бағыттарын айқындай отырып, ақпаратпен жұмыс істеудің, деректерді негізге ала білудің маңызын ескертеді. Сонымен бірге МакКуэйльдің журналистика үшін маңызды пікірі жаңа технологиялық мүмкіндіктердің ақпаратты өңдеу мен түзетудегі қызметтеріне қатысты айтылады. Сонымен бірге Кухн Батыс Еуропа елдеріндегі саяси журналистиканың дамуын зерттеуде бұқаралық-ақпарат құралдарының ішінде онлайн мүмкіндіктерінің алға шығып бара жатқандығын көрсетеді. Бұл жағдай 2014 жылы Батыс Еуропа елдеріне тән болса, қазір қазақ қоғамы үшін де шартты жағдайлардың біріне айналды.

Саяси журналистиканы қарастырған еңбектер қатарында көлемдісі – С. Г. Корконосенко редакция басшылығымен жарық көрген еңбекте саяси журналистика БАҚ-тағы басым бағыттар ретінде талданады. Біз қазақ журналистикасындағы саяси талдаулар деген тұста Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Сералиннен басталған алғашқы жолды аламыз. Ұлттық журналистикадағы алғашқы басылымдардағы мақалалардың бағыты

мен мазмұны, деректерді, ақпараттарды ұсыну стилі, жанрын үлгі ете отырып, қазақ журналистикасындағы саяси тақырыптағы материалдарды басуды үйренуді қолға алудың қажеттігін көрсетеміз.

Материалдар мен әдістер

Саяси журналистика туралы теориялық зерттеулерде бірнеше ортақтық бар. Бұнда саяси журналистиканың өзгермелілігі айтылады. Саяси матареиалдар күнделікті өзгереді, жаңарады. Барлық бұқаралық-ақпарат құралдарының ақпараттары мен жаңалықтары сияқты тың материалдармен толығады.

Біз зерттеуімізде саяси журналистиканың осы өзгеруіне ықпал ететін факторлардың белгілерін ашқымыз келді. Көпшілік орны мен ықпал етуші факторлар ретінде:

- ұлттық таным, сана факторы;
- технологиялық факторлар;
- саяси факторлар;
- экономикалық факторлар деп алынды.

Қоғамдағы саяси материалдарды ақпарат құралдарына берудің қалыптасқан үлгісі сақталған. Көбіне-көп материалдарда жағымды жақтары, саяси биліктің халықпен бірлесе жасалған бағдарламалары мен бағыттарының, ел дамуына, өркендеуіне қатысты нәтижелі істер атқарғанының дәлелдері беріледі. Кеңестік кезеңдегі саяси жаңалықтардың газет беттерінде бірінші бетте, радио, теледидар жаңалықтарында алдымен айтылуы жағымды позитивті белгілерімен де байланыстырылатын. Осы үрдіс қазіргі дәстүрлі БАҚ-та әлі де сақталған. Бұл жаңалықтар мен ақпараттарды берудің үлгілері мен концепциясы ескіргенімен әдістер әлі де сақталған. Ақпараттық технологиялар кезеңінде қоғамның келесі бір ерекшеліктері жастар арасында саяси мәселелерге қызығушылардың да қатарының аздығы байқалады. Сонымен бірге саяси жаңалықтарды жастар көп қызығып қарай бермейді. Саяси ақпараттарды қадағалайтындар – 50 жастан жоғарылар. Бұл жастағылардың өздері де дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан да заманауи технологияны қолдануға көшкен. Сондықтан да саяси материалдардың мазмұнын жеткізу мен талдауда журналистикада саяси біліктілік, білім мен қажыр-қайрат керек екені анық.

Мақалада қазақ тіліндегі саяси материалдарға талдау жасау міндеті қойылмайды. Біз қазіргі әлемдік журналистикадағы саяси материалдарға ықпал ету факторлары туралы зерттеулер негізінде қазақ журналистикасы үшін қажетті саланың міндеттерін белгілеу, бағыттарды анықтаудың қажеттігіне назар аудартамыз. Соның ішінде ұлттық фактор, технологиялық, саяси факторлар талданады. Мақалада талдау, салыстыру, жіктеу, шолу, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ журналистикасының өзінің бастауында саяси журналистика тұрғанымен кейінгі кеңестік кезеңде қазақ журналистикасында саяси саланы зерттеу, ол салаға қатысты

теориялық мәселелермен шұғылдану мүмкіндігі болмағандықтан да, тәуелсіздіктен кейінгі жылдардан бастап саяси журналистиканың нысанын белгілеу мен оның мақсат-міндеттерін анықтау, мазмұнын айқындаудың қажеттілігі байқалып келеді.

Саясат – журналистикадағы ең негізгі нысандардың бірі. Қазіргі биліктің орталықтандырылған жүйелік институттары қалыптасып, барлық саланы тікелей бақылау мен міндеттерін атқаруды басқаруды өз қолына алған кезде саяси журналистика өзге салаларды талдау үшін де маңызды болады. Сондықтан да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ оқығандарының саяси көзқарасының жаңа сипатқа көтерілуіне әсер еткен ортаның бірі – басылымдар еді. Ғалым М. Қойгелдиев Ә. Бөкейхановтың алғашқы қызмет атқарған орындарының бірі Омбыдағы «Степной Край» газетінің құрамында халықшылар мен марксистерден тұрғандығын жазады [1. 10] [11]. Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасы мен ел еркіндігі жолындағы күресте таңдаған құралы да баспасөз болды. «Патшалық отарлау аппараты өзіне қызметке даярлаған түрлі мамандық иелері арасынан шыққан қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдары қарастырды. Осы бағытта газет шығару, күреске шақыратын кітаптар бастырып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптарқойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады [1. 12].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары саяси еркіндіктің, халықтың саяси көзқарасының басты шарты білімді игеру, ғылымды білу, мәдениетті көтеру екенін ұқтыруды мақсат етті. «Дүниеде теңге теңдік, кемге кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» [2. 49], – дейді А. Байтұрсынұлы.

Журналды шығарушы М. Сералин 1912 жылдың № 1 санындағы өткен бір жылға шолу мақаласында 1911 жылы ең көп талқыланған мәселе жер, партия, оқу туралы болғанын айтады [2. 93]. Бұл сол кездегі халық үшін ең басты саяси мәселелер болатын. Журнал бетінде жер саясаты, ел ішіндегі партия, оқу саясаты – өзекті мәселелер ретінде талқыланып, кей жағдайда өз нәтижелерін де берді.

Саяси журналистиканың басты факторларына ұлтты аламыз. Ұлт мәселесі – ұлт саясаты қазақ халқы үшін қашан да өзектілігімен бірге елдің бірлігін территориялық тұтастығын сақтаудың негізі. Саяси журналистикадағы ұлттық фактор елдің менталитетін ескеру, дәстүр мен танымдық құндылықтарын қорғай отырып жүргізілгенде ғана шешілетіндігін қазақ баспасөзі тарихы дәлелдейді. Сондықтан да саяси күрес құралы болған «Қазақ» газетінде ұлттық бостандыққа жеткізудің құралы ғана емес, сол жолдағы қызметті атқарушы етіп газетті ұсынады. Газет ұлтты саяси күреске ұйымдастыратын, басшылық жасайтын орталық қызметін атқарды. Бұған дәлел газеттің қоғамдық-саяси бағытты таңдауымен де түсіндіруге болады. «Қазақтың» бірінші санында газеттің қызметін айта келіп: Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүтін дүние жүзіндегі халықтар телеграмм, телефон, пошталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы? Кімге заралы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады» [3. 10].

«Қазақ» газеті халықтың саяси сауатының негізін бастайды. Газет бетіндегі әлемнің жаңалықтарынан, ел ішіндегі істерден хабардар болу, оны талдаудың пайдасы келешек қиындықтардан сақтану, алдын-ала қорғану екенін айтады. Бұл ұлттың саналық білімін баспасөзбен жетілдіріп, сонымен қаруланып жұрт өзі саяси істерді талдауға үйретуден басталғандығын байқатады. Алаш зиялылары халықтың саяси көзқарасын қалыптастырып, саяси талдауға үйренуге шақырады. Саясаттағы басты мәселе – өз мүдденді қорғау. Халықта өз мүддесін қорғауды үйренуі үшін ақпараттарды білуі керек, күнделікті істерді, жаңалықтарды естуі керек деген пікірдің өзі де саяси журналистикадағы қажетті факторлар әрбір ұлттың ерекшелігін ұстану қажеттігін айғақтайды. Кейбір елдер үшін саяси журналистикада ұлттық менталитет факторын ескеру шарт болмауы да мүмкін. Оған дәлел Е. Воинова мен Э. Полетаевтың осы тақырыпқа арналған әдістемелік құралында саяси журналистиканың коммуникациялық факторларына:

- технологиялық факторлар;
- саяси факторлар;
- экономикалық факторлар алынады [4. 11-17].

Өзгерістердің жылдамдығын көптеген факторлармен анықтауға болады. Солардың ішінде халық санының өсуі, жас пен кәрілердің ара қатынасының айырмашылығы, урбанизация т.б. Бірақ осының бәрінің басты себепкері – технология [5. 467].

Технологиялық факторлар саяси ақпараттарды жылдам жеткізуге, тез таратуға да ықпал етеді. Бірақ бұл ретте, зерттеушілердің көпшілігі саяси ақпаратты өңдеу мен қайта таратудағы технологиялық факторларды көп айтады. Саяси институттар мен партиялар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер тарапынан жасалатын технологиялық өзгертулер мен өзгерістер ақпараттар мен жаңалықтарға жаңа мазмұн беруі немесе оның бағытын ауыстыруы да мүмкін.

Технологиялық факторлардың келесі бір қызметі ақпараттар ағыны қабылдаушыларды шатастыруы да мүмкін. Сондықтан да саяси партиялар мен саяси ұйымдар неғұрлым өз қызметтерін күшейткен сайын ақпараттар да көбейеді. Осының әсерінен қоғамға таңдау да қиынға түседі. Әлеуметтік желі арқылы келетін ақпараттар ағыны әртүрлі жағдайда қоғамдық ортаның көңіл-күйі сезіміне әсер еткен кейбір жеке адамдар пікірінің нақтылы деректерден де өтімді болып кететіндігін көрсетеді. Кей тұстарда нақтылы деректің өзі құнсыз болып, қоғамға «post-truth» – пост-шындық, прайминг, фрейминг әдістері туралы кең зерттеулер жасалды [6. 67-68].

Журналистиканы зерттеуші Д. МакКуэйл бұқаралық ақпарат құралдары әлемдегі технологиялық мүмкіндіктер мазмұны әлдеқайда қоғам үшін әлеуетті ақпараттарды, деректерді өңдеу технологияның қажетті қызметі болатындығын айтады [7. 14]. Қазіргі саяси журналистикада басым бағыттардың бірі – қажетті ақпараттарды жаңа, алғашқы қалпында ала алу, оның нақтылығын тексеру және өңделген дерек пе, әлде бастапқы негіз сақталған ба, бұны да тексеру міндеті туындайтындығымен де аса күрделі сала болып шығады.

Саяси журналистиканың өзінің басты мақсаты – ұлттың еркіндігі пен бостандығы, тәуелсіздігі үшін ұлттың саяси санасын қалыптастыруға қажет ортаның жасалуына ықпал ету. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда қазақ журналистикасының алар орны ерекше болуға тиісті. Өкінішке орай, бүгінгі күн биігіндегі әр түрлі саяси сұрақтарға,

ел ішіндегі өзгерістер мен жақын және алыс елдердегі әр түрлі саяси тиктоникалық құбылыстар, дүмпулер, оқиғаларға түсіндіру мен шешімдер ұсыну саяси журналистика міндеті болмақ.

Саяси журналистиканы журналистикадағы саясат деп те алады, сонымен бірге оны журналистиканың бағыты, саясаттанудың құралы деген пікірлерде бар. «Саяси журналистика – журналистиканың бағыттарының бірі, әрі саясаттану құралдарының да бірі болады» [8. 2]. Баспасөз бен саясаттың арасындағы өзара байланыс саяси жағдайларды жариялау, қоғамға таратудан басталады. Саяси журналистиканың тақырыбы мен материалдары өзге баспасөз материалдарынан өзгеше болады. Бұл өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдарының түрлерінде әр түрлі үлгіде жариялануы да мүмкін. Мысалы, дәстүрлі БАҚ түрлерінде қалыптасқан қатаң журналистік этика және құқықтық заң талаптары сақталса, әлеуметтік желі арқылы немесе жекелеген электронды құралдарда белгілі топтар мен автордың мүддесіне қарай жығылуы да мүмкін. Саяси журналистикадағы технологиялық факторлар саяси журналистиканың стилі мен жазылу мәнерін, ақпараттың дерек көздерін, жанрын т.б. талаптарын сақтауы керек. Саяси журналистиканың өз аудиториясы бар. Оның құрамы мен тапсырыстары, талаптары, кері өтінімдері теориялық және қолданбалы-тәжірибелік талдаудан да өткізеді.

С.Г. Корконосенко саяси журналистиканың теориясын саясаттану, әлеуметтік журналистика және коммуникация теориясы және басқа ғылымдар тоғысынан алады. Саяси журналистиканы журналистиканың саясаттануымен салыстырады. Журналистиканың саясаттануын саяси институттар, саяси сана, саяси өмір, саяси мәдениет, саяси коммуникация, саяси танымға таратады [9. 14-15]. Саяси журналистикадағы көпшілікке ықпал ету факторларына саяси технологиялар арқылы қолданылатын әдістер мен тәсілдер кіреді. Бұл істі жүргізудің алгоритмі мен субъектіге бағытталған міндетті шешудің тиімді, оңтайлы әдіс-тәсілдерін қолдануға да байланысты. Бұл ретте, саяси кеңесшілер, билік пен басқару органдары, PR, т.б. қосу тәсілдері де жүруі мүмкін. Сондықтан да саяси журналистикадағы факторларды анықтауда алғашқы дерек көздерімен жұмыс, ақпараттың жаңашылдығы, гипер-жылдамдық, ақпараттық ағын, резонанс та ескеріледі.

Қазіргі саяси журналистикадағы мазмұн концепцияларды талдау кезінде келесі пікірлерді қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтады. Зерттеушінің айтуынша, қазіргі батыс елдеріндегі саяси журналистика:

- саясаттың стратегиялық ойын екенін;
- тікелей жаңалықтармен салыстырылатын интерпретация;
- БАҚ конфликті пен негативінің қалыптасуы;

– саяси және партиялық пен біржақтылығын көрсетеді. Саяси журналистика саясаттың ықпалы мен партияның алалаушылығынан шыға алмайды деп жазады [10]. Саяси журналистиканың дамуы мен оның қоғамдағы қызметінің таратылуы сол елдегі саяси тұрақтылықпен тығыз байланысты деген пікірді де айтады. Мысалы Батыс Еуропа елдерінің саяси журналистикасына талдау жасаушылар Франция мен Біріккен Корольдікте (Ұлыбританияда) саяси журналистика БАҚ-та еркін қызмет етеді, себебі оларда саясат та тұрақты деген пікірді айтады.

Қорытынды

Бүгінгі күнде жастардың ішінде саяси тақырыптарға қызығушылық белсенді емес. Өзіміз зерттеген 105 студент ішінде шамамен 5 пайыз ғана жан саяси тақырыпқа қызығады. Респонденттердің орта жасы 23. Сол бес пайыздың 90 пайызы ер балалар. Есесіне 90 пайыз студент «Салтанат ісін» біледі. Демек өз ортамызда «бейсаяси» ұрпақ өсіп келеді. Бұған негізгі себеп Қазақстанның әлемдік саяси ортадағы бейтараптық, көпвекторлық бағыты болса керек.

Қоғамдық ортаның күрделілігі ақпараттық технологиялардың қызметінің кең көлемімен де байланысты. Әлемдегі саяси ойындар мен стратегияларды ұғу, олардың мақсаттары мен бағыттарын болжау қиындап бара жатыр. Қаншалықты қиын болғанымен де, саяси ортамен байланыс болу керек. Сонымен бірге саяси ортамен шындыққа негізделген ортаны қалыптастырудың маңызды екені анық. Дегенмен саяси стратегияда бүтіндей шындық ақпаратты алудың қиын екені әлмисақтан белгілі. Технологиялық мүмкіндіктер бұл бағытта жолды, тәсілдің түрлерін көбейтіп берді. Қалай болғанда да, журналистика ақпаратты сауатты талдау мен нақты ақпаратты қоғамға жеткізу қызметін атқаруы тиіс. Сол себептен де, саяси журналистиканың теориялық негіздері мен ақпаратпен жұмыс істеу, технологиялық өңдеуді тексеру, деректерді салыстыру, шындықты ашудың бағыттарын табу т.б. мәселелер бойынша зерттеулер мен тәжірибелік істер, қолданбалы әдіс-тәсілдер жүйесін жасау қажеттілігі байқалады. Қазақ қоғамының саяси сауаттылығы, ұлттың сана-сезімінің ашықтығы мен танымының кеңдігі күнделікті алатын ақпараттарымен де байланысты. Ендеше жаңа кезеңдегі қазақ журналистикасы міндеттерінің бірі – саяси журналистика мәселелеріне қатысты зерттеулерді талап етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Қапасова Б.Қ. – материал жинап, мақала жазды.

Елікпаев С.Т. – мақаланы жинақтап, қорыттты.

Қуантайұлы Н. – мақаланың талапқа сай екенін тексерді, ой қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі. Энциклопедия «Айқап». Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 367 б.
2. Сералин М. «Айқап» журналы № 1, 1912. Энциклопедия «Айқап». Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 367 б.
3. «Қазақ» газеті. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
4. Воинова Е., Полетаев Э. Саяси журналистика бойынша әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан: «Құқықтық медиа орталығы», 2022. – 92 б.
5. Тоффлер Э. Шок будущего. – Москва: АСТ, 2002. – 557 с.

6. Попова О.В. Политика постправды и популизм. Под редак. – Санкт-Петербург: Скифия-принт, 2018. – 216 с.
7. МакКуэйл Д. Журналистика и общество. – Москва: МедиаМир, 2013. – 362 с.
8. Тулупов В. О политической журналистике. В журнале: Новое в массовой коммуникации. Воронеж: ВГУ. – 2016. – № 1. – 137 с.
9. Корконосенко С.Г. Политическая журналистика: учебник для бакалавриата и магистратуры. – Москва: Юрайт, 2015. – 319 с.
- 10 Jesper S. Political Journalism: The Most Sacred Part of Journalism Oxford Research Encyclopedia of Communication. – [Электрон. ресурс]. URL: <https://jesperstromback.org/wp-content/uploads/2020/11/strocc88mbacc88ck-shehata-2020> (қаралған күні: 23. 02. 2025)
11. Қойгелдиев М. Алаштың Әлихан Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

Б.К. Қапасова¹, С.Т. Елікпаев¹, Н. Куантайұлы²

¹Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан

²Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

Технологические и политические факторы в отечественных СМИ

Аннотация. Статья посвящена анализу технологических и политических факторов, влияющих на политическую журналистику. В статье, исходя из того, что первые источники современной казахской политической журналистики – выход в свет журнала «Айқап» и газеты «Қазақ» – были направлены на распространение грамотной информации в общественной среде, повышение политической грамотности и влияние на общественное сознание, рассматриваются теоретические вопросы работы с материалами политической направленности в современной журналистике. Наша цель – определить теоретические основы технологических и политических факторов, влияющих на политические материалы в современных СМИ. Теоретические положения, исследованные в статье, могут быть использованы при анализе политических материалов в казахских СМИ, в научно-исследовательских работах в данной области. Здесь использовались методы сравнения, анализа, обзора и обобщения. В статье представлен анализ технологических и политических факторов, влияющих на современную политическую журналистику. Приняв этот анализ за теоретическую основу, можно провести анализ политических материалов в казахских средствах массовой информации, определить уровень восприятия политических материалов общественной средой и место влияющих факторов. Ценность исследования заключается в предоставлении идей и заключений, направленных на повышение политической грамотности общественной среды – основной цели политической журналистики, а также на формирование навыков работы с материалами СМИ. Представленные результаты теоретического анализа приведут к масштабным исследованиям факторов, влияющих на политическую журналистику как теоретический объект.

Ключевые слова: политическая журналистика, влияющие факторы, технологические, политические, общество, сознание, познание

B.K. Kapasova¹, S.T. Elikpaev¹, N. Kuantayev²

¹*Toraygyrov University, Pavlodar, Kazakhstan*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Technological and political factors in domestic media

Abstract. The article is devoted to the analysis of technological and political factors influencing political journalism. The article examines the theoretical issues of working with politically-oriented materials in modern journalism, based on the premise that the origins of modern Kazakh political journalism – the publication of the Aiqap magazine and the Qazaq newspaper – were born out of the goal to disseminate competent information, enhance political literacy, and influence public consciousness. Our goal is to identify the theoretical foundations of technological and political factors influencing political materials in modern media. The theoretical concepts explored in the article can be applied in analyzing political materials in Kazakh media and in preparing scientific research in this field. Comparison, analysis, review, and synthesis methods were used. The article presents an analysis of technological and political factors influencing modern political journalism. Taking these analyses as theoretical conclusions allows for analyzing political materials in Kazakh-language mass media, determining public perception levels, and identifying the role of influencing factors. The value of the research lies in the ideas and conclusions aimed at increasing the political literacy of the public, the main objective of political journalism, and in fostering skills in working with mass media materials. The presented theoretical analyses will lead to extensive studies on the influencing factors as theoretical objects of political journalism.

Keywords: political journalism, influencing factors, technological, political, society, consciousness, cognition

Reference

1. Baitursynov A. Kazak okpesi. / Jenciklopedija «Aikap» / Bas redaktor R. Nurgaliyev [Kazakh lungs. / In the Book: Encyclopedia «Aikap» / Editor in chief R. Nurgaliyev]. (Almaty, 1995, 367 p.) [in Kazakh]
2. Seralin M. «Aikap» zhurnaly № 1, 1912 /Jenciklopedija «Aikap»/ Bas redaktor [Journal «Aikap» No. 1, 1912 / in the Book: Encyclopedia «Aikap». Editor-in-chief R. Nurgaliyev]. (Almaty, 1995, 367 p.) [in Kazakh]
3. «Kazak» gazeti / Bas redaktor A. Nysanbaev. [Newspaper «Kazakh» / Editor-in-chief A. Nysanbayev]. (Almaty, 1998, 560 p.) [in Kazakh]
4. Voinova E., Poletaev E. Sajasi zhurnalistika bojnsha adistemelik kural. [methodological manual on Political Journalism]. (Nur – Sultan, 2022, 92 p.) [in Russian]
5. Toffler Je. Shok budushhego. [The schok of the future]. (Moskva, 2002, 259 p.) [in Russian]
6. Popova O.V. Politika postpravdy i populizm. [Post-truth politics and populism. Edited by O.V. Popova]. (St. Petersburg, 2018, 216 p.) [in Russian]
7. McQuail D. Journalism and Society. (Moscow, 2013, 362 p.) [in Russian]
8. Tulupov V. O politicheskoy zhurnalistike // V zhurnale: Novoe v massovoy kommunikacii. Voronezh: VGU. [Sheepskin coats About political journalism // In the magazine: New in mass communication. Voronezh, VSU]. 1. 137(2016). [in Russian]

9. Korkonosenko S. G. Politicheskaja zhurnalistika: uchebnik dlja bakalavriata i magistratury. [Political journalism: teacher for Bachelor's and master's degrees]. (Moscow, 2015, 319 p.) [in Russian]

10 Jesper S. Political Journalism: The Most Sacred Part of Journalism Oxford Research Encyclopaedia of Communication. Available at: <https://jesperstromback.org/wp-content/uploads/2020/11/strocc88mbacc88ck-shehata-2020> (accessed at: 23. 02. 2025)

11. Koigeldiev M. Alashtyn Alihany / Bokejhanov A. Shygarmalar. [Alikhany Of Alash /In The Book: Bukeikhanov A. Works]. (Almaty, 1994, 384 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Қанасова Б.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті, филология және журналистика кафедрасының профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Елікпаев С.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті, филология және журналистика кафедрасының профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Қуантаев Н. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Канасова Б.Қ. – кандидат филологических наук, профессор кафедры «Филология и журналистика», Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан.

Еликпаев С.Т. – кандидат филологических наук, профессор кафедры «Филология и журналистика», г. Павлодар, Казахстан.

Куантаев Н. – кандидат филологических наук, декан факультета журналистики и социальных наук, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Karasova B.Q. – Candidate of Philological Sciences, Professor, Department of Philology and Journalism, Toraygyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

Elikpaev S.T. – Candidate of Philological Sciences, Professor, Department of Philology and Journalism, Toraygyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

Kuantayev N. – Candidate of Philological Sciences, Dean of the Faculty of Journalism and Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



ХҒТАР 19.41.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-95-107>

Қазақстан бұқаралық коммуникация құралдарындағы билингвизм мәселелері

А.И. Майлыбаева*¹, М.Б. Тоқтағазин¹, Н.К. Сиязбаев²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: *mailybayeva@mail.ru, muratbek_63@mail.ru, nurtuleu_92kz@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада билингвизм терминіне түсініктеме беріліп, оның енуіне себеп болған әлеуметтік, саяси, мәдени жағдайлары талданды. Қазіргі қоғамда билингвизмнің кең таралуы этникалық және саяси факторлармен, сондай-ақ географиялық ұтқырлықпен түсіндіріледі. Жаһандану кезеңінде қоғамдық және қаржылық алғышарттар маңызды рөл атқарады, мұнда екі немесе одан да көп тілдерді білу оқуға түсу немесе басқа елде жұмыс істеу үшін қажетті шарт болып саналады. Халықтардың, тілдер мен мәдениеттердің араласуы бұрын-соңды болмаған ауқымға жеткен және бөтен мәдениеттерге төзімділікті тәрбиелеу, оларға деген қызығушылық пен құрметті ояту мәселесі бұрынғыдан да өткір болған қазіргі кезеңде мәдениетаралық қарым-қатынаста қостілділік ерекше маңызға ие болып тұр. «Билингвизм» термині екі латын сөзінен шыққан: («bi»-қос және «lingua»-тіл). Екі тілділік ұғымының өзі толық түсініксіз: арнайы әдебиеттерде оның анықтамалары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Билингвизм деп ақпаратты екі тілде де түсініп, еркін сөйлей алуы немесе бір тілде еркін сөйлеп, екінші тілде тек жауап қайтара алатындай тілдік дағдысы болуын айтады. Қостілділікті қазіргі жаһандану кезеңінде болуы тиіс құбылыс деп санауға болады. Сонымен қатар, билингвизмнің медиаға қатысы айтылып, таралу деңгейі анықталды. Дәстүрлі және жаңа медиакеңістіктің мүмкіндіктері сараланды. Мақаланың мақсаты – қазақтілді бұқаралық коммуникациядағы билингвизмнің көрінісін анықтап, деңгейін саралау. Дәстүрлі және интернет БҚК-дағы билингвизмдер мысалдар арқылы талданды. Зерттеудің нәтижесінде қазақ-орыс, қазақ-ағылшын билингвизмі анықталды. Әсіресе, қазақ-орыс билингвизмі барлық бұқаралық коммуникация құралдарында кездесетіні айқын. Себебі елімізде кейбір ресми іс-шаралар орыс тілінде жүргізіледі.

Түйін сөздер: билингвизм, БАҚ, коммуникация, қос тілділік, медиа-кеңістік

Кіріспе

Билингвизм – ертеден келе жатқан құбылыс. Ал жаһандану кезеңінде бірнеше тіл білу немесе түсіну қалыпты жағдайға айналды. Бұл құбылыстың артында тарихи, саяси, әлеуметтік мәселелер жатыр. Билингвизмді зерттеуші ғалымдар бұл терминге түрлі анықтама берген. Бірі екі тілді де бірдей дәрежеде білуі тиіс десе, келесі тобы екінші тілді түсініп, аз болса да сөйлей алса жеткілікті деген тұжырым жасаған. Билингвизмге қатысты тұшымды ойларды У. Вайнрахтың еңбектерінен таба аламыз. Ол билингвизм немесе қос тілділік «екі тілді кезектесіп қолдану тәжірибесі. Бұл тәжірибені жүзеге асыратын адамдар екі тілді немесе билингв деп аталады» [1, 22 б.] дейді. Ал А. Метлюк болса, «билингвизм» термині екі тілді жеке меңгеру жағдайларына, тілдерді ұжымдық немесе жаппай меңгеру жағдайларына қолданады. Бұл ретте екінші тілді меңгеру әртүрлі дәрежеде болуы мүмкін» [2, 88б.] деген болатын. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Билингвизм – [bi-екі, lingua-тіл] – зат. Қостілділік. Билингвизм – әлеуметтік, психологиялық, тілдік құбылыс» деп берілген [3, 354].

Зерттеуші К.Я. Янович қостілділік ұғымы «мәдениетаралық коммуникация» ұғымымен тығыз байланысты дейді [4]. Екі тілді басылымдар әрдайым екі халықтың мәдени мәтіндерін бейнелейді, бұл оқырмандарға әртүрлі мәдениеттердің, олардың және шетелдіктердің мағыналарын түсінуге, оларды талдауға және салыстыруға мүмкіндік береді, осылайша, мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асырады. Оқу процесінде екі тілді басылымдарды қолдану ерекше маңызға ие. Олар материал мен тілдің оңай сіңуіне ықпал етеді. Қазір осындай екі тілді басылымдардың көп саны әртүрлі жастағы және білім берудің әртүрлі деңгейлеріне қарай таралып жатыр.

Медиалингвистика – ғылымдар тоғысында баспа, аудиовизуалды және желілік медиамен ұсынылған медиасферада тілдің жұмыс істеуін зерттейтін пән. Әлеуметтік-саяси жағдайлар тіл арқылы медиакеңістікте көрініс табатындықтан, билингвизмдердің белгілерін анықтау үшін дәстүрлі және интернет бұқаралық ақпарат құралдарына шолу жасалды.

Зерттеу әдісі

Тақырыпты зерттеу үшін белгілі бір медиа үшін тілді таңдау факторларын анықтауға арналған контент-талдау; газет мәтіндеріндегі русизмдерді интроспективті анықтау және оларды варваризмдерден ажырату үшін салыстырмалы талдау; русизмдердің мәлімдеме мен мәтіндегі функцияларын анықтау үшін контекстік талдау әдістері қолданылды.

Талқылау

Билингвизмді У. Вайнрах, В.Ю. Розенцвейг, Г. Вишневская, Ф.П. Филин, т.б. зерттеп, оның концепциясын жасаған еді. Билингвизм – әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық құбылыс болғандықтан, оның бірнеше теориясы анықталды. Түрлі

теориялардың ішінде Г. Вишневскаяның пайымдауынша, Ф.П. Филиннің концепциясы «неғұрлым сенімді болып көрінеді, өйткені ол екі тілді адамның сөйлеуіндегі тілдер арасындағы байланыстың сипатын ескере отырып, талданатын құбылысты объективті түрде көрсетеді және бұл құбылысты толық және жан-жақты ашуға мүмкіндік береді» [5, 6.16].

Өз кезегінде, билингвизм қазіргі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде келесі факторлардың әсерінен дамиды:

- әлеуметтік-мәдени компоненттің рөлін күшейту-басқа елдердің мәдениетін зерттеу және өз мәдениетін тереңірек түсіну, "мәдениеттер диалогына" қатысу;
- бірыңғай білім беру кеңістігін (жалпыеуропалық білім беру кеңістігін, халықаралық білім беру кеңістігін) құру және соның салдарынан адамдардың шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық деңгейіне жетуге ұмтылуы және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;
- болашақ мамандарға өз әлеуетін іске асыруға және әлемдік нарықта белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін кәсіптік даярлау құралы ретінде екі тілді оқытуға деген қажеттілік, сондай-ақ ХХІ ғасырда кәсіпаралық сипаттағы алмасулардың айтарлықтай өсуі;
- әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуы, теледидар мен Интернет сияқты заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, түрлі бұқаралық коммуникация құралдарының тез таралуы;
- жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану, қашықтықтан оқыту нысанын дамыту, on-line режимінде оқыту және т. б.

Билингвизм, ең алдымен тарихи жағдайларға байланысты дамыған. Оның айқын мысалы ретінде КСРО құрамына енген елдердегі тіл саясатын негізге алуға болады. Мәселен, А.В. Гусейнова «Региональный язык в медиапространстве Республики Хакасия» атты мақаласында Хакасияның медиакеңістігіндегі тіл мәселесіне тоқталған. Зерттеудің нәтижесінде ассиметриялы билингвизм деген тоқтам жасады. Мақаланы қорыта келе, жергілікті тілдің уақыты шектеулі екені айтылды. Алайда соңғы жылдары хакас тілін дамыту бағдарламасына сәйкес осы тілдегі бағдарламалар санының жиілігі артып келе жатқанын айтты [6]. Ал, Л.Д. Дряхлова Мордовия баспасөзіндегі қостілділікке талдау жасап, мокша мен эрза тілінің қазіргі жағдайына тоқталған. Жергілікті халықтың тілдік жағдайын ескеру үшін телехабарлардағы билингвизм жақсы әсер етеді дейді. Зерттеудің нәтижесінде Мордовиядағы мокша тіліне деген қажеттіліктің жоқтығын, соған сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар да бұл тілде өте аз шығатыны анықталды [7].

Т.В. Жеребило билингвизм жағдайындағы публицистикалық стиль жайында сөз қозғайды. Неонимациялар мен түрлі штамптарды мысалға ала отырып, шетелден енген on-line, PR, wi-fi, т.б. сөздердің кейде латын тілінде жазылатынын тілге тиек етті. Бұл жағдай кірме сөздердің тілге қаншалықты енгенінен хабар береді дейді. Бұл сөздер орыс тілінен оңайлықпен кете қойматынын айтып, оларды ауыстыратын жаңа атаулар шығады деген сенімін келтірді. Зерттеуші жекелеген сөздерге тоқталып, оны бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін мысалдармен дәйектеген. Біздің ойымызша,

зерттеуші Т.В. Жеребило қостілділіктің әсерінен өзгерген стильді талдағысы келген [8]. Осы орайда тілші-ғалым А. Алдаш соңғы уақытта функционалды стильдердің араласып келуі жиі кездесетіндігін айтады. Біздің ойымызша, бұл жағдайға қоғамда қалыптасқан қостілділіктің де әсері бар. Зерттеуші Н.Б. Азизова өз зерттеуінде билингвизмнің мемлекеттің консолидациясына оң әсері бар екенін айтады. Тарихи, әлеуметтік жағдайлар елдегі қостілділікті дамыта отырып, нығая түседі екен [9]. С.В. Андреева билингвизмнің лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, т.б. аспектілерін қарастыра отырып, құбылыстың қоғамға әсерін жан-жақты ашып көрсетті [1]. Жеке адамға қатысты алатын болсақ, бірнеше тілді білу – үлкен жетістік. Алайда жергілікті бұқараға тарайтын ақпараттың қос тілде немесе шұбарланған тілде таралуы – даулы мәселе.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болғанмен, мемлекеттік маңызы бар іс-шаралардың орыс тілінде жүргізіліп жатқаны қынжылтады. Билингвизмнің қазақ қоғамына орныққанына бірнеше ғасыр болды. С.Х. Абдигази «осы уақытқа дейін көптілді Қазақстанда З.К. Ахметжанова атап өткендей, бірінші тілдің екінші тілге әсер ету ерекшелігіне, тілдердің әртүрлі қызмет салаларын қамтуына және түрлі аймақтарда таралуына қарай билингвизм мен полилингвизмнің түрлері қалыптасты» дейді. Б.Х.Хасанов екі тілділіктің 126 түрін ажыратады. 125 ұлттық және орыс тілдері, жиырмаға жуық орыс-ұлттық және ұлттық-қазақ екі тілділік, ұлттық екі тілділіктің кемінде он түрі, сондай-ақ үш тілділік: қазақ, орыс және ұлттық тіл» деп жік-жікке бөліп берді [10].

Е.О. Опаринаның мақаласында билингвизмді тудырған жайттарды тізбектеп көрсеткен. Ең алдымен қазақ тілімен қатар орыс тілінің қолданысы бірдей, тіпті кейде мемлекеттік жиындарды орыс тілінде өткізетіні белгілі. 2007 жылы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев «Тілдердің үштұғырлығы» тұжырымдамасын жариялады, ол үш (басқа тәсілмен оларды төрт деп санауға болады) стратегиялық тұжырымдаманы ұсынды. Тілді дамытудағы мақсаттар: «мемлекеттік [қазақ] тілінің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын кеңейту және нығайту; орыс тілінің мәдени функцияларын сақтау; тілдерді дамыту этникалық топтар және іскерлік қарым-қатынасқа ағылшын тілін енгізу» [11].

Т.А. Поддубская ТМД елдерінің медиакеңістігіндегі орыс тілінің рөліне тоқталған. «2010 жылдың басында орыс халқының саны ел халқының 23,3% құрады [12]. Бұл ретте ел халқының 84,8%-ы орыс тілін меңгерген. Қазақстанда орыс тілі ресми мәртебеге ие, ол Қазақстан Республикасының Конституциясында және "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" 1997 жылғы Заңда расталған. 2004 жылы Заңның 8-бабына "жұмыс және іс жүргізу тілі" деген түзетулер енгізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ұйымдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік тіл қазақ тілімен қатар орыс тілін ресми түрде қолданады". Мақала авторы қазақ тілі мен орыс тілінің тығыз байланыстылығын көрсеткен. Мәселе екі тілдің туыстығында емес, керісінше саяси-әлеуметтік себеппен ұзақ жылдар бірге қолданыста екенін айтады. Орыс тілінің қазақ елінде қолданыста болуы заңмен бекітілгенін тілге тиек етті.

Қоғамдық пікірді қалыптастыруда басты үлес алатын ақпарат көздері – телеарналар мен интернет ресурстар. Ең көп қамтылған сала – интернет желісі болып отыр. 6-74 жас аралығындағы халықтың 78,2%-ы интернетті пайдаланады екен, басым бөлігі 14 жас

пен 45 жас аралығында. Жас ерекшелігіне қарай, пайдаланатын контент ерекшеленеді, алайда ақпараттың көбісі орыс тілінде алынады.

2021 жылы қазақстандық 166 телеарнадан сұранысқа ие ондықтың ішіне алтауы (КТК, Qazaqstan, НТК, Первый канал Евразия, Хабар, 31 канал) енді, оның үшеуі мемлекеттік арналар. Қазақстандық телеарналардың басым бөлігі жергілікті телеарналар, олар мемлекеттік гранттар есебінен қызметін жалғастыруда. Қазақстандық арналарға мемлекеттік қолдау көрсете отырып, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында жүргізген мемлекеттік бағдарлама оң әсерін тигізуде. Рейтинг бойынша алғашқы отыз арнаның ішіндегі қазақстандық арналар үлесі 2021 жылы 2,9%-ға көбейді. Дегенмен, басым көпшілігі орыс тілді арналарды таңдауда ресейлік арналарға жүгінуде. Демек, отанымыздың территориясында қоғамдық пікірді қалыптастыруда олардың әсері айтарлықтай болып отыр.

Бүгінгі күнде Қазақстанда тіркелген БАҚ саны 5 189, оның 3 676 баспа өнімдері (2180 газет және 1496 журнал), 191 – телеарна, 84 – радио, 959 – ақпараттық агенттіктер мен ғаламтор арналары. 35% өз қызметін екі тілде, 16% – тек орыс тілінде, 13% – тек қазақ тілінде, 22% – үш немесе одан көп тілде жүргізеді. Заңнамаға сәйкес контенттің кем дегенде жартысы мемлекеттік тілде болуы тиіс деген талап бар. Мұндай күшпен енгізудің жағымсыз әсері де жоқ емес. Қазақ тілді контентті толтыру үшін ақпарат орыс тілінен аударылады. Бірақ, аударма барысында қазақ тілінің грамматикалық және сөзорам ережелері ескерілмейді. Содан орыс тілінен тікелей аударылған калька туындайды. Осындай материалды теледидарда оқыған кезде акцентпен сөйлеп тілін бұрап, дұрыс айта алмау да кездесіп жатады, жасандылық пайда болады.

Р.О.Туксайтова Қазақстандағы қазақ-орыс билингвизмінің медиадағы жағдайын, үлесін, 50/50 ұстанымын тілге тиек етті. Орыс тілі ұлтаралық қана емес, бір ұлттың ішіндегі тілдік қарым-қатынаста қолданылатын тілге айналғанын айтты [13]. Қазақстанда екі тілде де кез келген ақпаратты алуға мүмкіндік мол. Телевизия, радио, интернет ресурстарында барлық материал қолжетімді. Ақпараттың бірнеше тілде таралуы сөйлеу тіліндегі кодтардың ауысуын туғызады. Ш.К.Жарқынбекованың зерттеуінде қазақ-орыс тіліндегі кодтардың ауысуы сөйлеушінің бір тілден екінші тілге бірден ауысып кете алуына қатысты ғылыми болжамдар келтірген. Зерттеушінің айтуынша, Қазақстанда қазақ-орыс билингвизмінде қазақ тілі доминатты болып тұр. Сөйлеушінің бір тілден екінші тілге ауысуына тіл байлығының жетіспеуінен немесе тыңдаушыны өз ығына шығару үшін басқа тілді қолданады дейді. Ш.К.Жарқынбекова әлеуметтік желідегі хабарламалар мен фильмдегі диалогтарды талдаған [14].

Қазақстанда билингвизмнің субординативті түрі басым. Адам бір тілді екіншісіне қарағанда жақсы біледі. Сөйлеу әрекетінде бұл бір тілден екінші тілге ауысу арқылы байқалады. Бұл дегеніміз екі тілдік жүйе араласып келеді. Адам екі тілде де дүниенің тілдік суретін құрай алады.

Нәтижелер

Мақаланың мақсаты – орыс, ағылшын тіліндегі элементтердің қазақ тіліндегі медиа мәтіндерде қолданылуын анықтау. М.И.Конюшкевич билингвизмдерді ғылыми тұрғыдан мына белгілер бойынша зерттеу маңызды деп санайды [15]:

- белгілі бір медиа мен журналистің медиа мәтіннің тілін таңдауын анықтайтын факторлар;

- шет тіліндегі элементті медиа дискурса енгізу тәсілдері;

- осындай қосындылардың әсері;

- шеттілдік элементтерді медиа дискурста қолданудағы тілдік, коммуникативтік және этикалық-сөйлеу нормаларынан ауытқулар;

Еліміздегі саясаттың ықпалы ма, әлде басқа да әлеуметтік-тарихи себептер ме біз әлі орыс тілін қолдануды түбегейлі өзгерте алмай отырмыз. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ана тіліміз – қазақ тілі бола тұра, үлкені де, кішісі де орыс тілінде сөйлесе, енді бірі екі сөздің бірінде бөгде сөзді қосып айтуды әдетке айналдырған. Сөйлеу тілінде қалыптасқан үрдіс болар десек, бұл індет қоғамның үні болған баспасөз беттерінде, ТВ бағдарламаларда, радиоларда, жалпы медиакеңістікте өте жиі кездеседі. «Елдің тілінің бұзылуына, ең алдымен, оқығандары себеп болды» деген ащы шындықты кезінде Х. Досмұхамедов айтқан еді.

Тіл білімінде «Бір тілдің өзінде баламасы бола тұрып, өмірге қажет болмаса да шет тілден орынсыз қолданылған сөздерді варваризм» дейді. Шет тілі дегенде біздің тілдік қолданысымызда орыс тіліндегі сөздер және ішінара орыс тілі арқылы енген ағылшын тіліндегі сөздер кездеседі. Сөйлеу тілінің әсерімен пайда болған варваризмдер күнделікті тілдік қатынаста нормаға айналып бара жатқаны өкінішті. «Қазақ тілі – жаралы тіл. Оған күн сайын жара салатын өзіміз. Атадан қалған рухани байлықты шұбар-шұбар, кедір-бұдыр, мәнсіз, сәнсіз, көріксіз, жұтаң, қаны-сөлі жоқ былжырақ, қойыртпақ бірдеңеге айналдырып келеміз. Сөйтіп жүріп, жалғыз байлығымыз – тілді құртамыз» деген еді академик Ө. Айтбайұлы.

Зерттеу барысында жинақталған деректерге шолу жасайық.

Токио олимпиадасындағы ең танымал тинейджерлердің бірі – ұлыбританиялық Скай Браун. <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34191>.

Ұйымдастырушылар хабарлағандай, «Жас өспірімдер күні» алғаш рет 2010 жылы өткізіліп, онда 5 мыңдай алматылық «тинейджерлер» граффити салып, шахмат ойнап, брейк, скейт-шоу көрсеткенді. 06.08.2011. abai.kz. Гугл, хром. <https://abai.kz/post/9868.2021> жылы 19 қыркүйекте aqzhelken.kazgazeta.kz сайтында «Токиодағы тинейджерлер» мақаласы жарық көрген. Мақаланың негізі ұлыбританиялық жасөспірім. Осы тұста лексикалық ауытқу анық көрінеді. Тинейджерлер ағылшын тілінен жақында ғана енген кірме сөз. Соңғы уақытта «жасөспірім» сөзінің орнына тинейджер ұғымын қолдануды жиі байқауға болады. Сөзімнің дәлелі <https://ken-zhyloi.kz/> сайтындағы 2022 жылғы, 20 қарашадағы «Әлеуметтік желілер және сайлау» атты мақалада да «кешегі тинейджерлер бүгінде жақсы табыс табады деп аталмыш ұғымды қолданады. Осы кірме сөзді қолдану жасөспірімдер үшін түсінікті болғанымен егде тартқан кісілер мен ересек оқырман үшін түсініксіз болары сөзсіз.

Тілімізге сіңіп бара жатқан бірліктің бірі – мода. Бұл сөздің аудармасы сән екенін біле тұра, 80-90 пайыз адам мода сөзін қолданады. Мысалы,

Той жасау **«модаға»** айналды ма? 22.08.2015. <http://www.mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/toi-jasau-modaga-ainaldy-ma-570/> мақаласында қазіргі той жасау дәстүрін сынға алады. Бір қарағанда тақырыпта нақтылық жоқ сияқты. Той жасау бұрыннан

бар дәстүр. Ал «мода» сөзін бұрын болмаған, енді шығып жатқан құбылыс кезінде қолданады. Сондықтан тақырыпты таңдауда да қателік кеткен сияқты. Осы таңқаларлық тақырыптың бірі «Бүкіл әлемде мынандай құбылыс бар: өзге тілде сөйлей білу – бұл мода!» https://mtdi.kz/e/til_sayasaty/id/229/q/1 деп шыққан екен. Иә, өзге тілде сөйлей білу сәнде болғанмен, дәл қазіргі жағдайда – қажеттілік деп қосар едім. Тағы да қазақ тілінде баламасы бар сөзді тақырыпқа апарып бекітеді. Оқырманның назарын аудару үшін қолданған маркетингтік тәсіл деп санауға болады. Өйткені «мода» ұғымы артынан көзсіз еріп отыратын қалың нөпірді көзге елестеді. Адамдары бейсаналы түрде топтық сана басқарып кететіні бар. Сәннен қалмау деген триггерді оятатыны үшін копирайтерлер мода сөзін жиі тақырып үшін қолданады.

Өзінің қазақ тіліндегі баламасымен жарысып қолданылатын тілдік бірліктің бірі – проблема сөзі. Қазақша мәселе, түйіні шешілмеген мәселе, түйткіл, т.б. деген синонимдік қатармен жұмсала береді. Мәселен, Ғаламдық **проблемалар**. Martebe.kz. https://martebe.kz/galamdik_problemlar/ Қазақстандағы экологиялық **проблемалар** мен оларды шешу жолдары. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/1860409-kazakstandagy-ekologialyk-problemlar-men-olardy-sesu-zoldary/> атты мақалаларда проблема сөзін мәселенің көлеміне қатысты алды ма деген ой келеді.

Барашканың етін жей-жей **барашка** боп кеткен қазақ аузына не салсақ та күйсей береді десе керек, сол жүгіртпе жолдар арқылы сумаңдап, сұңқылдап **фейктетіп**: С. Әбіш қызметтен кеткен жоқ... Қазір **законный** еңбек демалысында жүр, деп соқты. <https://zhasalash.kz/saraptama/nan-bajdyn-zamany-men-zaualy-20545.html>. Жас Алаш газетіне шыққан мына мақалада сөйлеу тіліне сай бірліктер бар екен. Мәтіндегі иронияны көрсету мақсатында бөгде сөздерді алған болар деп санаймыз. Барашканың етін жеп барашка боп кеткен қазақ деген тіркестен мысқылды сеземіз. Логикалық байланысы әлсіздеу мәтінде үш бірдей бөгде сөз жүр. Баран сөзін барашка, фейктетіп – кірме сөзге қазақ тіліндегі қосымшаны жалғаған, законный сөзін сын есім ретінде қолданған. Қарап отырсақ, алынған сөздердің қазақ тілінде баламасы бар.

Тимка ең ақыры, қалт-құлт еткен мүгедек аналардың мардымсыз ризығына сұғанақ «лапасын» салған соң, не дерсің. Ал мына бір мәтінде бірнеше ауытқуды байқадық. Біріншіден, сөйлемде бірнеше стиль араласып келген. Екіншіден, мардымсыз ризық тіркесінің логикалық байланысы дұрыс емес, ризық тек қана ақша түрінде келмейді. Мардымсыз жәрдемақы деп алу керек. Үшіншіден, сұғанақ «лапа» тіркесіндегі лапа сөзі орыс тілінде жануарға қатысты айтылады. Яғни лапа-қол деген мағынада жұмсалады. Сұғанақ қол деген тіркестің өзінде жағымсыз сема бар, оны «лапаға» ауыстырып тіркестің коннотациясын тіптен қалыңдатып жіберген. Автор бір стильдік мақсатты ұстанған десек те, қазақ тілінің мол сөздік қоры жеткілікті деп санаймыз.

Телехабраларды тыңдап, ондағы көріністерді көз алдыңыздан өткізіп отырғанда тіліміздің мол мүмкіндігін: байлығын, оралымдылығын, икемділігін пайдалануда талай олқылықтар бар. Ең алдымен, тілдің шұбарлануын айтпасқа болмайды. Шұбарлану дегенде, орыс сөздерінің көп ретте тіптен орынсыз араласып жүретінін ескертеміз. Егер орыс сөзінің қазақша баламасы болмай, аудармасын таба алмай, қиналатын сәттер болса, оның жөні бір бөлек. Мәселен, мына ток-шоуларда орыс сөзі араласқанымен қоймай, тұтас сөйлем, сұрақ орыс тілінде айтылып тұр. Еркін формат, барынша ашық сұхбат жүргізу үшін тілге қатысты талап та күшті емес болар деген ой қалыптасты.

Как всегда, проста так для интереса, көп та просто, зато шынайы, (Бір болайық, Шахкерім Кәрмен, <https://youtu.be/260bSbfsQLE>).

